

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІ ЖАНЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚСТАННЫҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР ИНСТИТУТЫ**

Қ У А Н Ы Ш А С Ы Л О В

**ҚАЗІРГІ ЗАМАНДАҒЫ
ҚАЗАҚСТАННЫҢ
САЯСИ ПАРТИЯЛАРЫ**

НҰР-СҰЛТАН, 2019

УДК 329 (574)
ББК 66.69 (5 Қаз)
А 91

Баспаға Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы
Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институтының
Ғылыми кеңесі ұсынған

Автор Қ.Ж. Асыллов

Жалпы редакциясын басқарған:

З.К. Шаукенова, ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі,
әлеуметтану ғылымдарының докторы, профессор

А.С. Жолдыбалина, PhD доктор

Пікір жазғандар:

С.Т. Сейдуманов, ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі,
әлеуметтану ғылымдарының докторы, профессор

Ю.О. Булуктаев, саясаттану ғылымдарының докторы

**А 91 Қ.Ж. Асыллов. Қазіргі замандағы Қазақстанның саяси партия-
лары / – Нұр-Сұлтан: Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы
ҚСЗИ, 2019. – 244 бет.**

ISBN 978-601-7540-58-6

Бұл ақпараттық-талдамалық басылым Қазақстандағы партия құрылымдары мәселелеріне арналған. Мұнда отандық партия құрылымдарының негізгі оқиғалары көрініс тауып, шетелдердегі партиялық қызметтердің заманауи тәжірибесі екшеліп ұсынылған, сонымен қатар, партиялар бағдарламаларын салыстырмалы талдаудың жалпылама нәтижелері берілген. Партиялардың саяси имиджді қалыптастырудағы белсенділігі мен интернет кеңістігіндегі электоратпен кері байланысын зерделеу қорытындылары жеке тарауға топтастырылған.

Басылым көпшілік қауымға арналған.

УДК 329 (574)
ББК 66.69 (5 Қаз)

ISBN 978-601-7540-58-6

© ҚР Президенті жанындағы ҚСЗИ, 2019
© Қ.Ж. Асыллов

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	5
----------------------	---

1 ТАРАУ.

ПАРТИЯЛАР САЯСИ ҮДЕРІСТІҢ СУБЪЕКТІСІ РЕТІНДЕ	7
1.1. Саяси партиялардың генезисі.....	7
1.2. Саяси партиялардың негізгі функциялары.....	11
1.3. Саяси партиялардың типологиясы мен классификациясы.....	14

2 ТАРАУ.

ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ПАРТИЯЛЫҚ АЛАҢЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ	21
2.1. Қазақстанның қазіргі замандағы партиялық жүйесінің қалыптасу кезеңдері.....	21
2.2. Қазақстанның іс үстіндегі саяси партияларының бағдарламаларын талдау.....	33

3 ТАРАУ.

ШЕТЕЛДЕРДЕГІ САЯСИ ПАРТИЯЛАР ҚЫЗМЕТІНІҢ ЗАМАНАУИ ТӘЖІРИБЕЛЕРІ	44
3.1. Жаңа мүшелер тарту және саяси партиялардың әлеуметтік негізін кеңейту.....	45
3.2. Саяси партиялардың өз жақтастарымен өзара әрекеттесуінің тәсілдері мен түрлері.....	49

3.3. Интернет технологиялар электоратпен байланыстың тиімді құралы ретінде.....	57
--	----

4 ТАРАУ.

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ САЯСИ ПАРТИЯЛАРДЫҢ ИНТЕРНЕТ ЖЕЛІСІНЕ ҚАТЫСУЫ	65
4.1. Қазақстандық саяси партиялардың интернет сайттарын салыстырмалы талдау.....	65
4.2. Қазақстандық саяси партиялардың әлеуметтік желілердегі белсенділігі.....	83

ТҰЖЫРЫМ.....	99
---------------------	-----------

ПАРЛАМЕНТТЕ ҰСЫНЫЛҒАН ҚАЗАҚСТАННЫҢ САЯСИ ПАРТИЯЛАРЫНЫҢ ДОКТРИНАСЫ МЕН БАҒДАРЛАМАЛАРЫ.....	100
--	------------

ДЕРЕККӨЗДЕР МЕН ӘДЕБИЕТТЕРДІҢ ТІЗІМІ.....	230
--	------------

КІРІСПЕ

Партияның қоғамдық-саяси белсенділігі мемлекеттің саяси жүйесінің құрылымына айтарлықтай әсер етеді. Кемел партиялық жүйені қалыптастыру саяси үдерістің орталық өзегі болып табылады.

Саяси партиялардың маңызды рөлі олардың азаматтық қоғам үдерістеріне қатысу ерекшеліктерімен анықталады. Саяси жүйенің пайда болуы мен өзгеруінің «өнімі» бола отырып, билік үшін күреске араласуы, қоғамдық мүдделерді біріктіруі мен артикуляциялауы арқылы бір мезгілде оның басты құрылымы ретінде қызмет етеді.

Партиялардың басым міндеттерінің бірі – саяси элитаны қалыптастыру. Партиялар кадрларды іріктеп алып, сүзгіден өткізіп қана қоймайды, оларды дайындайды, бойларына қоғамдық-саяси іс-әрекеттердің дағдыларын сіңіреді, бағалы саяси тәжірибе беріп, беделі артуына ықпал етеді.

Қазақстандық қоғамның қазіргі замандағы даму кезеңі мемлекеттік басқару жүйесінің қалыптасу үдерісі мен қызмет етуінің белсенді қатысушысы ретінде саяси партиялар рөлінің күшеюімен сипатталады. Кейінгі жылдары партиялық жүйені оңтайландыру және негізгі әлеуметтік топтардың мүдделерін айқын білдіретін ірі партияларды қалыптастыру үрдісі байқалады.

Қазақстанның саяси жүйесін одан әрі жетілдіру билік жүйесінде азаматтар мүддесінің заңды өкілдері ретінде саяси партиялардың пайда болуы мен даму сұрақтарына арналған кешенді зерттеулерді жүргізу қажеттілігінің өзектілігін арттыра түседі.

«Қазіргі замандағы Қазақстанның саяси партиялары» ақпараттық-талдамалық басылымының мақсаты – Қазақстанның саяси партиялар институтының қалыптасу тарихына қатысты негізгі мәліметтерді талдап қорыту.

Басылымның жекелеген тарауларында саяси партиялардың теориялық аспектілері, пайда болу кезеңдері мен Қазақстанның қазіргі таңдағы партиялық алаңының ерекшеліктері, партиялар қызметінің алдыңғы қатарлы машықтарының халықаралық тәжірибесі қарастырылады.

Қазақстанның саяси партияларының ақпараттық жұмысының тиімділігіне, бұқаралық медианың заманауи арналары арқылы тұрғындармен кері байланыс орнату тетіктеріне талдау жасалды.


1 ТАРАУ.

ПАРТИЯЛАР САЯСИ ҮДЕРІСТІҢ СУБЪЕКТІСІ РЕТІНДЕ

1.1. Саяси партиялардың генезисі

«Партия» термині латын тілінен алынған, қандай да бір тұтастықтың бөлігі, ірі қауымдастықтың бөлігі деген мағынаны білдіреді. Саяси партияларға қатысты болғанда сөз қоғамның қандай да бір тобының мүддесін меже тұтатын, барынша ұтымды ұйымдастырылған әрі белсенді бөлігі туралы өрбиді.

Қазіргі уақытта саяси партияларды зерттеушілер арасында партия деген не және оның функциялары қандай деген түсінік төңірегінде елдің бәрінің санасына сіңімді анықтама ұғымы айқындалмаған. Жалпы алғанда төменде көрсетілген бағыттар таралымға ие (1-сурет)¹.



1-сурет. «Саяси партия» ұғымын анықтау үлгілері

¹ С.М. Бармидзе (2009) Ресейдегі саяси партиялар ұғымдары мен белгілері - <https://cyberleninka.ru/article/v/ponyatiya-i-priznaki-politicheskikh-partiy-v-rossiyskoy-federatsii>

Қазіргі заманғы саяси партиялардың ең жалпы көріністегі, саяси ғылымдарда айтарлықтай кең тараған анықтамасы мынау болып табылады: «Саяси партия – бұл қоғам бөлігінің мүдделерін білдіретін және олардың артикуляциялануы мен жүзеге асырылуын өздерінің міндеті санайтын, мемлекет жүйесінде әрекет ететін ұйым. Партия осы мүдде негізінде саяси билікті жеңіп алу және жүзеге асыру үшін күрес жолына түседі».

Саяси партиялардың генезисі көне дәуірлерден бастау алады десек те, олардың саяси қозғалыстардың институционалдану деңгейінің жоғарылығымен ерекшеленетін айрықша шынайы тарихы XVIII ғасырдың соңы мен XIX ғасырдың бастапқы кезеңіне сәйкес келеді. Қазіргі замандағы бұқаралық партиялар Европада XIX ғасырдың екінші жартысында қалыптасты.

М. Вебер саяси партиялар тарихы кезеңдерінің төмендегідей классификациясын ұсынды:

- 1) аристократиялық котерийлер (үйірмелер);
- 2) саяси клубтар;
- 3) бұқаралық партиялар.

Алайда, барлық кезеңдерден өту міндетті емес. Көпшілігі бұқаралық партиялар ретінде бірден құрылды. Осыған орай, мәселен, А. Боднар котерий және клубтар кезеңдерін кемелденген кезінде бар болғаны бұқаралық ұйым ретінде көрініс беретін саяси партиялар тарихының бастауы деп есептеуді ұсынады. Дамудың барлық кезеңдерінің классикалық формаларынан ағылшынның либералдық (виги) және консервативтік (тори)² партиялары өтті.

² З.М. Зотова (2001) Ресейдің саяси партиялары: ұйымдастырылуы және қызметі (Москва, Ресейдің сайлау технологияларына оқыту орталығы): 3

Қазіргі заман үлгісіндегі саяси партиялардың құрылуы ХХ ғасырдың басына сәйкес келеді. М. Дюверженің пікірінше, партиялардың тарихы парламенттік бірлестіктер мен сайлау комитеттерінің пайда болуымен байланысты. Француз ғалымының айтуынша, саяси топтардың, ал жекелеген жағдайларда партиялардың шоғырлану арқылы бұрынғыдан да қуатты одақтар құру мүмкіндіктері бар. Түрлі топтардың бірігуі ішкі және сыртқы факторлардың әсерінен орын алады (2-сурет)³.

Бүгінгі күні партиялар түгелдей дерлік, әртүрлі басқару үлгісімен тірлік кешуде, бұлар әр қоғамға тән және жүйенің табиғи өнімі болып табылады. Әлеуметтік топтардың қалауын түрлі тәсілдер арқылы білдіреді. Әдеттегідей, олар атқарушы билікке қарсы тұру қызметін бақылау, ұлттық электорат құру, саяси бәсекелестік аясын біртіндеп кеңейте отырып, жалпыұлттық деңгейге дейін жеткізу үшін пайда болған.



2-сурет. Саяси топтардың бірігуінің негізгі факторлары

Саяси партияның қазіргі партологияларын Дж. Лапалом-

³ М. Дюверже (London: Methuen, 1964) Саяси партиялар. Фр. тілінен ауд. (Москва: Академиялық Жоба, 2000): 538

бара және М. Вейнер қалыптастырып, төрт негізгі белгілерін «Саяси партиялар және саяси даму»⁴ жұмысында көрсеткен:

- уақыт бойынша ұйымның үздіксіздігі, ұйымның беріктігі;
- ұлттық деңгейде басшылықпен тұрақты қарым-қатынас жасайтын жергілікті ұйымдардың тармақталған желісінің болуы;

- билікті жеңіп алуға және жүзеге асыруға ұмтылу;
- жақтастар мен ізбасарларға қамқорлық жасау, бүкілхалықтық қолдауға ұмтылу.

Осыған ұқсас белгілер Ж. Шварценбергте ерекшеленген:

- іс-әрекеттердің ұзақ мерзімділігі;
- ұйымның толық ауқымдылығы;
- билікті жүзеге асыруға ұмтылу;
- сайлаушылардың қолдауын іздеу.

Партияның аса маңызды жалпы қасиеттерінің бірі басқарудың ресми құрылымы мен азаматтық қоғамның түрлі элементтері: жеке азаматтар мен көптеген экономикалық, мәдени, діни және басқа да топтар арасындағы олардың байланыстырушы рөлі болып табылады.

Партиялар адамдардың көпшілігін қолдайтын мүдделер мен сенімдердің коалицияларын құрады. Олар ашық бәсекелестік күресте жұмыс істейді және жүйе жұмыс істейді. Бұл байланыс рөлі айтарлықтай өзгеруі мүмкін. Алайда, барлық жағдайларда партияның қоғам алдындағы жауапкершілігі және қоғамды бақылау бар.

Партиялар саяси жүйенің формалды және формалды емес бөліктерінің шекара шегінде қызмет атқарады. Олар

⁴ И. В. Котляров (2011) Саяси партиялардың әлеуметтануы (Минск: «Беларуская наука» басылымы): 14

қызығушылығы бойынша топтар сияқты басқа әлеуметтік құрылымдардан (немесе, М. Вебердің анықтауынша, кластар мен мәртебелі топтардан) тек қана ықпал жасау емес, сондай-ақ, билік құрылымының ішіндегі позицияны иеленуге құштарлығымен ерекшеленеді.

1.2. Саяси партиялардың негізгі функциялары

Саяси партиялардың ішкі табиғаты мен рөлін олар атқаратын функцияларға көзқарас тұрғысынан зерделеп, ашуға болады.

Әдетте функциялардың үш тобын бөліп көрсетеді:

1. Партиялардың әлеуметтік топпен, жалпы қоғаммен байланысын сипаттайтын функциялар:

– мүдделерді артикуляциялау (бағдарламалар әзірлеу, үгіт жұмыстары, жақтастарды тарту);

– саяси әлеуметтену және жұмылдыру (саяси құндылықтар мен ақпаратты қазіргі және болашақ электоратқа өткізу, қоғам мүшелерін, жастарды саяси өмірге тарту);

– әлеуметтік бірігу (саяси жүйеге қосу, өзара келіспейтін тараптардың мүдделерін тоғыстыру).

2. Партияның саяси жүйеге және оның жекелеген институттарына қатысты функциялары:

– мақсаттарды тұжырымдау;

– элитаны қалыптастыру және саяси рекруттау (кадрларды іріктеу және ұсыну).

3. Ішкі тәртіп функциялары, яғни, партиялардың өздерінің өзекті мәселелеріне, ұйымның және партияның ішкі тіршілігін жүргізу проблемаларына қатысты функциялар.

Мақсаттарды тұжырымдау, қызығушылықтарды артикуляциялау, әлеуметтену мен жұмылдыру, элитаны қалыптастыру және рекруттау⁵ маңызды болып табылады.

Қоғамның дифференциациялану үрдісі белең алуына орай, партиялар да, олардың функциялары да өзгеріске түсуде.

Бұқаралық партиялар – бұл ХІХ ғасырдың өнімі, әлеуметтік және мәдени қатынастарда біртектес, жекелеген ірі қоғамдық топтардың өзара антагонистикалық қарама-қайшылықтары байқалған құрылымы қарапайым қоғам. Партиялық идеологияның тартымдылығы бұған дейін, ол өзінің ағартушылық функциясының бір бөлігі мен бұқаралық ақпарат құралдарының пайдасына әлеуметтену функциясын жоғалтып алған кезде, яғни, ғасырдың орта шенінде-ақ төмендеген болатын.

Коммуникацияның кеңеюі, бұқаралық ақпарат құралдары таралымының ұлғаюы мен білім берудің өркендеуі арқасында тұрғындардың саяси құзыреттілігі де артып келеді. Саяси дүмбілездік саясатты дифференциалдық тұрғыда қабылдауға орын босата бастады. Бұдан былай саясатқа құштар жандарға партияның немен айналысып жатқанын білу үшін оның құрамына кірудің қажеттілігі жоқ. Сондықтан да, көптеген саясаткерлер мақсаттарды тұжырымдау ісі бүгінгі күні партияларда қанағаттанарлық деңгейде атқарылмайтынына сенімді.

Мақсаттарды тұжырымдау өзгерісі мүдделерді артикуляциялау функцияларына өзгерістер енгізбейінше мүмкін болмас еді. Партиялар әлеуметтік топтармен дәстүрлі байланы-

⁵ K. von Beyme (1993) Functions of Political Parties, in V. Bogdanor, ed., The Blackwell Encyclopedia of Political Science (Basil Blackwell Ltd.): 412

сы шектеулі болғандықтан, өз сайлаушыларына анағұрлым баса назар аударулары қажет екендігін түсінді. Бұл партиялардың кәсіби элитасын күшейтуге бастайды.

Жұмылдыру және әлеуметтену функциясы⁶. Партиялардың қай-қайсы да өз мүшелері мен жақтастарының саяси көңіл-күйіне, олардың партияның саяси бағытын мойындауына, партия саясатын іс жүзіне асыруға қолдау танытуына, тұрғындарды белгілі бір құндылықтар мен дәстүрлер рухында тәрбиелеуге ықпал етуге ықыласты. Алайда, сонымен қоса соңғы жылдары бүкіл әлемде саяси жұмылдыру саласындағы партиялардың ролі пәрменді түрде төмендеп келеді. Олардың орнын электоратты саяси жұмылдырудың тиімді дереккөзі ретінде бұқаралық ақпарат құралдары басуда. Мұны партиялық жүйенің легитимділігінің аса маңызды көрсеткіші – партиялардың алған дауыс саны айғақтайды.

Элитаны қалыптастыру мен рекруттау функциясы – партиялардың аса маңызды әрі тек өздеріне ғана тән айрықша құзыреттілігі. Тәуелсіз қозғалыстар партиялардың осынау артықшылығын еңсеруде қауқарсыздық танытты.

Саяси рекруттаудың астарында партияның өзі үшін де, оған қоса саяси жүйеге кіретін басқа ұйымдар үшін де кадрларды іріктеу мен ұсыну, оның ішінде биліктің өкілетті органдары мен мемлекеттің атқарушы аппаратына кандидаттар ұғымы жатыр. Дәл осы саяси партиялар заң шығарушы, атқарушы және сот органдарына саяси элитаны қалыптастыру үшін кадрларды ұсынудың басты көзі ретінде айтарлықтай маңызға ие.

⁶ Т. Топорина (2003) Партиялар және қазіргі замандағы партиялық жүйелер – Астана: (26-29)

Партиялық іс-әрекеттер мемлекеттің саяси элитасын қалыптастырудың негізі болып табылады. Кадрларды іріктеу және сүзгіден өткізумен қатар, қоғамдық-саяси іс-қимыл машықтарын сіңіру, танымал саяси тәжірибе беру жолымен және беделімен партиялар саяси әлеуметтену және ілгерілеу секілді ерекше функцияны орындайды. Егер партия мүшелерінің қалың бөлігін әлеуметтендіру функциясы бәсеңдесе, онда оның элитаға қатысты қарқын ала түскені.

Бүгінгі күні партиялар бұрынғыға қарағанда айтарлықтай көп функция атқарады. Бұрын бейсаяси деп есептелген саясаттың кең ауқымды салалары партиялардың күн тәртібіне енуде. Бұл олардың ресурстарының шамадан тыс күш жұмсау үрдісін, әсіресе ұйым тұрақтанып үлгермеген кезде арттыра түседі. Партия ендігі жерде өздігінен автоматты түрде жаңғыра алмайды. Саралану үстіндегі қоғамда адамдардың түрлі қызығушылықтары мен сұраныстарына сәйкес болу үшін тартымды ұсыныстардың алуан сипаттылығы қажет.

1.3. Саяси партиялардың типологиясы мен классификациясы

Саяси партияларды басқа қоғамдық институттардан даралап көрсететін нышандары ұқсас болғандықтан, партиялардың бірқатар факторларға байланысты өзара айырмашылықтары бар:

- идеологиясы;
- функциялары мен қызмет ету әдістері;
- әлеуметтік базасы;
- партияны құрудың ішкі құрылымдары және т.б.

Саяси партиялардың қандай типке қатыстылығын анықтау оның мақсаты мен мемлекеттің қоғамдық-саяси дамуына ықпал ету механизмдерін нақты тұрғыда анықтауға мүмкіндік береді.

Түпкі негізінде жатқан критерийлерге байланысты партиялардың көптеген классификациялары бар. Айталық, институционалдық ұстаным жақтастары (М. Дюверже) ұйымдастырушылық критерийлерін пайдалана отырып, төмендегі айырмашылықтарды атап өтеді:

1. Орталықтандырылған. Қуатты басқарушы орталығы бар, бірыңғай бағдарламаны түзіп, іс жүзіне асыратын, нысандандырылған тәртіппен әрекет ететін иерархиялық тұрғыда ұйымдастырылған партиялар.

2. Орталықтандырылмаған. Саяси жүйеде іс-қимылдар атқаратын, соның аясында партиялық жүйе екінші деңгейлі ролді иеленетін және саяси тірлікті тұтас ұйымға айналдыруға талпыныс жасамайтын партиялар.

3. Кадрлық. Өзінің қатарында электораттың 10%-нан төменгі көлемі бар, құрамы аз партиялар.

4. Бұқаралық. Өзінің қатарында осы партияға тұрақты түрде дауыс беретін электораттың 10%-дан жоғары құрамы бар партиялар (10%-дық критерий азаматтардың дауыс беру белсенділігінің салыстырмалы түрде жоғары еместігіне байланысты – 50%-дан төмен).

5. Мүше болу талаптары нақты және формалды түрдегі шарттылықтар негізінде белгіленген партиялар (жарғы, партияға қабылдаудың формалары және шарттары, парламенттік тәртіп тәсілдері, партия мүшелерін жазалаумен және басқалары).

6. Партияға қатыстылығы оның кандидаттарына дауыс беруі арқылы айқындалатын еркін мүше болу еріктілігі бар немесе одан да күрделілеу жолмен айқындалатын партиялар (өзінің партияға қатыстылығын сайлау алдында формалды түрде нақтылау, жылына бір мәрте партия билетін сатып алу және басқалары)⁷.

Осы ретте, М. Дюверже ұйымдастырылу құрылысы мен құрылымын негізге ала отырып, партияларды кадрлық және бұқаралық деп бөліп қарастырады (3-сурет).

Көп жағдайда саяси бағдары мен идеологиялық бағытына орай, партияларды солшыл, оңшыл және центристік деп қабылдау ұғымы қалыптасқан.

КАДРЛЫҚ	БҰҚАРАЛЫҚ
<ul style="list-style-type: none">• өз құрамына дәрежесі биік шағын ғана топ мүшелерін алады;• тиянақсыз мүшелік;• партия ұсынылған кандидатқа электоралдық қолдауды қалыптастыру мақсатында сайлау кезеңінде белсенді қолдау;• АҚШ-тың Республикалық партиясы, Демократиялық партиясы және и т.б.	<ul style="list-style-type: none">• ұстанған бағытты қолдайтын, мүшелігі тіркелген қолдаушылар қатарының қалыңдығы;• айқын идеологиямен тұрақты қызмет жасау;• партия аясында ұйымдастырылуы жоғары дәрежелі басқару аппараты мен аймақтық филиалдар құрылады;• Германияның Социал-демократиялық партиясы, Ұлыбританияның Лейбористік партиясы және басқалары

3-сурет. Партиялардың ұйымдастырылу құрылысы және құрылымы бойынша бөлінуі

Саяси партиялардың мұндай бөлінісі саяси алаңдағы партиялар сипатының әр алуандылығын толыққанды көрсетпей-

⁷ М. Дюверже (London: Methuen, 1964) Саяси партиялар. Фр. тілінен ауд. (Москва: Академиялық Жоба, 2000)

ді. Электоралдық сұраныстардың заманауи үрдісі саяси акторларды бірқатар қоғамдық мәселелер ұстанымы бойынша бағдарламалардың «гибридті» сипатта түзілуіне итермелейді, бұл партияларды қатаң «солшыл-центристік-оңшыл» спектрде «таза» классификациялау мүмкіндігін қиындата түседі (1-кесте).

№ 1 кесте

ПАРТИЯЛАРДЫҢ КЛАССИФИКАЦИЯСЫ

Классификация	СОЛШЫЛ	ЦЕНТРИСТІК	ОҢШЫЛ
	Коммунистер Социалистер	Социал- ұлтшылдар Социал-демократтар	Либералдар Консерваторлар
Қоғамдық құрылысы	Жалпыға бірдей теңдік, тең құқықтылық	Бірқатар әлеуметтік-экономикалық проблемалар бойынша жалпылама позицияны ұстанады, меншікке, билікке және бостандыққа ұстамдылық танытады	Иерархиялық тәртіпті сақтау, таптық (тектік-топтық) бөлініс
Меншікке қатысты ұстанымы	Өнеркәсіпке қоғамдық меншіктің орнығуы		Жекеменшікті қорғау
Билікке қатысты ұстанымы	Пікірлер мен идеялар плюрализмін дамыту		Мемлекетке маңызды роль беріледі
Адамның бостандығы мен құқықтары	Бостандық пен құқықтарды қорғау		Кәсіпкерліктің құқықтары мен еркіндігі бірінші кезекте
Мысалдар	«СИРИЗА» (Греция)		«Алға, Республика!» (Франция)

Жаһанданудың заманауи жағдайында классикалық «солшыл-оңшыл» тұрпаттамасының орнына З. Бауман⁸ қолданысқа енгізген ұғымдардың негізінде «Terra America» зерттеу тобы ұсынған партиялардың «глобалдар» мен «локалдар» болып бөлінуі белең ала бастады.

⁸ «Terra America» зерттеу тобы. «Батыстың жаңа партиялары: демократия дағдарысы немесе саяси және сайлау жүйелерінің даму келешегі» (ИСЭПИ Қорының тапсырысы бойынша): 92


Мысал ретінде миграция мәселелері бойынша «глобалдар» мен «локалдар» позицияларының айырмашылығы ұсынылады (4-сурет).



4-сурет. Көші-қон мәселелері бойынша «глобалдар» мен «локалдар» позицияларының айырмашылығы

Партиялардың әлеуметтік өзгерістер ағымына қатысты революциялық, реформистік, консервативті, реакциялық партиялар ерекшеленеді.

Сонымен қатар, саяси билікке қатысты орналасу реттілігіне байланысты басқарушы, оппозициялық және авангардтық партияларды даралайды (5-сурет).



5-сурет. Саяси билікке қатысты орналасу реттілігіне байланысты партиялардың типтері

Саяси партиялар қайраткерлер мен жақтастардың ұйымдасқан тобы ретінде, сондай-ақ, саяси жүйенің құрамдас бөлігі ретінде де қызмет етеді. Сондықтан, саяси партияларды саяси институт ретінде талдау партиялық құрылымдарды саяси жүйенің елеулі элементі ретінде талдауға алып келеді.

Партиялық жүйе – бұл ашық әрекет ететін саяси партиялар арасындағы бәсекелестікте немесе билік үшін күрес пен оны жүзеге асыру барысында көрініс беретін қатынастар жиынтығы⁹.

Партиялық жүйені классификациялауда оларда қамтылған партиялар санын ескеру кең таралған тәсіл болып табылады. Бірпартиялық, екіпартиялық және көппартиялық жүйелер арасындағы айырмашылық барынша жиі қолданылады¹⁰.

Партиялар мен партиялық жүйелер туралы өзінің еңбегінде Д. Сартори жүйенің жеті типін бөліп көрсетеді:

1) бірпартиялық, басқарушы партиядан басқа саяси партиялардың болуын қарастырмайды;

2) гегемон – партиялар, онда басқа партиялар өзге де қоғамдық-саяси ұйымдар сияқты оның жетекшілік ролін мойындайды;

3) басымдыққа ие партиялар, мұнда бір партия ұзақ уақыт бойы билікті дербес жүргізеді;

4) екіпартиялық, ұсақ партиялар бар болғанына қарамастан, билік үшін шынайы бәсекелестік жүйедегі ең ірі екі партияның арасында жүргізіледі;

⁹ Е. Вятр (1979) Саяси қатынастар социологиясы (Москва: «Прогресс» баспасы): 330

¹⁰ P. Mair (1993) Types of Party Systems, in V. Bogdanor, ed., The Blackwell Encyclopedia of Political Science (Basil Blackwell Ltd.): 420

5) орнықты көппартиялық, мұндағы басты нышан – екі-жақты оппозиция мен жүйеге қарсы партиялардың болмауы, қоғамдағы барлық саяси партиялардың үкіметте болуға бағытталуы, олардың арасындағы идеологиялық айырмашылық айтарлықтай емес;

6) мейлінше көппартиялық, бұлар жүйеге қарсы партиялардың, екіжақты оппозицияның (үкіметтің оң жағында және сол жағында) болуымен, идеологиялық айырмашылықтардың пәрменділігімен сипатталады;

7) дараланған, мұнда партиялар санын нақты есептеудің қажеттілігі жоқ, бұл жерде белгілі бір шекке жеткен соң партиялар санының 10, 20 немесе одан да көп болуы айтарлықтай маңызға ие емес¹¹.

Партиялар мен партиялық жүйелер саяси институттар ретінде саясаттану бағытындағы зерттеулердің басты нысандарының біріне жатады. Партиялардың құрылуының тарихи аспектілерін, олардың типологиясы мен классификациясы тәсілдерін зерделеу аталған институттардың мемлекеттің қоғамдық-саяси құрылымындағы ролі туралы жалпы түсінікті қалыптастырады.

Сонымен бірге, отандық партиялық жүйенің қалыптасуына әлемдік тәжірибенің әсер етуінің мәнін ұғыну қажеттілігі бар. Базалық негіздерге қарамастан, қоғамдық құрылыс пен әлеуметтік-экономикалық даму ерекшеліктері отандық партиялық жүйенің қалыптасуына маңызды түрде әсер етеді.

¹¹ G.Sartory (1976) Parties and Party Systems: a Framework for Analysis, vol. I, chs. 5-6. (New York and Cambridge: Cambridge University Press): 120

2 ТАРАУ.

ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ПАРТИЯЛЫҚ АЛАҢЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

2.1. Қазақстанның қазіргі замандағы партиялық жүйесінің қалыптасу кезеңдері

КСРО-ның бірпартиялық жүйесін «бөлшектеу» кезеңі одақтас республикалардағы көппартиялылықтың қалыптасуының белгілі бір бастауына айналды. Қоғамдық-саяси өмірдің жаңа салтының құрылуы қоғамның әлеуметтік құрылымының трансформациялануы мен саяси жүйенің жаңа мүмкіндіктеріне байланысты орын алды¹².

1990 жыл табалдырықтан аттар тұста Қазақстанда 100-ден аса тіркелген және тіркелмеген қоғамдық ұйымдар болды. Олардың көпшілігі кеңес, топтар, комитет, қауымдастық түріндегі клубтық бірлестіктер сипатын иеленген еді¹³. Ұйымдардың, біріккен түрлі әлеуметтік топтар өкілдерінің анағұрлым күрделі саяси құрылымға айналуы үшін белгілі бір қуаты мен мүмкіндіктері бар болатын. Алайда, соңынан бұл ұйымдардың бар болғаны бір бөлігі ғана сол кезде қалыптасқан саяси конъюнктураға сай трансформацияланды.

Шынтуайтында, альтернативті саяси партиялар әрекет ету құқығын 1991 жылғы 1 қаңтарда «Қоғамдық бірлестіктер ту-

¹² Е. Бабақұмаров, Ю. Булуктаев, К. Көшербаев. (1995) Бүгінгі Қазақстан: саяси партиялар әлемі (Алматы: ИРК): 64; С.Т.Сейдуманов (1997) Қазақстандағы көппартиялылық феномені. – Алматы: 271; С. Дьяченко, Л. Кармазина (1998) Көппартиялылық: проблемалары мен келешегі (Мысль, № 2): 38-39; К. Берентаев, Ю. Булуктаев (2002) Мемлекеттің қазіргі заман кезеңіндегі партиялық саясаты (Алматы: Қоғамдық проблемаларды талдау орталығы): 4-19

¹³ Ю. Булуктаев, С. Дьяченко, Л. Кармазина (1998) Қазақстанның саяси партиялары: Анықтама (Алматы: ИПК): 77.

ралы» КСРО Заңы күшіне енгеннен кейін алды¹⁴. Тиісті нормативтік-құқықтық базаның құрылғанына қарамастан, көппартиялық жүйенің қалыптасуына түбегейлі бетбұрыс КСРО мен оның мызғымас элементі СОКП тарағаннан кейін орын алды¹⁵.

Қазақстанның партиялық-саяси алаңы 1990 жылдардың алғашқы жартысында саяси партиялардың дүниеге келуімен сипатталды, алайда, олар орнықты саяси ұйымдар критерийлерінің бәріне дерлік сәйкес бола алмады¹⁶. Партиялық құрылыс үдерісі саяси идеологияның жиі ауысуы, әлеуметтік базаның жетіспеушілігі және партиялардың басым денінің саяси бағдарламаларының айқын болмауы жағдайында өтіп жатты.

Жалпы алғанда, Қазақстандағы саяси партиялар институтының дамуын шартты түрде төрт негізгі кезеңге бөлуге болады.

Бірінші кезең деп 1990 жылдан 1995 жылдың күзіне дейінгі аралықты есептеген жөн.

«Қазақ ССР-індегі қоғамдық бірлестіктер туралы» заңның қабылдануы (1991 жылдың маусымы), Қазақстан Коммунистік партиясының саяси аренадан кетуі (1991 жылдың тамыз-қыркүйегі), КСРО-ның таратылуы Қазақстанда көппартиялық құрылым үдерісін жеделдете түсті.

Социал-демократтар, социалистер, «Алаш» партиялары, «Қазақстанның Халықтық Конгресі» партиясы (ҚХКП),

¹⁴ КСРО Халық депутаттарының съезі мен КСРО Жоғарғы Кеңесінің ведомстілері (1990) (Москва, № 42): 839

¹⁵ Н. Назарбаев (1996) XXI ғасыр табалдырығында (Алматы: Өнер): 170

¹⁶ Ф. Телебаев, С. Коновалов (2001) Қазақстандағы партиялық құрылыс: бір партияның идеологиялық өктемдігінен көппартиялы жүйеге (Саясат, № 9): 68-74
А. Шоманов, Н. Мұстафаев (2002) Қазақстандағы партиялық құрылыс: тәжірибесі, жағдайы және келешегі (Analitic, № 4): 8-13; Е. Шауенов (2002) Саяси партиялар және Қазақстандағы саяси үдерістердің орнықтылығы (Analitic, № 4): 4-7

Республикалық партия жаңа үлгідегі саяси партиялардың алғашқылары болды. Саяси плюрализм мен көппартиялылық жағдайында партиялардың мемлекеттік билікке жіберілуі сайлаушылардың ерік-жігерін білдіретін еркін сайлау арқылы жүзеге асырылады.

Ақиқатында, Қазақстанның саяси партиялары, қоғамдық қозғалыстары мен бірлестіктері XII және XXIII шақырылымдағы Жоғарғы Кеңестің, сондай-ақ, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің 1990, 1994, 1995 жылдардағы сайлауларына қатысты, олардың біршамасы елдің жоғарғы өкілетті органында депутаттық фракцияларын құрды.

1995 жылғы үлгідегі депутаттар корпусында Қазақстанның халық бірлігі партиясы (ҚХБП), ҚХКП, Қазақстанның халықтық-демократиялық партиясы (ҚХДП), Қазақстанның өрлеу партиясы (ҚӨП), «Лад» қозғалысы және басқалары болды. Мәжілісте 27 орны (палата депутаттары жалпы санының 40%-ы) және Сенатта 18 орны (38%) бар ҚХБП қомақты үлесті иеленді.

Көппартиялылықты дамытудың екінші кезеңі 1995 жылдың күзі мен 1999 жылдың көктемін қоса алғандағы уақыт аралығын қамтыды.

1995 жылғы Парламент сайлауынан кейін партиялық құрылыс үдерісі біршама саябырлады. Бірқатар партиялар өз әрекеттерін түбегейлі тыйды (Қазақстанның социалистік партиясы, ҚХБП, Қазақстанның демократиялық партиясы (ҚДП)), басқалары өздерінің онсыз да жоғары емес белсенділігін айтарлықтай төмендетті (ҚӨП, Еңбек республикалық саяси партиясы (ЕРСП), ҚХКП). Қазақстанның коммунистік

партиясы (ҚКП), Қазақстанның жұмысшы қозғалысы, «Поколение» секілді солшыл спектрлі партиялар мен қозғалыстар күшейе түсті, керісінше, ҚХБП, ҚДП және ҚӨП сияқты центристік партиялар мен қозғалыстардың қуаты кемігені байқалды. Оңшылцентристік саяси күштерге деген сұранысты Либералдық қозғалыс пен кейінірек құрылған Азаматтық партия ішінара толықтырды.

Партиялық-саяси жүйе 1999 жылы трансформациялану сипатындағы өзгерістерді басынан өткерді. Бұл кезеңнің ерекшелігі дауыс беруде тепе-теңдік жүйесінің енгізілуі мен Мәжілістегі 77 орыннан 10 орынның бөлінуі болды. Саяси партиялар депутаттық мандат үшін күреске алғаш рет жанама түрде емес, тікелей қатысу мүмкіндігін алды.

1998 жылдың желтоқсанынан 1999 жылдың тамызына дейінгі кезеңде Қазақстанның азаматтық партиясы (ҚАП)¹⁷, Қазақстанның республикалық халықтық партиясы (ҚРХП), «Азамат» демократиялық партиясы («Азамат» ДП), Қазақстанның аграрлық партиясы (ҚАП), «Отан» республикалық саяси партиясы («Отан» партиясы), Қазақстан әйелдерінің демократиялық партиясы, Қазақстанның «Алаш» ұлттық партиясы («Алаш» ҚҰП) құрылды.

1999 жылы 10 қазанда өткен Мәжіліс сайлауы депутаттық мандат үшін партияаралық бәсекелестіктің тұңғыш тәжірибесі болды. Бірмандатты 67 сайлау округі бойынша 595 азамат депутаттыққа кандидат ретінде ұсынылды, оның ішінде қоғамдық ұйымдардан – 74, саяси партиялардан – 127, өзін-өзі

¹⁷ А. Перуашев (2002) Қазіргі замандағы саяси партияның институттануы – Алматы (150-184)

ұсыну тәртібімен – 394. Партиялық тізімдер бойынша 84 кандидат тіркелді. Сайлауға 9 партия қатысты: ҚХКП, ҚӨП, ЕРСП, «Отан» партиясы, ҚКП, «Азамат» ДП, Қазақстанның аграрлық партиясы, ҚАП, «Алаш» ҚҰП¹⁸.

Сайлау қорытындысымен партиялық тізімдер бойынша 10 депутаттық мандат төмендегідей реттілікпен бөлінді: «Отан» партиясы – 4 (30,89% дауыс), ҚКП – 2 (17,75%), ҚАП – 2 (12,63), ҚАП – 2 (11,23%). Қалған партиялар 7%-дық деңгейге қол жеткізе алмады.

Қазақстанның партиялық жүйесінің қалыптасуы мен дамуының **үшінші кезеңі** 2002 жылы «Саяси партиялар туралы» жаңа Заңның қабылдануымен және 2004 жылғы Парламент сайлауымен байланысты.

Заңнаманың жаңа шарттылықтары қатарында партияның құрылу тәртібіне қатысты құқықтық реттеу, олардың іс-әрекеттерін тоқтата тұру және доғару, сайлау үдерісіне қатысуы мен қаржыландырылуы сияқты партиялардың іс-қимылдарын регламенттеу талабы болды¹⁹.

Заңның жаңа нормаларына сәйкес, саяси партиялар Мәжіліс депутаттарының сайлауына қатарынан екі мәрте қатыспаған жағдайда сот шешімі бойынша таратылуы мүмкін еді (14-бап, 5 тармақ, 6 тармақша).

Мемлекеттік тіркелу кезінде өзінің қатарында саны 50 мыңнан кем емес мүшелерінің болуы қажеттілігі талабы (10-

¹⁸ Ю. Булуктаев (2012) Қазақстан Республикасындағы партиялық-саяси құрылыс (1991-2012жж.) 1 кітап. Көппартиялықтың қалыптасуы. 1990-шы жылдар. - Алматы: (55-89).

¹⁹ Ю. Булуктаев (2012) Қазақстан Республикасындағы партиялық-саяси құрылыс (1991-2012жж.) 2 кітап. 21 ғасырдың басындағы саяси жүйенің трансформациясы - Алматы: (9-26).

бап, 6 тармақ) қолданысқа енгізілгенде партиялардың барлығы бірдей қайыра тіркеуден табысты өте алмады. Қайыра тіркеуден өте алмағандар (немесе одан бас тартқандар) санатында оппозициялық ҚРХП, «Азамат» ДП, «Алаш» ҚҰП, сондай-ақ, «Өрлеу», «Ел Дана» (Әйелдер партиясы ретінде белгілі), «Отандастар» және басқалары.

2003 жылғы қыркүйектегі жағдай бойынша 7 партия тіркеуден өтті: Қазақстанның аграрлық партиясы, ҚАП, Қазақстанның «Ақ жол» демократиялық партиясы («Ақ жол» ҚДП), ҚКП, «Ауыл» ҚСДП, Қазақстанның патриоттар партиясы (ҚПП), «Отан» партиясы.

2004 жылғы Парламент сайлауы қарсаңында елдің партиялық-саяси алаңы бес жаңа қатысушымен толықты. 2003 жылы екі партия – «Руханият» (қазан) және «Асар» республикалық партиясы («Асар» партиясы) тіркеу рәсімінен өтті. Сайлауға үш ай қалғанда Қазақстанның демократиялық таңдауы партиясы (ҚДТ), Қазақстанның коммунистік халықтық партиясы (ҚКХП) және Қазақстанның демократиялық партиясы (ҚДП) тіркеуден өтті.

Нәтижесінде Қазақстанның партиялық жүйесінің жаңа тұрпатын құрайтын 12 саяси партия депутаттық мандат үшін өзара бәсекеге түсті.

Аралас дауыс беру жүйесінде ұйымдастырылған Мәжіліс сайлауы 2004 жылғы 19 қыркүйекте және 3 қазанда (бірмандатты 67 округтің 22-сінде қайта сайлаулар) өтті. Партиялық тізімдер бойынша бұрынғыша 10 орын бөлінді.

Партиялар құқықтық негізін 2004 жылы қабылданған «Сайлау туралы» Заңдағы өзгерістер қамтамасыз еткен (87 бап,

2-2 тармақ) саяси одақтар құру стратегиясын алғаш рет жүзеге асырды. Партиялық негізде сайлауалды блоктарын құру төрт партияға екі блокқа бірігу мүмкіндігін берді – Қазақстанның аграрлық партиясы мен ҚАП «АИСТ» (Еңбекшілердің аграрлық-индустриялық одағы) блогын құрса, ҚПК мен ҚДТ «Коммунистер мен ҚДТ-ның оппозициялық халықтық одағы» блогына бірікті.

Сайлау нәтижесі бойынша Мәжілістегі орындар төмендегідей болып бөлінді: «Отан» партиясы – 7 орын, «Асар» партиясы, «Ақ жол» ҚДТ және «АИСТ» блогы – әрқайсысы бір мандаттан.

Жалпы алғанда 2004 жылғы Мәжіліс сайлауы негізгі партиялық субъектілердің Қазақстанның саяси алаңында жайғасу реттілігіне айтарлықтай түзетулер енгізді. Соның нәтижесінде ел партиялық-саяси құрылыстың кезекті кезеңіне өтті.

Қазақстанның партиялық жүйесінің **төртінші – қазіргі замандағы даму кезеңі** 2007 жылғы 21 мамырдағы оқиғадан, «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Конституциялық заңының қабылдануынан бастау алады. Конституцияға енгізілген түзетулер елдегі саяси партиялардың мәртебесін айтарлықтай өзгертті және ролін күшейте түсті²⁰.

Біріншіден, Мәжіліс депутаттарының сайлауын тек қана тепе-тең жағдайдағы сайлау жүйесіне ауыстыру жүзеге асырылды. Осы мақсатта Мәжілістегі депутаттар саны 77-ден 107-ге дейін ұлғайтылды, олардың 98-і партиялық тізімдер бойынша сайланса, 9-ы Қазақстан халқы Ассамблеясынан сайланады. Конституциядан сонымен қатар, Президент өз өкілеттілігін

²⁰ Е. Сейілханов (2009) Қазақстан Республикасының саяси жүйесі: даму тәжірибесі мен келешегі. – Алматы: (182-194)

жүргізген кезеңде саяси партиядағы қызметін тоқтата тұрады деген норма алынып тасталды.

Екіншіден, саяси партиялардың үкіметті құрудағы ролі мен оның одан кейінгі іс-әрекеттеріне парламенттегі басымдылығы ретіндегі жауапкершілігі арттырылды. Жаңадан енгізілген өзгерістерге сәйкес, елдің Премьер-Министрі бұдан былай парламенттегі басым партияның өкілі болуы тиіс.

Үшіншіден, өкілеттіліктерінің кеңейтілуімен қатар, Парламент депутаттарының жауапкершілігі де күшейе түсті. Дауыс беру кезінде бірыңғай партиялық ұстанымды сақтау, құрамнан шыққанда, партия қатарынан шығарып жібергенде мандаттан айыру немесе оның таратылуы кезіндегі нормалар партиялық фракциялардың ролін арттырудың құқықтық негізін қалады, бұл жайттар, тиісінше, саяси мақсаттарды жүзеге асырудың басты құралдарына айналды.

Конституцияға түзетулердің қабылдануы партиялық құрылымдарды қалыптастыруға тың серпін берді. Дауыс берудің тепе-теңдік жүйесінің енгізілуіне байланысты жаңа «ойын ережелері» пайда болды. Партиялар мемлекеттік саясатқа ықпал етудің шынайы механизмін алды, соған орай, саяси жанамалау институтына айналу мүмкіндігін иеленді.

Осы кезеңде Қазақстанның партиялық-саяси алаңында түрлі түбегейлі өзгерістер белсенді түрде орын алып жатты.

– 2006 жылғы 17 наурызда әділет органдарында Қазақстанның «Нағыз Ақ жол» демократиялық партиясы («Нағыз Ақ жол» ҚДП) тіркелді;

– 2006 жылғы 14 сәуірде ҚДП IV съезі партияның атауын «Әділет» демократиялық партиясы («Әділет» ДП) деп өзгертті;

– 2006 жылғы 4 шілдеде «Отан» партиясының ІХ съезінде «Асар» партиясымен біріккені жария етілді;

– 2006 жылғы 22 желтоқсанда «Отан» партиясының кезектен тыс Х съезінде «Отан» партиясымен Қазақстанның аграрлық партиясы және ҚАП бірікті. Жаңа партия «Нұр Отан» партиясы деп аталатын болды;

– 2007 жылғы 25 қаңтарда Жалпыұлттық социал-демократиялық партиясы (ЖСДП) мемлекеттік тіркеу құжатын алды;

– 2007 жылғы 23 мамырда ЖСДП мен «Нағыз Ақ жол» ҚДП Мәжіліс депутаттарының сайлауына қатысу мақсатында «Әділетті Қазақстан үшін» сайлау блогын құру туралы шешім қабылдады. Алайда, сайлау блоктарын құруға тыйым салу талабы бар сайлау туралы жаңа заң қабылданғаннан кейін «Нағыз Ақ жол» ҚДП ЖСДП-мен мемлекеттік тіркелулерін сақтай отырып бірікті;

– 2007 жылғы 8 шілдеде «Ақ жол» ҚДП кезекті VII съезі өтіп, қорытындысы бойынша «Әділет» ДП оның құрамына кірді.

Осылайша, 2006 – 2007 жылдар кезеңінде партиялық-саяси кеңістіктің құрылымдық конфигурациясы бірқатар партиялардың бірігу үдерісіне байланысты айтарлықтай өзгерістерге ұшырады.

2007 жылғы 18 тамызда өткен Мәжіліс сайлауы қарсаңында, «Нағыз Ақ жол» ҚДП-ның ЖСДП-мен және «Әділет» ДП мен «Ақ жол» ҚДП-ның уақытша бірігуі іске асырылды. ҚКП парламенттік сайлауға бойкот жариялау туралы шешім қа-

былдады²¹. Нәтижесінде тепе-теңдік жүйесінде дауыс беру тәртібіндегі сайлауға қазақстандық 10 партияның 7-і қатысты: «Нұр Отан» ХДП, ЖСДП, «Ақ жол» ҚДП, ҚХКП, «Ауыл» ҚСДП, ҚПП және «Руханият» партиясы.

Сайлау «Нұр Отан» ХДП жеңісімен аяқталды – 88,41%. Қалған алты партия 7%-дық шектеу деңгейіне қол жеткізе алмады, тиісінше, елдің жоғарғы өкілетті органының құрамына кірмеді.

Содан кейін 2007 жылғы қазанда «Нағыз Ақ жол» ҚДП бірлесе әрекет ету негіздерін сақтай отырып, ЖСДП құрамынан шықты. 2008 жылдың ақпан айында партияның атауы Қазақстанның «Азат» демократиялық партиясы («Азат» ҚДП) болып өзгерді.

2007 жылғы сайлаудан кейінгі партиялық жүйенің даму кезеңінде «Саяси партиялар туралы» және «Сайлау туралы» Заңдарға 2009 жылғы ақпанда енгізілген заңнамалық өзгерістер елеулі маңызға ие болды.

«Сайлау туралы» Заңға мынандай норма енгізілді: егер дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың жеті пайызының дауысын бір ғана саяси партия алса, онда депутаттық мандаттарды бөлуге осы саяси партияның партиялық тізімі, сондай-ақ, дауыс беруге қатысқан сайлаушылар дауысын одан кейінгі көп алған партияның партиялық тізімі жіберіледі. Жаңа құқықтық механизм Парламентті саны екеуден кем емес партиялардың қатысуымен құру мүмкіндігін берді.

²¹ «Интерфакс-Казахстан» АА (05.07.07 жыл) Қазақстанның компартиясы Мәжіліс сайлауына қатыспайды, бірақ мәслихаттар сайлауына қатысады – съезд шешімі (Алматы)

Партиялық жүйенің қызмет етуінің саяси-құқықтық негіздерін оңтайландыру Қазақстандағы көппартиялылықты дамыту мен саяси үдерістерді одан әрі жетілдіруге айтарлықтай елеулі түрде дәнекерлік етті.

Мәжіліс депутаттарының кезектен тыс сайлауы 2012 жылғы 15 қаңтарда өтті. Оппозициялық партиялардан құралған бірқатар саяси блоктарға белсене қатысқаннан кейін «Азат» ҚДП дербес саяси іс-қимыл жүргізуді доғарып, ЖСДП-ға қосылды. Әрекет етуі сот шешіміне сәйкес тоқтатылуы себепті, ҚКП сайлау үдерісіне қатыса алмады. 2011 жылғы 28 желтоқсанда «Руханият» партиясының партиялық тізімі алынып тасталғаннан кейін дауыс беру тізімінде 7 қатысушы қалды: «Нұр Отан» ХДП, «Ақ жол» ҚДП, ЖСДП, ҚХКП, «Ауыл» ҚСДП, «Әділет» ДП, ҚПП.

Сайлау қорытындысымен «Нұр Отан» ХДП 80,99% дауыс алды. Партиядан Парламенттің төменгі палатасына партиялық тізім бойынша 83 депутат сайланды. «Ақ жол» ҚДП 7,47% дауыс алды – 8 депутаттық мандат. ҚХКП 7,19% дауыс алды – 7 депутаттық мандат. ЖСДП, «Ауыл» ҚСДП, ҚПП, «Әділет» ДП 7%-дық деңгейге жете алмады.

Жалпы алғанда, Қазақстанда құрылып жатқан доминанттық (біржарымпартиялық) жүйенің пішіндері нақты бейнеге ие болды. Біріншіден, доминанттық партиясы бар жүйе саяси бағыттың тұрақтылығын ұзақ уақытқа қамтамасыз етеді. Екіншіден, ол тұрғындарды жұмылдыра отырып, реформалар жүргізуге мүмкіндік береді. Үшіншіден, басымдыққа ие саяси ойыншы (актор) элитаны (басқарушы, экономикалық, интеллектуалдық) біріктіреді. Төртіншіден, үстемдігі айқын партия

кәсіби шеберлігі жоғары саяси қайраткерлер мен мемлекеттік басқарушылардың кадрлық резерві ролін иеленеді.

Мейлінше табысты елдердің дамуының халықаралық тәжірибесін талдау үстемдігі айқын партиясы бар бір жарым-партиялық жүйеде ауқымды жаңғырту жобаларын қысқа мерзімде жүзеге асыру қажеттілігі жағдайында барынша оңтайлы формат болып табылатынын нақты көрсетеді. Көптеген Шығыс Азия елдерінің тарихи ілгері басулары мен экономикалық жетістіктері бір доминантты партия басқарған, яғни, «тұрақтылық кезеңіне» сәйкес келген. Мәселен, соғыстан кейінгі Жапонияда 1950 жылдан 1990 жылдарға дейін үстемдік құрған либералдық-демократиялық партия болды. Малайзияның экономикалық табыстары көп жағдайда 1950 жылдан бастап Ұлттық майдан партиясының үстемдік құруымен тікелей байланысты, ал Сингапурде «Халықтық Әрекеттер» партиясы 1950 жылдан доминантты партия ретінде танылған. Бертіндегі мысалдарға қатысты сөз қозғасақ, Түркияны бөліп қарастыруға болады, оның экономикасы «Әділеттілік және даму» партиясы доминантты қалыпқа енген 2002 жылдан қарқынды дами бастаған. Тағы бір мысал Европадағы бір жарымпартиялық жүйе – билікті 70 жылдан аса уақыт бойы уысында ұстап келе жатқан Швецияның социал-демократиялық жұмысшы партиясы.

2012 жылғы сайлаудың қорытындысы тек қана Парламенттің төменгі палатасында саяси күштердің жаңадан орналасу реттілігін ғана емес («Нұр Отан» ХДП-нан тысқары, парламенттік партия мәртебесіне «Ақ жол» ҚДП мен ҚХКП ие болды), сонымен қатар, партиялық-саяси спектрді құрылымдаудың,

партияның өзінде ішкі реформаларды жүргізу мен кадрларды ауыстырудың жаңа тәртібін алдын ала айқындап берді.

«Руханият» партиясы, «Әділет» ДП, ҚКП, ҚПП өздерінің іс-қимылдарын тоқтатты. 2013 жылғы 17 шілдеде «Руханият» партиясы» ҚБ «Бірлік» саяси партиясы» ҚБ («Бірлік» партиясы) ретінде қайта тіркеуден өтті. 2015 жылы 5 қыркүйекте Нұр-Сұлтанда өткен ҚПП мен «Ауыл» ҚСДП кезектен тыс съездерінің қорытындысымен «Ауыл» халықтық-демократиялық патриоттық партиясы» қоғамдық бірлестігі («Ауыл» ХДПП) құрылды.

2016 жылы 20 наурызда өткен Мәжіліс депутаттарының сайлауына әділет органдарында ресми тіркелген 7 саяси партияның 6-ы қатысты. Аталған сайлауға қатысудан «Азат» ҚДП бас тартты, ол шынтуайтында, өзінің іс-қимылдарын 2013 жылы тоқтатқан болатын.

Сайлау қорытындысы бойынша Парламентке 7%-дық деңгейді еңсерген үш партия – «Нұр Отан» ХДП (82,15 %, 84 мандат), «Ақ жол» ҚДП (7,18%, 7 мандат) және ҚХКП (7,14 %, 7 мандат) өтті. «Ауыл» ХДПП 2% дауыс алды, ЖСДП – 1,18%, «Бірлік» партиясы – 0,29%.

Әділет министрлігінің мәліметіне сәйкес, қазіргі таңда Қазақстанда 7 саяси партия тіркелген: «Нұр Отан» партиясы (1999), «Ақ жол» ҚДП (2002), ҚХКП (2004), «Азат» ҚДП (2006), ЖСДП (2007), «Бірлік» партиясы (2013), «Ауыл» ХДПП (2015).

2.2. Қазақстанның іс үстіндегі саяси партияларының бағдарламаларын талдау

Қазақстандық партиялық жүйенің дамуындағы маңызды

мәре парламенттік сайлауларды өткізу кезінде тепе-тең сайлау жүйесінің қолданысқа енгізілуі болды. Екпінді мажоритарлық жүйеде үстемдікке ие болатын жекелеген персоналардан саяси саланың басты институттары ретінде партияларға көшіру партиялардың сайлауалды тұғырнамаларының мазмұнына сарапшылар қоғамдастығының да, сондай-ақ елдің қарапайым азаматтарының да аса қызығушылық танытатынын айқындап берді²².

Қазақстандық қоғамды дамытудың негізгі мәселелері бойынша іс үстіндегі саяси партиялардың әрекет ету ерекшеліктерін айқындау, басымдықтары мен ұстанымдарын анықтау мақсатында 2016 жылғы парламенттік сайлауды өткізу барысында жарияланған партиялық бағдарламалардың мәтіндеріне талдау жүргізілді.

Партияның мақсаттары партиялық бағдарламалардың айқындаушы бөлігі болып табылады. Мақсаттар әдетте болашаққа бағытталады және көбінесе абстракттілі сипатта түзіледі (2-кесте).

²² С. Коновалов (2007) Партиялардың сайлауалды платформалары: дискурстық талдау әдістемесін қолдану тәжірибесі («Analytic» журналы № 4)

САЯСИ ПАРТИЯЛАРДЫҢ МАҚСАТТАРЫ

ПАРТИЯ	МАҚСАТТАР
«Ақ жол» ҚДП	Қазақстандықтардың өмір сүру сапасы мен деңгейін арттыру, қазақстандық қоғам мен мемлекеттің экономикалық, әлеуметтік және саяси прогресіне қол жеткізу
ҚХКП	Шынайы халық билігі қоғамына, әлеуметтік әділеттілікке, кең сипатты руханиятқа, бостандық пен өркендеген экономикаға бағыт алу
«Ауыл» ХДПП	Барлық қазақстандықтардың өмір сапасын жоғары деңгейге жеткізетін тәуелсіз, қуатты және өркендеген Қазақстанды құру
ЖСДП	Қазақстанды заманауи, демократиялық даму жолына шығару
«Азат» ҚДП	Демократиялық, зайырлы, құқықтық, әлеуметтік мемлекет пен ашық қоғам құру, тәуелсіз, өркендеген, демократиялық, еркін Қазақстанды құру жолындағы күресте азаматтардың күш-жігерлерін шоғырландыру
«Нұр Отан» партиясы	Эволюциялық дамуды қамтамасыз ету мен демократиялық, өркендеген, бәсекеге қабілетті және әлеуметтік бағыт ұстанған мемлекет құру
«Бірлік» партиясы	Қазақстанды әлеуметтік бағыттағы нарықтық экономика, саяси жүйенің демократиялық құрылысы, қоғамдық адамгершілік принциптері негізінде қазақтар мен біздің елдегі басқа да халықтардың салт-дәстүрлеріне пейіл бұратын, табысты, әділ, рухани бай және өмір сүруге ыңғайлы мемлекетке айналдыру

Партиялардың бағдарламаларында белгіленген мақсаттары ұқсас, тек тұжырымдауында ғана айырмашылыққа ие. Партиялар мемлекет дамуының барлық бағыттары бойынша мәселелерді кеңінен қамтуға тырысады: әлеуметтік, саяси, экономикалық және рухани.

Саяси партиялардың іс-қимылдарының басымдықтары өздеріне қатысты және мүдделерін қорғайтын әлеуметтік базаны айқындап тұрады. Партиялық бағдарламаларда же-

келеген әлеуметтік топтардың мүдделеріне екпін берілген, десек те, сонымен қатар партиялардың бәрі дерлік саяси бел- ортадағы біркелкі топтарды назарға ала отырып, «жалпыха- лықтық» болуға ұмтылады (батыс терминологиясында «жал- пықамтушылық») (3-кесте).

№ 3 кесте

САЯСИ ПАРТИЯЛАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК БАЗАСЫ

ПАРТИЯ	ӘЛЕУМЕТТІК БАЗА
«Ақ жол» ҚДП	Орта таптың партиясы
ҚХКП	Жалдамалы еңбекшілер
«Ауыл» ХДПП	Мемлекетшілдер мен патриоттар партиясы
ЖСДП	Отандастар партиясы
«Азат» ҚДП	Орта таптың партиясы
«Бірлік» партиясы	Дербес адамдар партиясы
«Нұр Отан» партиясы	Халықтық партия

Саяси партиялар бағдарламаларының басқа бір ерек- шелігі өздері шешімін табуды бағдарға алған қоғамның өзекті проблемаларын белгілеу болып табылады. Төменде бірқатар партиялар тарапынан ұсынылған, елдің одан әрі ілгері басуы мен әлеуметтік қуаттылығына қол жеткізу үшін араласуды қа- жетсінетін, мемлекеттік саясаттың қандай да бір салаларын реформалаудың негізгі бағыттары мен жолдары туралы түсінік ұғымдары берілген (4-кесте).

ПАРТИЯЛАР БЕЛГІЛЕГЕН СЫН-ТЕГЕУРІНДЕР МЕН ПРОБЛЕМАЛАР

«АҚ ЖОЛ» ҚДП	ЖСДП	ҚХКП
<ul style="list-style-type: none"> - қоғамның жіктелуінің жоғары деңгейі; - экономикада квазимемлекеттік сектордің өсуі; - аймақтардың әлеуметтік-экономикалық даму деңгейіндегі алшақтықтың тереңдеуі; 	<ul style="list-style-type: none"> - қоғамның мүліктік жіктелуі; - авторитарлық, феодалдық-патронаждық билік; - экономиканың шикізаттық бағыты - басқарушы элитаның кәсібилігінің төменгі деңгейі; 	<ul style="list-style-type: none"> - әлеуметтік саланың қирауы; - экономиканың шикізаттық бағыты; - ауыл шаруашылығының құлдырауы; - әлеуметтік шиеленістің күшеюі;
<ul style="list-style-type: none"> - тұрғындардың әлеуметтік көңіл күйінің әлсін-әлсін нашарлауы; - сыбайлас жемқорлық, мемлекеттік құрылымдар іс-қимылының айқын еместігі; - азаматтық қоғамның енжарлығы және басқалары. 	<ul style="list-style-type: none"> - асығыс жасалған интеграциялық бастамалар және басқалары. 	<ul style="list-style-type: none"> - қоғамның жіктелуі; - капитализмді қылмыстандыру; - белсенді оппозицияның болмауы; - тиімділігі болмашы сыртқы саясат және басқалары.

Аталған партиялар Қазақстанның қазіргі замандағы дамуының проблемалары ретінде мыналарды көрсетеді: қоғамның мүліктік жіктелуі, әлеуметтік көңіл күйдің нашарлауы, мемлекеттік құрылымдар қызметін бақылаудың жетімсіздігі.

Партиялық бағдарламалар негізінен қоғамның тыныс-тіршілігінің түрлі салаларына сай тараулар бойынша құрылымдалады: саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдени. Партиялық

бағдарламалардың аталған тарауларының мазмұнымен танысу сайлаушыға партияның саяси ұстанымдары мен басымдықтарын анықтау мүмкіндігін береді.

Бірқатар партиялар бағдарламаларының «саяси сала» тарауында белгіленген ұсыныстардың көпшілігі мемлекеттік басқару жүйесін реформалаумен байланысты (5-кесте).

№ 5 кесте

САЯСИ ПАРТИЯЛАРДЫҢ ПАРЛАМЕНТТІҢ РОЛІН КҮШЕЙТУ ЖӨНІНДЕГІ ҰСЫНЫСТАРЫ

«АҚ ЖОЛ»	ҚХКП	ЖСДП	«БІРЛІК»
Саяси партиялар үшін сайланудың 5%-дық шекті деңгейі	Мемлекеттің парламенттік типі	Парламенттік-президенттік республика	Атқарушы және заң шығарушы биліктің арасындағы өкілеттіліктерді соңғысының пайдасына қайыра бөлу
Депутаттық фракцияларды қорғау туралы Заң	Барлық сайланбалы тұлғаларды кері шақырып алу механизмін құру	Бірпалаталы Парламент: 50%-ы мажоритарлық жүйе бойынша, 50%-ы тепе-теңдік жүйесі бойынша сайланады	Парламентке бақылау функциялары өкілеттілігін беру, жергілікті өкілетті органдардың ролін күшейту
Парламенттік партиялардың шынайы теңдігі	Парламенттің бақылау функцияларын күшейту	Саяси партиялар үшін сайланудың 5%-дық шекті деңгейі	
Парламенттің Үкіметті құрудағы негізгі ролі			

Саяси партиялар көбінесе биліктің заң шығарушы тар-

мағының ролін күшейту, мемлекетті басқарудың парламенттік-президенттік жүйесін орнату және сайланудың шекті деңгейін 5%-ға дейін шегеру талабын ұстанады.

Қолданыстағы саяси құрылымды басқарудың парламенттік-президенттік түріне өзгерту жөніндегі ұсыныстар атқарушы биліктің таразы басын басып тұратындығынан, сондай-ақ партиялардың ықпал ету құзыретін ұлғайтуға ықыласты болуы себепті қисынды көрінеді, өйткені, олар мемлекеттік басқару жүйесіне тек қана заң шығарушы билік позициясынан қатысады.

Жалпы алғанда, партиялардың барлығы мемлекеттілікті нығайтуға мүдделі және демократиялық даму жолын ұстанады.

Кешенді ұсыныстардың жекелеген блоктары ұлттық экономиканың проблемаларына арналған. Олар агроөнеркәсіп кешені мен кен өндіруші өнеркәсіпті дамыту, шағын және орта бизнес субъектілерін қолдау, жекеменшікті қорғау және басқа да бағыттардағы мәселелерді қамтиды.

Аталған проблематика бойынша партиялардың көпшілігінің ұстанымдары бір-біріне сәйкес келеді. Кәсіпкерлікті қолдау саласында салықтарды жеңілдету және мемлекеттік қолдау механизмдерін жетілдіру, оның ішінде несиелеу көлемдерін ұлғайту шаралары ұсынылады.

Агроөнеркәсіп кешенін дамыту мәселесінде партиялардың пікірлері біртектес – ауыл шаруашылығына арналған жерлер ауыл шаруашылығымен шұғылданатын Қазақстан азаматтарының пайдалануына берілуі керек. Сондай-ақ, барлық ауыл шаруашылығы жерлеріне инвентаризация жүргізу қажеттілігі аталып өтіледі. Аграрлық секторды қолдау шаралары субсидиялар бөлу, салықтық преференциялар ұсыну, заманауи

инновациялық технологияларды енгізу, экотуризмді дамыту, бұған қоса әлеуметтік инфрақұрылымды жетілдіру мен ауылдық жерлерге жастарды тарту тәсілдері арқылы ұсынылады.

Осы ретте, партиялық бағдарламалардың экономикалық блоктарында келесі аспектілерді бөліп көрсетуге болады. «Нұр Отан» партиясы шағын және орта бизнесті қолдау қажеттілігін негіздеуге айрықша көңіл бөледі. «Ақ жол» ҚДП өз бағдарламасында мемлекеттік бағдарламалардың (Үдемелі индустриялық-инновациялық дамудың мемлекеттік бағдарламасы, «Бизнестің жол картасы – 2020») тиімді жүзеге асырылуы мәселелеріне назар аударады. ҚХКП меншік үлгілерінің көптүрлі болуын алға тарта отырып, ол жерде «адамның адамды қанауы» орын алмауын ескертеді. ЖСДП орны қайыра толмайтын ресурстар – мұнай, газ, көмір, қара және түсті металдар өндірумен шұғылданатын салаларды мемлекет меншігіне алу, оффшорлық экспортқа тыйым салу, мұнай өңдейтін кәсіпорындарды модернизациялау ұстанымын алға шығарады.

«Азат» ҚДП шикізаттық бағытты еңсеруді және инвестициялық климатты салықтық алымдар көлемін шегеру жолымен жетілдіруді экономика саласындағы негізгі міндеттер деп есептейді. «Ауыл» экономикалық салада инновациялық және тиімді технологияларды кеңінен енгізуге, импорт алмасуға екпін береді. «Бірлік» партиясы тиімді инвестициялық саясат жүргізуді және ғылымды қажетсінетін экономиканы енгізуді қолдайды.

Саяси партиялардың бағдарламаларында мемлекеттің әлеуметтік саясатын жетілдіру шаралары туралы ұсыныстар жеке тарау ретінде көрініс береді. Партиялық бағдарламалардың әлеуметтік блоктарында өмір сүру сапасын арттыру мен жетілдіруге қатысты ұсыныстар жалпы тезистер арқылы берілген.

Төменде жекелеген партиялардың партиялық бағдарламаларындағы сандық көрсеткіштері ұсынылып отыр (6-сурет).



6-сурет. Саяси партиялар бағдарламаларының әлеуметтік блогындағы сандық көрсеткіштер

Бағдарламалардың әлеуметтік блоктарының мәтіндерін талдау әлеуметтік кепілдемелердің белгілі бір тізбегі қалыптасқанын айғақтайды, олармен азаматтарды қамтамасыз етуге барлық партиялар уәде береді. Бұл тізбеге жұмыссыздықпен күрес, зейнеткерлерді, жастарды, тұрғындардың әлеуметтік тұрғыда аз қамтылған бөлігін қолдау және ТҮКШ, білім беру мен денсаулық сақтау мәселелері кіреді.

Бірқатар қазақстандық партиялардың бағдарламаларында рухани және мәдени салаларды дамыту жайы да көрініс тапқан. Олар, әсіресе, мәдениет саласын мемлекеттің айрықша бақылауға алуына қатысты ортақ пікірде.

ЖСДП мен «Ақ жол» тұрғындарды шоғырландыру факторының бірі ретінде мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейтудің маңыздылығын атап өтеді. Бұдан тысқары, екі партия да патриотизм идеясы мен оның құндылықтарын насихаттау қажеттілігіне назар аударады. Осы ретте, «Ақ жол», «Алаш» қайраткерлерінің идеялық көзқарастарының танымалдығы артуына айрықша ден қояды.

«Бірлік» партиясы халықтың дәстүрлі құндылықтарына бейімділігін сездіреді және мәдениетті дамытудың жаңа мемлекеттік бағдарламасын әзірлеу қажеттілігі туралы мәлімдейді.

Саяси партиялардың бағдарламаларының құрылымы үнемі айқын болмайды және қоғам дамуының барлық бағыттарын толық қамти алмайды, өйткені, саяси партиялардың өздерінің идеологиялық дискурсы, мақсаттары және міндеттері тұрғысынан қарастырғанда өзара айтарлықтай айырмашылықтары бар.

Қазақстанның саяси партиялары өз риторикасына жекелеген әлеуметтік топтардың көңіліне жағымды элементтерді енгізе отырып, электоралдық базаны кеңейту ұстанымын бүкпесіз білдіреді. Партияның «философиясына» байланысты бизнесті қолдау, ауылды дамыту, патриотизм құндылықтарын ілгерілету және басқа да міндеттер басымдық сипатындағы бағыттар ретінде көрініс береді. Алайда, мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық даму мәселелері дерліктей барлық партиялар үшін партиялық бағдарламаларының базисі болып табылады.

Осы тарауда қарастырылған мәселелер өткен кезеңге тән саяси үдерістердің партиялардың қазіргі таңдағы іс-қимылының негізгі векторлары мен күштерінің орналасуына қатысты ролі туралы жалпы түсінікті қалыптастырады.

Тәуелсіздіктің үш онжылдығы енді ғана толысар уақыт аралығында Қазақстанның партиялық жүйесі бірқатар негізгі кезеңдерді басынан өткерді, соның нәтижесінде сандық және айтарлықтай сапалық өзгерістер орын алды. Жалпы алғанда, түрлі саяси трендтер мәжбүрлеген, дамудың қазіргі замандағы ішкі және сыртқы факторлары ықпал еткен партиялық жүйенің жаңғыру үрдісі өзін-өзі ақтады.

3 ТАРАУ.

ШЕТЕЛДЕРДЕГІ САЯСИ ПАРТИЯЛАР ҚЫЗМЕТІНІҢ ЗАМАНАУИ ТӘЖІРИБЕЛЕРІ

Цифрлық технологиялардың дамуы азаматтарға орасан зор саяси мүмкіндіктер ұсынады. Бұл ең алдымен интернет желісінің дамуымен билік монополиясында ақпаратты беруді, өңдеуді және пайдалануды өзгертеді. Бүгін индивидтер ақпаратты алушы ретіндегі дәстүрлі ролінде де, оны өндіруші ретінде де әрекет етуге қабілетті. Әлеуметтік желілердің, блогтардың және форумдардың пайда болуы азаматтарға тыңдау және тыңдалу мүмкіндігін берген қосымша пікірталас алаңын құруға мүмкіндік берді. Өз кезегінде, бұл саяси институттардың іс-әрекетін түрлендіруге ықпал етеді.

Бүгін әлемдегі жетекші саяси партиялар азаматтарды жұмылдыру мен қаржы тарту мәселелерінде өздерінің тәсілдерін өзгертуде²³. Интернет-коммуникациялар партияларға өздерінің әр сайлаушыларына бағдарламалық мақсаттарын қолма-қол жеткізуге және жақтастарынан жедел жауап алуға болатын жаңа «көкжиектерді» ашты.

Саяси партиялардың ақпараттық технологиялардың жедел дамуы жағдайындағы сайлаушылар тобымен біріккен жаңа форматтары мен жұмыс тәсілдері зерттеуге тұратын дербес әрі перспективалы тақырып.

²³ В. Саяпин (2015) «Ақпараттық дәуірде саяси билікті виртуалдау технологиясы» («Грамота» баспасы. № 8 (58): в 3-хч. Ч. I. С. 159-166): 160

3.1. Жаңа мүшелер тарту және саяси партиялардың әлеуметтік негізін кеңейту

Саяси партиялардың мүшелері санының төмендеуі соңғыларына өздерінің қатарларына жаңа жақтастарды тарту жұмыстарын жүргізуге ықпал етеді (7-сурет).



7-сурет. Саяси партиялардың жаңа мүшелерді тарту тәсілдері

Біріншіден, партия қатарына кіру процедурасы жеңілдетіледі. Ұлыбританияда Лейбористер немесе Консерваторлар партиясының мүшесі болу үшін аталған партияның онлайн ресурсында тіркеліп, сәйкес сауалнаманы толтырып және партиялық жарнаны енгізсе болғаны. Бұның барлығы электрондық форматта. Канаданың тұрғындары да осындай сызба бойынша Консерваторлардың немесе Жасылдардың партиясы қатарына кіре алады. Бұл жерде, тұрғындар онлайн ресурс арқылы партия қатарына өте алатын Канаданың Либералдық партиясын ерекше атай кету керек. Либералдар партиясының көшбасшысы Дж. Трюдоның бастамасы бойынша 2017 жылдан бұған дейін жылына 10 долларды құраған партиялық

жарнаны жеңілдету туралы шешім қабылданды. Ал, қазір Либералдар партиясына мүше болу мүлдем тегін. Аталған бастама аз ғана уақыт ішінде Либералдар партиясының қатарын қосымша 300 мың адаммен толықтыруға мүмкіндік берді²⁴.

АҚШ-та Республикашылар немесе Демократтар партияларының мүшесі болу үшін нақты бір штаттың Сайлау комитетінің онлайн ресурсында сайлаушы ретінде тіркелу керек. Сауалнаманы толтыру кезінде сайлаушыға партиялық тиістілігін таңдау ұсынылады. Сондай-ақ, америкалықтар жеке куәлігі мен жүргізуші куәлігін алғанда немесе жаңартқан кезде партия мүшесі бола алады. Аталған құжаттарды алу үшін сауалнама толтырған кезде партиялық тиістілігі туралы тармақ болады.

Австралиялық еңбек партиясы өзінің веб-сайтының алаңында және Facebook әлеуметтік желісіндегі парақшасында партияның саяси курсына талқылаулар мен сауалнамалар жүргізеді. Аталған жұмысқа партия мүшелері де, жақтаушылары да қатыса алады²⁵. Партия көшбасшыларының пікірінше, шешім қабылдау мәселелеріне партияның мүшелері мен жақтастарының тікелей қатысуы жалпы форумда партия ұйымдарының төрағалары ғана шешім қабылдайтын өкілдік модельге қарағанда, анағұрлым демократиялы болып табылады.


Партия мүшелерінің санын арттыруға арналған келесі механизм – партиялардың өңірлік филиалдарының тұжырымдамаларынан алшақтау және проблемаға негізделген «issue-based groups» – топтар форматында қандай да бір нақты проблеманы қарастыратын бөлімшелерді құру ұстанымын

²⁴ В. McKenna (2016) Трюдо либералды партияны «ашуға» ұмтылады, тегін мүшелік ұсынады

²⁵ W. Cross, A. Gauja (2014) Evolving membership strategies in Australian political parties (Australian Journal of Political Science, 49:4, 611-625, DOI:10.1080/10361146.2014.958979)

енгізу. Мұндай бөлімшелері жастарды және нақты бір міндеттердің шешілуіне мүдделілерді тартуға мүмкіндік береді. Мәселен, Австралияда тұрғындар арасында ерекше қолдауға «Laborfor Refugees» – жұмысшы партиясының босқындарына арналған және «Rainbow Labor» – жұмысшы партиясының сексуалды аз топтарына арналғандар ие болды. Австралиялық жұмысшы партиясының «тақырыптық» бөлімдерінің табыстылығы біріншіден, нақты бір адамдар тобының белгілі бір проблемасын шешуге бағытталғандығымен, екіншіден, ай сайынғы жиналыстан гөрі Facebook парақшасын пайдаланатын, мәселені партия ішінде қарастырғаннан гөрі жаңа мүшелерді белсенді түрде тартумен айналысатын бөлімше мүшелерінің белсенділігімен түсіндіріледі.

Осы тәрізді, АҚШ-тың Республикалық партиясы өзінің сайлаушыларына адамдардың белгілі бір санатын біріктіретін әр түрлі қоғамдастықтарға кіруге мүмкіндік береді²⁶ (8-сурет).




8-сурет. АҚШ-тың Республикалық партиясының қоғамдастығы

²⁶ GOP: Republican National Committee – <https://gop.com/groups/>

Аталған саясат этникалық, жас ерекшеліктері, гендерлік, кәсіби және басқа да белгілері бойынша бір қоғамдастыққа бірігуге мүмкіндік береді (9-сурет). Сөйтіп, әуел бастан адамдарда өздерінің пікірлері мен ұстанымдарын бөлісетіндерді тауып алу мүмкіндігі бар.

Саяси партиялардың сайлаушылар тобымен өзара қарым-қатынас механизмі жаңғыртылуда.



9-сурет. АҚШ-тың Республикалық партиясының сайтындағы аскерилердің және ардагерлер қоғамдастығының баннері

Мысалы, Ұлыбританияның Лейбористік партиясы партия мүшелеріне деген өздерінің көзқарастарын өзгертуде. Егер бұрын партиялықтар сайлау кезінде кепілді қолдау көрсететін сайлаушылар тобы ретінде қарастырылса, енді жаңа тұжырымдамаға сәйкес, партияның әр мүшесі барлық сайлаушыларға партияның бағдарламалық нұсқауларын және негізгі идеяларын «жеткізуші» және «дауысы» ретінде қарастырылады. Аталған мақсатты жүзеге асыру үшін партия өздерінің мүшелеріне тренингтер өткізу мақсатында айтарлықтай қаржы

ресурстарын бөлді, тренингте олар сайлаушылармен тиімді байланыс орнату негіздеріне және партияның ақпараттық деректер базасын пайдалануға үйренеді.

Адамдардың партия қатарына енуінің басты себептерінің бірі – үміткерлердің партияшілік сайлауы праймериздерге қатысу мүмкіндіктері. Басқаша айтқанда, партия мүшелері негізгі сайлауға үміткерлерді жылжытудың айрықша құқығына ие болады, сондай-ақ, өздері де сайланып, негізгі сайлауда партия мүддесін білдіре алады. Ашықтық және транспаренттілік имиджін құру, сондай-ақ, өзінің қатарына жаңа мүшелерді тарту мақсатында Австралиялық жұмысшы партиясы барлық сайлаушыларына праймеризге қатысу мүмкіндігін ұсыну саясатын бастады²⁷. Бірақ, қатардағы сайлаушылар партия мүшелерінен басым түсуіне байланысты алдын-ала сайлау кезінде партия мүшелеріне 50% дауысты, ал, барлық қалған дауыс берушілерге 50% дауысты беру шешімі қабылданды. Мұндай бөлу саясаты партия мүшелігіндегі мәртебені сақтап қалуға мүмкіндік береді және аталған партияға мүшелікке еруге ықтимал жақтаушыларды тартуға да ықпал етеді.

3.2. Саяси партиялардың өз жақтастарымен өзара әрекеттесуінің тәсілдері мен түрлері

Онлайн-қаржыландыру. Бүгінгі таңда дамыған елдердегі көптеген саяси партиялар сайлау науқанын қамтамасыз етуге қабілетті ірі демеушілерді іздеу моделінен алшақтауда. Партиялар онлайн-қайырымдылық арқылы тікелей сайлау-

²⁷ A. Gauja (2014) Leadership selection in Australia. In J.B. Pilet and W. Cross, ed (The selection of party leaders in contemporary parliamentary democracies: A comparative study. Abingdon: Routledge)

шылардан айтарлықтай ақшалай қаражат бөлігін тартуда. Аталған әдіс краудфандинг (Crowdfunding) деп аталады, тікелей аудармасы – адамдардың көпшілігінің бір нәрсені қаржыландыруы²⁸. Мәселен, АҚШ-тың Республикалық партиясының веб-сайтында «салым салу» (contribute) опциясы бар²⁹. Аталған сілтемені басқан кезде сайтқа келушілер алдынан хабарлама шығады (10-суретті қараңыз):

Let's Keep Fighting

While the election might be over, Democrats and the media will relentlessly try to attack us, lie about us, and divide us over these next four years.

We count on the generous contributions of our supporters to help us fight back against the attacks and get our message straight to the American people.

Contribute now and together, we **WILL Make America Great Again!**

\$100	\$250	\$500	\$1,000
\$5,000	\$10,000	\$33,900	Other

Make this a monthly recurring donation

Continue

10-сурет. Республикашылардың сайтындағы «салым жасау» опциясының интерфейсі

«Сайлау аяқталғанына қарамастан, Демократтар мен масс-медиа бізге шабуыл жасауын тоқтатпайды, біз туралы өтірік

²⁸ S. Bannerman (2013) Crowdfunding Culture (Journal of Mobile Culture: c.7.) -<http://wi.mobilities.ca/crowdfunding-culture/>

²⁹ https://secure.gop.com/donate?utm_source=organic&utm_medium=web&utm_campaign=20171027__homepage-contribute_gop_rnc&utm_content=gop_home

айтып, алдағы төрт жыл ішінде қатарымызға іріткі салуға тырысады.

Біз барлық орынсыз шабуылдарға төтеп беріп, жолдауымызды барлық Америка халқына жеткізу үшін жақтаушыларымыздың жомарт қайырымдылықтарына сенеміз. Дәл қазір қайырымдылық жаса, Ұлы Американы бірге жасаймыз!».

Одан әрі, сайтқа келушілер белгіленген салым салу мүмкіндігі бар немесе өздерінің қалаулары бойынша банк картасының көмегімен басқа соманы аудара алады. Айта кету керек, ақшалай қаражатты тарту бойынша осындай функция АҚШ-тың Демократиялық партиясында, Ұлыбританияның Лейбористік партиясында және Консерваторлар партиясында, Канаданың Либералдық және Консервативтік партиясында, Австралиялық жұмысшы партиясында да бар.

Сөйтіп, заманауи кезеңде саяси науқандардың донорлары болып табылатын лоббистердің ірі ұйымдарының ролі төмендеді. Оны тұрғындардың көп бөлігінен қаржыны қарызға алу алмастырды.

Партия өкілдерінің партия мүшелерімен және жақтастарымен өзара қарым-қатынастары.

Саяси партиялар әр түрлі мәселелер бойынша азаматтардың жүгіну институттарына үлкен көңіл бөледі. Мысалы, АҚШ-тың Демократиялық партиясы әр американдыққа партия мүддесін білдіретін конгресмендермен байланыс мүмкіндігін ұсынады. Ол үшін демократтардың веб-сайтына кіріп, әрекеттердің келесі алгоритмін жүргізу керек³⁰:

– «Конгресс өкіліне қоңырау шалу» сілтемесі бойынша өту;

³⁰ Democratic National Committee - <https://makecalls democrats.org/>

- Сұрақтар тізімінен қажетті санатты таңдау;
- Өзіңнің почталық индексіңді көрсету.

Осыдан кейін, нақты бір штаттың сенаторларының телефон нөмірлері, сондай-ақ, Twitter әлеуметтік желісіндегі олардың аккаунттарына сілтеме ұсынылады (11-сурет). Өзінің штатындағы конгресс сенаторының кеңсесімен байланысу үшін қоңырау шалушыларға ұсынылады:

- өзін таныстырып, қандай өңірлік округтен қоңырау шалып тұрғанын айту;
- қоңырау шалу себебін айту және конгресменге ықтимал ұсыныстар беру;
- әңгіме аяқталғаннан кейін өзінің әсерімен Facebook-те немесе Twitter-де бөлісу.

Бұл жерде айта кету керек, әр сенаторда азаматтардан келіп түскен өтініштерді өңдеумен айналысатын команда болады. Сонымен қатар, сайлаушылармен осындай қарым-қатынас тәжірибесін Ұлыбританияның Лейбористер және Консерваторлар партиясы да пайдаланады.



11-сурет. «Конгресс өкіліне қоңырау шалу» опциясының интерфейсі

Партия жұмысына еріктілерді тарту

Саяси партиялардың еріктілері тобы сайлау науқандары кезінде қозғаушы күшке ие. Бүгінгі күні еріктілер партияның ұйымдастырушылық саяси іс-әрекетінде де жоғары рольге ие. Сайлаушылардың пәтерлерін аралау, олармен телефон арқылы сөйлесу, үгіт материалдарын тарату және партия үміткерлерінің құрметіне акциялар ұйымдастыру әлі де болса дауыс жинаудың әрекеттегі механизмі болып қалуда және айтарлықтай адами ресурстардың қатысуын талап етеді. Сондай-ақ, еріктілердің іс-әрекетін қаржыландыру қажеттілігінің жоқтығы, олардың жоғары тұлғалық әлеуеттері саяси партияларды еріктілер санын арттыру жұмыстарын жүргізуге ынталандырады.

АҚШ-тың Республикалық және Демократиялық партияларының, Канаданың Либералдық және Консервативтік партияларының, Ұлыбританияның Лейбористік және Консервативтік партияларының веб-сайттарында (12-сурет) және Еуропалық одақ елдерінің басқа да саяси партияларының онлайн-ресурстарында еріктілерге арналған тіркеу опциясын тауып алуға болады.

Бұл ретте партия көшбасшылары көп жағдайда шағын бей-

VOLUNTEER
HELP US BUILD A COUNTRY FIT FOR THE FUTURE

HELP US BUILD A STRONGER, FAIRER BRITAIN

There are so many ways to get involved in the Conservative Party – whether it's knocking on doors with friends, making calls or speaking to people on the street. Building a stronger, fairer Britain couldn't be more important and we need you to help to do it.

Sign up if you want to get involved.

*First Name

*Surname

*Email Address


*Mobile Number *Postcode

SIGN UP

12-сурет. Консерватистер сайтындағы еріктілерді тіркеуге арналған сауалнама формасы

нероликтер мен үндеу хаттардың көмегімен «Республикалық ұстанымдарды қорғау»³¹, «анағұрлым мықты әрі әділетті Британияны құру үшін көмек көрсетулері»³², «Либералдардың үлкен отбасының бір мүшесі атанулары»³³ және басқа да маңызды мақсаттарды жүзеге асыру үшін ерікті атануға шақырады. Тағы айта кету керек, онлайн-тіркелу процедурасы қарапайым әрі қолжетімді, небары тегінді, атыңды, электронды мекен-жайың мен телефон нөміріңді көрсетсең болғаны.

Ұлыбританияның Лейбористік партиясының онлайн-ресурсының ақпараттылығына ерекше тоқтала кету керек, бұл жерде тіркелген еріктілер өздерінің тұрғылықты жерлеріне жақын маңда өтетін іс-шараларды оңай тауып ала алады (13-сурет)³⁴. Мысалы, индексті іздеу жолағына Манчестер қаласын енгізетін болса, осы қалада өткізілуі жоспарланған іс-шаралар тізімі шығады. Еріктілерге солтүстік аудандарда Консервативтік партия кеңселерінің көптеп орналасуына байланысты, қаланың осы ауданының бөлігіндегі пәтерлерді аралап шығуға қатысу ұсынылады.



13-сурет. Лейбористер сайтындағы «Жақын жердегі іс-шараны табу» опциясы

³¹ GOP: Republican National Committee - <https://www.gop.com/get-involved/volunteer/>

³² Conservative Party - <https://www.conservatives.com/volunteer>

³³ Liberal Party of Canada - <https://www.liberal.ca/volunteer/>

³⁴ Labour Party - <https://events.labour.org.uk/>

Сондай-ақ, еріктілерге парламенттің қалай жұмыс жасайтынын көрсетуге бағытталған арнайы саяси ойындарға қатысу және өздерімен бірге достарын алып келу ұсынылады. Одан бөлек, еріктілердің басқа да әртүрлі іс-шараларға қатысу мүмкіндіктері бар.

Сөйтіп, заманауи жағдайда саяси партиялар өздерінің іс-әрекеттеріне адамдарды белсенді түрде тартумен айналысады. Еріктілер институты – партияның идеологиялық құндылықтарын ілгері бастыру мен сайлауалды науқандарында табысқа жетудің маңызды тетігі.

Партия атрибуттарын сату. Саяси жоғары бәсекелестік жағдайында әр партия қалғандарының аясында ерекшеленуге тырысады. Бұл жерде сайлаушылардың алдында белгілі бір образды немесе брендті көтермелеу үлкен рольге ие. Имидждік өнімді тарату тұрғындардың партия келбетін есте сақтап қалуларына ықпал етеді. Бүгінгі таңда әлемдегі жетекші партиялардың біраз бөлігі өзінің жақтастарына партияның символикалары бар тауарлар ассортиментін сатып алуды ұсынады (14-сурет)³⁵: Олардың қатарында футболкалар мен бас киімдерден бастап, мобильді телефонның қуаттағыштары мен құлаққаптарына дейін бар. Ұсынылатын өнімнің әртүрлілігі қоғамның түрлі санаттары мен топтарының тұтынушылық қызығушылықтарын қамтуға мүмкіндік береді.

³⁵ Democratic National Committee - <https://store democrats.org/>



14-сурет. АҚШ-тың Демократиялық партиясының имидждік өнімдерінің үлгілері

Бұл ретте саяси партиялар тауарларды өткізуге сын тұрғысынан таянады. Біріншіден, сатулар партияның веб-сайтында онлайн-тәсілмен жүзеге асырылады. Екіншіден, өнімді өткізу үшін бейсана деңгейінде адамдардың қызығушылықтары мен ықыласын тудыратын ықшам сөйлемдермен беріледі. Мысалы, АҚШ-тың Республикалық партиясы «жақындарыңызға бірегей сыйлық» ретінде және «Американы қайтадан ұлы елге айналдырамыз» қозғалысына қолдау көрсету тәсілі ретінде символикалық өнімдерді сатып алуды ұсынады. Ал, Демократиялық партия «барлық атрибутика АҚШ-та ғана жасалғанын» хабарлайды және «Демократтарды қолдайтынын мақтанышпен көрсету үшін» символикаларды сатып алуға шақырады. Айта кету керек, партия атрибутикаларын сату сайлаушылар тобының арасында партия беделін қалыптастыруға және ілгері бастыруға мүмкіндік берумен қатар, өнімді өткізу есебінен түсім ретіндегі қосымша ақша қаражатын тарту мүмкіндігін ұсынады.

3.3. Интернет технологиялар электоратпен байланыстың тиімді құралы ретінде

«Big Data». 2012 жылғы Америкадағы президент сайлауынан бастап, «Big Data» (үлкен деректер) саяси аренада табысқа жетудің маңызды құралына айналды. Саяси науқандардың менеджерлері сайлаушыларды дәлдікпен «өңдеу» үшін, сайлаушылардың не күтетінін және дауыс берушілердің сұраныстарына жауап беретін сайлауалды бағдарламаларының тұжырымын анықтау үшін «үлкен деректерді» қалай тиімді пайдалану керектігін көрсетті. Сонымен қатар, «Big Data» пайдалану үміткер қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді жоспарда өзінің міндеттерін қалай атқаратынына алдын-ала модель дайындауға мүмкіндік береді.

Бүгін көптеген саяси партиялар сайлауалды науқандарында «сайлаушы – тұтынушы, үміткер – өнім» болып табылатын маркетингтің негізгі ұстанымдарын пайдаланады. Аталған тұжырымды тиімді жүзеге асыру үшін саяси партиялар дауыс берушілердің мінез-құлықтарын талдауды енгізуде³⁶. Бұл жерде оларға сайлаушылардың қызығушылықтары мен басымдықтарына қатысты ақпараттың ауқымды көлемі орналастырылатын әлеуметтік желілер көмектеседі. «Big Data» пайдалану әлеуметтік желілердегі ақпаратты жедел өңдеуге және жақтастарды тарту үшін іс-әрекет алгоритмін модельдеуге мүмкіндік береді.

«Big Data» пайдалану саяси партияларға қандай да бір сайлаулардың және референдумдардың қорытындыларын тиімді болжауға мүмкіндік беретінін айту керек. Бұл репрезентативті әлеуметтік сауалнамалардың дәстүрлі әдістерінің төменгі нәтижелілігі көрінісінде өзекті. Мысал ретінде Ұлыбританияның Ев-

³⁶ A News portal «Datanami» - <https://www.datanami.com/2016/02/09/big-data-and-the-race-to-be-president/>

ропалық Одақ (ЕО) құрамынан шығу референдумын келтіруге болады, бұл жерде әлеуметтік сауалнамалардың басым бөлігі британдықтардың одақ құрамында қалғысы келетінін көрсетті, ал, референдум қорытындысы бойынша біріккен корольдік тұрғындары ЕО құрамынан шығуды қалағанын келтіруге болады.

Әлеуметтік желілер. Бүгінгі таңда әлеуметтік желілер саяси партиялар үшін өзінің жақтастарын хабардар ету мен біріктіру мәселесінде ықпалды құрал болып табылады. Мәселен, венгрлік «Иоббик» ұлтшыл саяси партиясы өзінің жақтастарының іс-әрекетін Facebook³⁷ парақшасын пайдалану арқылы үйлестіреді. Партияның ресми аккаунтында ұлтшылдардың бағдарламаларын қолдайтын әр түрлі ұйымдарға сілтемелер тауып алуға болады. Сөйтіп, «Иоббик» партиясының жолын қуушы жазылушыларда ұлтшыл адвокаттардың қызметін пайдалану, ұлтшылдық дүкенінен тағамдар сатып алу, ұлтшылдық таксиімен межелі жерге жету мүмкіндіктері бар. Әлеуметтік желілердің мүмкіндіктерін пайдалана отырып, «Иоббик» партиясының PR-мамандары Венгрия билігі аталған партияға қатысты пайдаланатын ақпараттық оқшаулауды айналып өте алды.

Әлеуметтік желілерді белсенді пайдаланудың тағы бір мысалы 2013 жылы құрылған «Германияға арналған альтернатива» саяси партиясы³⁸. 2013 жылғы Бундестагтағы сайлау кезінде аталған партияның сайлауалды науқаны партияның Facebook-тегі парақшасында жүзеге асырылды. Осы арқылы партия парақшасына жазылушылар саны сайлау уақытында

³⁷ TerraAmerica зерттеу тобы «Батыстағы жаңа партиялар: Демократия дағдарысы немесе саяси және сайлау жүйесін дамыту перспективалары», 71.

³⁸ TerraAmerica зерттеу тобы «Батыстағы жаңа партиялар: Демократия дағдарысы немесе саяси және сайлау жүйесін дамыту перспективалары», 72.

оның негізгі бәсекелестерінің фолловерлері³⁹ санынан асып түсті. Аталған үрдіс 2017 жылдың күзіндегі федералды сайлау кезінде де жалғасын тапты. Facebook-тегі белсенді ақпараттық науқан есебінен «Германияға арналған альтернатива» 390 мыңға тарта жазылушылардың қолдаймыз деген уәдесін алды, бұл оның негізгі бәсекелестерінің фолловерлерінің көлемінен айтарлықтай арттырды: Германияның социал-демократиялық партиясы – 185 мың адам, Германияның христиандық-демократиялық одағы – 174 мың адам, «Одақ 90/Жасылдар» – 180 мың адам. Нәтижесінде «Германияға арналған альтернатива» сайлау кезінде сайлаушылардың 12,6% дауысын жинап, өзі құрылған аз ғана уақыттың ішінде ірі табысқа жетті.

Электрондық хаттар жіберу. Әлемнің дамыған елдерінің саяси партиялары электрондық хаттар жіберу тәрізді маркетингтің стандартты механизмдерін көптен бері пайдаланады. Аталған әдіс партияларға қоғамдастықта атқарылған жұмыстар туралы хабардар етіп, қатарын жақтастармен және жаңа мүшелермен толықтыруға, басқа да міндеттерді орындауға мүмкіндік береді. Ықтимал сайлаушылардың почталық мекен-жайларын алу үшін партиялар интернеттегі ақпаратты сканерлеп, пайдаланушылардың электрондық мекен-жайларын анықтайтын арнайы бағдарламаларды пайдаланады. Сондай-ақ, саяси партиялардың барлығының веб-сайттарында келушілерге өздерінің байланысу деректері мен электрондық мекен-жайларын көрсету ұсынылады. Ереже бойынша, партиялар электрондық хаттарды жіберу үшін аталған деректерді бірыңғай базаға енгізеді.

³⁹ Фолловер – (от англ. «tofollow» – следовать) жолын қуушы. Термин «Twitter» әлеуметтік желісі пайда болуымен кең қолданысқа енді. Бұл жердегі фолловер – өзін қызықтырған адамдардың жаңа посттарын қадағалай алатын біреудің аккаунтының жазылманы.

Стандартты және бірегей формада емес электрондық хаттар оны алушыны хабарламадан бас тартуға немесе «спам»⁴⁰ мәртебесіне ауыстыруға итермелеуі мүмкін екенін де ескеру керек. Сол себепті, жіберілетін хаттардың тиімділігін арттыру үшін партиялар дербестендіру әдісін пайдаланады. Басқаша айтқанда, партияның электрондық хаты әр сайлаушының атына жіберіледі. Сонымен қатар, хат мәтінінде іскер стильден гөрі, әңгіме стилі пайдаланылады. Бұның барлығы сайлаушының назарын аударып, сеніміне ие болу үшін жасалады.

Ұлыбританияда Либералды партия 2015 жылғы парламент сайлауы кезінде электрондық хаттар сериясын жолдаған. Хат сайлаушыларды партияға қолдау көрсетіп, дауыс беруге шақырады. Сайлауға бір күн қалғанда партия сайлаушыларға «Ертең» деген тақырыппен хабарлама жіберді, ал, хаттың мәтіні былай басталады:

«Қымбатты Әмір,

ертең сайлау болатыны туралы есіңе салудың қажет емес екенін білеміз. Мүмкін, сен айқын басымдықпен бір де бір партия жеңіске жете алмайтынын да түсінерсің,

Сондықтан, біз Парламентте коалицияға ене алсақ, жүзеге асыруға уәдемізді беретін біздің бағдарламалық мақсатымызды білу сен үшін қызықты болар деп ойладық...»⁴¹.

Сонымен қатар, Ұлыбританияның Консервативті партиясы осы сайлауда Лондон тұрғындарына 12 мың хат жіберді.

⁴⁰ Спам – (от англ. «spam») – массовая рассылка корреспонденции рекламного или иного характера лицам, не выразившим желания её получить

⁴¹ А. Jirbandey (2015) Mailjet, Blogs - <https://www.mailjet.com/blog/news/how-email-marketing-shaped-modern-politics/>

Хатты алушылар саяси көзқарастарына сәйкес, алдын ала топтастырылды. Одан әрі жіберушінің және алушының байланыс деректері сиямен қолмен жазылып, Лондондағы көрсетілген адресаттар бойынша пошта қызметі арқылы жіберілді.

2012 жылғы сайлау уақытында Президенттікке үміткер ретінде Б.Обаманы ұсынған АҚШ-тың Демократиялық партиясының белсенділігін айту керек, жіберілген электрондық хаттардың тақырыбында былай деп жазылды (15-сурет): «Уау», «Қалайсың?», «Сәлем», «Сен бізбен біргесің бе?», «Кешкі аста кездесейік». Хаттың мазмұнында стандартты емес тақырыптарды, қызықты мәтіндерді пайдалану сарапшылардың пікірінше 2012 жылғы президенттік сайлауда демократтардың жеңісіне айтарлықтай үлес қосты.



15-сурет. Б.Обаманың сайлауалды науқаны аясында жіберілген электрондық хаттардың мысалдары

Сөйтіп, саяси партиялар партия қызметі туралы хабардар ету, жаңа мүшелерді тарту, сайлаушылардың сеніміне ие болу мен басқа да мақсаттарға жету үшін электрондық хаттар жіберу механизмін белсенді түрде пайдаланады. Орташа есеппен

маркетингтік зерттеулерге сәйкес, саяси партиялардың электрондық хаттарының «қаралу» коэффициенті 10-50% аралығында ауытқып отырады. Сондай-ақ, хаттың тақырыбы мен мазмұны өзгеше болған сайын ықтимал сайлаушы, жақтаушы немесе партия мүшесінің оны оқу ықтималдылығы жоғары.

Партияның веб-сайтында онлайн-петициялар құру. Саяси партиялар қандай да бір маңызды шешімдер қабылдау кезінде өздерінің мүшелері мен жақтастарының қолдауына ие болуға тырысады. Ол үшін электрондық петиция әдісі қолданылуы мүмкін. Мысалы, АҚШ-тың Республикалық партиясының веб-сайтында «Электрондық белсенді бол»⁴² бөлімі бар. Аталған бөлімде партияның онлайн-ресурсына кірушілер Республикашылдар бастаған петицияға қол қоя алады.

Республикашылдар өздерінің жақтастарына Мексикалық-Америкалық шекарадағы қабырға құрылысын мемлекеттік қаржыландыру мәселесін Конгресте қарастыру туралы петицияға қол қоюларын өтінеді⁴³ (16-сурет).

Official Petition for Congress to Fund Trump's Wall

President Trump ordered the construction of a wall along our border with Mexico.

Now it's time for YOU – the grassroots voters of America – to speak up.

Tell Congress: Fund Trump's wall.

Full name

Email Address

Zip Code

ADD MY NAME >>

16-сурет. Республикашылдар сайтындағы онлайн петиция

⁴² GOP: Republican National Committee - <https://www.gop.com/get-involved/>

⁴³ GOP: Republican National Committee - <https://www.gop.com/build-the-wall/>

Ұлыбританияның Лейбористік партиясы барлық онлайн-пайдаланушыларға Премьер-Министрге сұрақ қою мүмкіндігін ұсынады. Ол үшін лейбористердің веб-сайтында «Белсенді әрекет» бөліміне кіру керек, сосын «Тэрэзэ Мэйге сұрақ қой (қазіргі Премьер-Министр)»⁴⁴ тармағын таңдау керек. Сосын өзінің байланыс деректеріңді толтырып, сұрақ қою керек (17-сурет). Қойылған сұрақтардың барлығы іріктеу процедура-сынан өтетінін айта кеткен жөн. Үздік сұрақтарды Лейбористер партиясының көшбасшысы Дж. Корбин Премьер-Министрден «жауап алуға» арналған парламенттің арнайы сессиясының отырысында Премьер-Министрдің тікелей өзіне қояды.



17-сурет. Лейбористер сайтындағы Ұлыбританияның Премьер-Министріне сұрақ қоюға арналған сауалнама формасы

Коммуникацияның заманауи құралдарының толықтай алғанда ақпарат ағынын жетілдіру мен ақпараттық алаңды өз-

⁴⁴ Labour Party - <https://action.labour.org.uk/page/s/question-for-theresa-may>

гертуге үлкен ықпалы бар. Саяси партиялар қоғамдық-саяси қатынастар субъектісі ретінде аталған үдерістерден тысқары қала алмайды. Бұл ретте ақпараттық жұмыстардың нәтижелері партияның заманауи трендтерді ұстануы мен сын-тегеуріндерге қарсы тұра алуына тікелей байланысты.

Шетелдік тәжірибе саяси партиялардың әлеуметтік базасын кеңейтуде әлеуметтік желілер мен интернет ресурстардың ролінің күшейгенін көрсетеді. Қазіргі уақытта қазақстандық партиялар ақпараттық ілгерілету саласында жаңа технологияларды меңгеру бойынша қадамдар қабылдауда.

4 ТАРАУ.

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ САЯСИ ПАРТИЯЛАРДЫҢ ИНТЕРНЕТ ЖЕЛІСІНЕ ҚАТЫСУЫ

4.1. Қазақстандық саяси партиялардың интернет сайттарын салыстырмалы талдау

Ақпарат таратудың көздері мен арналарына айналған интернеттің коммунативтік алаңының қоғамдық пікірлердің қалыптасуына тигізер әсері өте зор. Заманауи жағдайда дәл осы цифрлық ресурстар мемлекеттік билік институттарының қайсысына болсын таза пейілді көзқарастың орнығып, танымалдылығы артуында ерекше ролді иеленеді. Осыған орай, партиялардың жағымды саяси имиджді қалыптастырып, электоратпен кері байланысты орнатуы үшін интернет кеңістігінде белсенді жұмыс жүргізуі аса маңызды.

Әлемдік қоғамдастық шешуші роль интернет технологияларға берілген кезде сайлау науқандарының табысты өткеніне сан мәрте куә болған. Мұның жарқын мысалы – АҚШ-тың 44-ші және 45-ші президенттері Б. Обама мен Д. Трамптың сайлау нәтижесінде билік басына келуі. Сайлау үдерісінде жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың кеңінен қолданылуы жоғарыдағы таңдаулардың аса маңызды сипаттамасының бірі болып табылады. Қолданылған интернет технологиялардың ауқымдылығы мен алуан түрлілігі бүкіл әлем сайлау технологияларындағы таңдай қақтырар бетбұрыс сәттің куәгері болғандықтан, оның мәнін тереңірек бағамдауды талап етеді. Мұның алдындағы бетбұрыстық сәт телевидениеге тікелей байланысты орын алды, оған Дж. Кеннеди мен Р. Никсонның арасындағы 1960 жылы өткен телевизиялық дебатты жатқызу мейлінше жеткілікті⁴⁵.

⁴⁵ Miller C. How Obama's Internet Campaign Changed Politics //TheNewYorkTimes. 2008. November 7

«Connected Consumer Study» жүргізген жаңа жаһандық зерттеулер нәтижелеріне сәйкес, қазақстандықтардың 74%-ы интернетті тұрақты түрде пайдаланады. Салыстырмалы сипатта алсақ, әлемдік деңгейде бұл сандық көрсеткіш 82%-ды құрайды⁴⁶. Сондықтан да Қазақстанда интернет технология саяси конъюнктураны қалыптастыру мен сайлау үдерісін өткізу құралы ретінде өзінің белсенді даму сатысында тұр деп түйін жасауға толыққанды негіз бар.

Бүгінгі күні Қазақстанның саяси партиялары интернет кеңістігінде белгілі бір жұмыстарды жүргізуде. Партиялардың бұл бағыттағы іс-қимылында олардың сайттары маңызға ие. Дәйекті ақпарат салынған, өзектілігі назардан тыс қалмайтын сапалы сайттың болуы саяси партия қызметінің тиімділігін арттырып қана қоймайды, оған қоса азаматтардың партияның ақпараттық ресурстарына қолжетімділігі мәселесін де шешеді. Бұл өз кезегінде, саяси партияға сенімнің нығаюы мен оның әлеуметтік базасының кеңейе түсуіне ықпал етеді.

Партиялардың интернетке қатысуының тиімділігін екі тәсіл бойынша анықтауға болады: сайтқа кіру статистикасы бойынша халықаралық рейтингтік жүйенің мәліметтері және контенттік талдау көрсеткіштері.

Сайттардың жұмысының тиімділігін анықтау кезінде «Alexa Internet» и «Similar Web» ақпараттық платформаларының рейтингі жиі қолданылады. «Alexa» сайты ақпаратты «Alexa Toolbar» арқылы қолданушылардың өзінен тікелей жинақтайды, соның негізінде сайтқа кіру және өзара байланысты сілтемелер тізімдері туралы статистика қалыптасады. «Similar Web»

⁴⁶ Lofficiel - <http://lofficiel.kz/blog/2017/10/23/64-kazahstancev-ispolzuyut-smartfon-pri-vyhode-v-internet/>

жинау, салыстыру, талдау және веб-сайттар мен мобильді қосымшаларды қолданушылардың тартылуы мен жұмыс істеу модельдеріне қатысты түскен көлемді мәліметтерді ұсыну үшін өңдеу технологияларын пайдаланады.

Қазақстандық саяси партиялардың сайттарын салыстырмалы талдау 2016 және 2018 жылдар көрсеткіштері базасында жүзеге асырылды. 2016 жылға саяси кезең ретінде ерекше қызығушылық таныту елде кезектен тыс парламенттік сайлаудың өткізілуіне байланысты.

Ресми тіркеуде болуына қарамастан, соңғы бес жыл көлемінде «Азат» ҚДП-ның қоғамдық-саяси салада, оның ішінде отандық ақпарат алаңында белсенділігі байқалмайды. Соған орай, ақпараттық белсенділігі зерделенген объектілер қатарында қалған алты партия болды.

«Alexa Internet» халықаралық рейтингтік жүйесінің статистикасына сәйкес, әлем бойынша да, ел ішіндегі рейтингте де «Нұр Отан» партиясы тартымды позицияларда тұр. Аталған фактіні оның кең танымалдылығымен және партияны тұрғындар проблемаларды шешу құралы ретінде қабылдауымен түсіндіруге болады. 2016 жылмен салыстырғанда, сайт әлемдік деңгейдегі және ел ішіндегі рейтингтерде өз позициясын жақсарта түскенін атап өткен жөн. 2018 жылғы деректерге сәйкес, ол әлемдік рейтингте 200 014-ші орынға (2016 жылы – 388 223), ал елдегі рейтингте 1 008 орынға ие (2016 жылы – 2 547). Партияның сайты сондай-ақ, «Кірушілердің орташа саны» – 4,64, «Кіру ұзақтығы (бір күнде)» – 11 сағат 47 минут және «Сілтемелер саны» – 285 көрсеткіштері бойынша көшбасшы.

Басқа партиялардың сайттарында рейтинг бойынша позицияның әлсіреуі байқалады. Олардың ішінде тек ҚХКП ғана өз жағдайын жетілдіріп, әлемдік рейтингте 1 542 963-ші орынды алды (2016 год – 4 214 876). Сонымен қоса, бұл сайтқа «Сайтты бір көргеннен кейін шығып кету» – 74,70% параметрі бойынша ең жоғары көрсеткіш тиесілі.

Кірушілер мен кіру уақытының ұзақтығы бойынша рейтинг көшбасшысынан кейінгі орындарға орналасқандар: «Бірлік» – 3,00 және 3 сағат 56 минут; «Ауыл» ХДПП – 2,50 және 3 сағат 54 минут; «Ақ жол» ҚДП – 2,40 және 2 сағат 46 минут. Дегенмен, «Бірлік» және «Ауыл» ХДПП сайттарының елдегі сайттар рейтингіндегі позициясын ескерсек, көрсеткіштер олардың интернетке қатысу тиімділігін толық көлемде анықтай алмайды.

Сайттан интернетте дәйектер алынуының маңызды көрсеткіші «Сілтемелер саны» болып табылады. Бұл жерде де «Нұр Отан» көш басында – 285. Одан кейін айтарлықтай айырмашылықпен ҚХКП – 62 және «Ақ жол» ҚДП – 50 орналасқан.

Бұл жағдайда партияның интернетке белсене қатысуы оның қазіргі таңдағы саяси ролімен түсіндіріледі. Жоғарыда аталған үш партияның да өкілдері Қазақстан Республикасы Парламент Мәжілісінің құрамында бар (6-кесте).

«Alexa Internet»-те қазақстандық партиялар сайттарының бірқатар көрсеткіштерінің төмендеуіне қарамастан, аталған рейтингке «Бірлік» партиясы мен «Ауыл» ХДПП енуіне, 2016 жылы қолжетімді болмаған, қалған партиялардың негізгі көрсеткіштерінің көрініс табуына байланысты оң сипатты жайттар да бар.

Сайттар жұмысының тиімділігін анықтайтын келесі бір ста-

тистикалық платформа «Similar Web» болып табылады. «Similar Web» рейтингіне сәйкес, барлық бағыттарды бағалау бойынша «Нұр Отан» партиясының сайты көшбасшылық орында тұр, сонымен қоса, 2016 жылмен салыстырғанда көрсеткіштердің төмендегені байқалады. Егер 2016 жылғы сәуірде елдегі рейтингте сайт 607-ші позицияда болса, 2018 жылғы шілдеде 830 орынға жылжыған.

«Кірушілердің жалпы саны» көрсеткіші бойынша «Нұр Отан» партиясының сайты басқа партиялардың сайттарынан айтарлықтай асып түседі – 67 мыңнан астам. Көп жағдайда сайтқа кіру тікелей, яғни, негізгі домен іске асырылады (47,04%), бұл саяси брендтің танымалдығының айғағы болып табылады. Аталған көрсеткіштің деңгейі «Ақ жол» партиясы (24,48%) мен «Ауыл» ХДПП-да (20,77%) жоғары.


№ 6 кесте

**ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАРТИЯЛАР САЙТТАРЫНЫҢ
САЙТТАР СТАТИСТИКАСЫ ЖӨНІНДЕГІ «ALEXA
INTERNET» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ РЕЙТИНГТЕР ЖҮЙЕСІНДЕГІ
КӨРСЕТКІШТЕРІ⁴⁷**

Партиялар	Әлемдік рейтинг	Елдегі рейтинг	Сайтты бір көргеннен кейін шығып кету, %	Кірушілердің орташа саны	Кіру ұзақтығы (бір күнде)	Іздеу пайызы	Сілтемелер саны
«Нұр Отан» партиясы	388 223	2 547	35,20	2,80	5:18	19,70	122
	200 014	1 008	45,50	4,94	11:47	9,50	285

⁴⁷ <https://www.alexa.com>

Партиялар	Әлемдік рейтинг	Елдегі рейтинг	Сайтты бір көргеннен кейін шығып кету,%	Кірушілердің орташа саны	Кіру ұзақтығы (бір күнде)	Іздеу пайызы	Сілтемелер саны
«Ақ жол» ҚДП	1 864 870	11 421	-	1,40	1:31	-	25
	2 952 767	20 473	55,00	2,40	2:46	47,50	50
ЖСДП	642,900	2 835	17,90	10	19:21	12,50	12
	4 494 900	36 572	72,90	1,60	2:17	28,20	24
ҚХКП	4 214 876	-	-	1,8	1:17	-	23
	1 542 963	8 292	74,70	1,60	2:14	43,20	62
«Ауыл» ХДП	-	-	-	-	-	-	2
	2 980 146	30 819	57,30	2,50	3:54	23,40	10
«Бірлік» партиясы	-	-	-	-	-	-	2
	8 480 306	57 654	42,30	3,00	3:56	61,50	3

 - 2016 ж.

 - 2018 ж.

Әлеуметтік желілер арқылы сайтқа ауысу көрсеткіші бойынша көшбасшылық орында ЖСДП – 30,92%, бұл әрине, партияның әлеуметтік желілердегі белсенділігінің айғағы. Барлық ауысулардың 94,67% Facebook әлеуметтік желісі арқылы іске асырылған.

«Нұр Отан» партиясы түрлі әлеуметтік желілерде мейлінше кеңінен (Facebook – 35,01%, Вконтакте – 25,36%, YouTube – 19,09%, мессенджер WhatsApp – 13,97% ауысып өтулер) бой көрсетеді. (7-кесте).

**ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАРТИЯЛАР САЙТТАРЫНЫҢ
САЙТТАР СТАТИСТИКАСЫ ЖӨНІНДЕГІ «SIMILAR
WEB» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ РЕЙТИНГТЕР ЖҮЙЕСІНДЕГІ
КӨРСЕТКІШТЕРІ⁴⁸**

Партиялар	Әлемдік рейтинг	Елдегі рейтинг	Кірушілердің жалпы саны	Кіру уақыты	Сайтты бір көргеннен кейін шығып кету, %	Тікелей сілтеме, %	Сайттар сілтемелері арқылы, %	Іздеу, %	Әлеуметтік желілер, %
«Нұр Отан» партиясы	131 814	607	86,2К	13:17	20,48	43,2	30,3	22,9	0,9
	349 638	830	67,8К	14:03		47,0	2,30	23,3	7,9
«Ақ жол» ҚДП	4 039 956	30 735	2,1К	1:36	44,15	32,9	7,70	53,6	5,6
	4 420 066	15 724	-	-	-	24,5	4,77	67,4	3,3
ЖСДП	3 187 500	23 207	2,8К	3:37	35,99	21,6	9,34	58,6	10
	13 172 604	60 483	-	-	-	9,07	6,73	53,3	30
ҚХКП	3 935 141	32 298	2,2К	1:44	49,67	16,9	6,16	74,6	2,2
	2 598 499	12 806	-	-	-	9,93	11,1	71,9	4,1
«Ауыл» ХДПП	13 699 729	119 432	-	-	-	-	-	-	-
	3 683 994	31 896	-	-	-	20,8	5,98	73,3	-
«Бірлік» партиясы	13 030 955	112 645	-	-	-	-	-	-	-
	15 725 486	81 998	-	-	-	-	-	100	-

 - 2016 ж.  - 2018 ж.

Партиялардың интернетке қатысу тиімділігін анықтау тәсілдерінің бірі сайттарға контент талдау жасау болып табылады. Талдау жасаудың жалпыға тән жолдары бар, олардың негізгі критерийлері: ашықтық, интербелсенділік және технологиялылық. Осы тектес зерттеулер жүргізу тәжірибесін негізге ала отырып, қазақстандық саяси партиялардың сайттарына 2018 жылдың бірінші жартыжылдығындағы жағдаймен талдау жасалынды (8-кесте).

⁴⁸ <https://www.alexa.com>

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ САЯСИ ПАРТИЯЛАРДЫҢ САЙТТАРЫ

Партиялар	Сайттар
«Ақ Жол» ҚДП	www.akzhol.kz
ҚХКП	www.knpk.kz
«Ауыл» ХДПП	www.auyl.kz
ЖСДП	www.osdp.info
«Бірлік» партиясы	www.pp-birlik.kz
«Нұр Отан» партиясы	www.nurotan.kz

«Нұр Отан» партиясының сайтында өзекті контенті бар, заманауи интерфейсті меңгерген, медиа материалдары жеткілікті (18-сурет). Сайтты ерекшелейтін сипаттамалар төмендегі көрсеткіштер болып табылады.

www.nurotan.kz

АШЫҚТЫҚ	ИНТЕРБЕЛСЕНДІЛІК	ТЕХНОЛОГИЯЛЫЛЫҚ
13	6,5	11,75



18-сурет. «Нұр Отан» партиясының сайты

«Ашықтық» параметрлері тобында:

– қаржы есептері, партияның құрылымы туралы мәліметтер ұсынылған. Мұндай ақпараттың болуы сайтқа кірушілерге, әлеуетті мүшелерге, сайлаушыларға партияның қызметімен егжей-тегжейлі танысу мүмкіндігін береді. Қаржы туралы ақпараттың жариялы түрде орналасуы сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет құндылықтары мен басқарудағы транспаренттілікке бейілділік өлшемі болып табылады;

– мүшелік туралы ақпарат оған өту үшін қажетті рәсімдерді түсіндіре отырып, орналастырылған, бұл жаңа мүшелерді тартуға ықпал етеді. Партияға өтудің интерактивті формасы соншалықты түсінікті, қадамдық нұсқаулығы қоса берілген;

– партия бастамашысы болған жобалар мен оларды жүзеге асыру нәтижелері туралы ақпарат ұсынылған, бұлар мүшелер мен сайтқа кірушілердің аталған жобаларға қызығушылығын арттырады.

«Интербелсенділік» параметрлері тобында:

– өтініш беруге және Орталық аппараттың Қоғамдық қабылдауына қабылдауға жазылуға мүмкіндік беретін электронды «Қоғамдық қабылдау» қызметі жұмыс істейді, берілген өтініштің мәртебесін қадағалау, сондай-ақ қайтарылған жауапты бағалау мүмкіндігі бар;

– кірушілер арасында онлайн дауыс беруді өткізу қолжетімді, бұл партияға түрлі сипаттағы өзекті мәселелер бойынша қоғамдық пікірді зерделеу мүмкіндігін береді;

– newsroom-ның интербелсенді элементтерін пайдалана отырып, әлеуметтік желілермен терең интеграция қамтамасыз етілген. Партияның әлеуметтік желілердегі ресми парақшаларының сілтемелері жұмыс істейді.

«Технологиялылық» параметрлері тобында:

– сайт жалпы алғанда ақпаратпен «шамадан тыс жүктелмеген» және табиғи безендірілген. Навигацияға және қажетті контентті іздеуге ыңғайлы. Интерактивті құралдар, инфографика және медиа материалдар кеңінен пайдаланылады;

– көздері нашар көретіндерге арналған нұсқасы мен шрифтіні масштабтау мүмкіндігі, сайттың интерфейс элементтері бар, партия құжаттары көшіріп алу үшін қолжетімді.

«Ақ жол» ҚДП сайтының басты бетінде аз ғана көлемдегі медиа материалдар бар (19-сурет).

www.akzhol.kz

АШЫҚТЫҚ	ИНТЕРБЕЛСЕНДІЛІК	ТЕХНОЛОГИЯЛЫЛЫҚ
12	4,5	8



19-сурет. «Ақ жол» ҚДП сайты

«Басты жаңалықтар» блогы мен сайт тарауларының сілтемелері мәтіндік үлгіде түзілген.

«Ашықтық» параметрлері тобында:

– партия құрылған сәттен бергі сайлауалды платформаларының архиві бар, ол арқылы партия мүшелерінің елдің дамуына қатысты эволюциялық көзқарастарын бағамдауға болады, бұл – ашықтық пен сабақтастық ұстанымдарының көрінісі;

– партияның аймақтардағы өкілдіктері жөніндегі мәліметтер олармен байланыс жасау ақпаратымен және өзекті жаңалықтар жеке айдар аясында ұсынылған. Сайтқа кіруші қосалқы негізде іздемей-ақ партияның белгілі бір аймақтағы қызметі туралы ақпаратпен таныса алады, бұл аймақтық аспектіде партия имиджіне жағымды әсер етуі мүмкін;

– партия логотипін көшіріп алу мүмкіндігі бар, бұл жайт кірушілердің ресми логотипті іздеуін жеңілдетеді және логотипті пайдалану мәселесінде түсініспеушіліктердің туындау мүмкіндігінің алдын алады. Осы тәжірибе саяси партияның брендін бекіту мәселесінде тартымды.

«Интербелсенділік» параметрлері тобында:

– сайттың ағылшын тіліндегі нұсқасы бар, бұл партияның халықаралық әріптестікті орнықтыру жөніндегі белсенді позициясын айғақтайды;

– сайттың әлеуметтік желілердегі партия парақшаларымен интеграциясы толық көлемде қамтамасыз етілмеген. Берілген 3 сілтеменің біреуі ғана қолданыста («Вконтакте» әлеуметтік желісі);

«Партиялық кітапхана» тарауы жұмыс істейді, онда партия қызметіне және «Алаш» қозғалысының тарихына арналған тақырыптық материалдар ұсынылған.

«Технологиялылық» параметрлері тобында:


– Сайт көптеген медиа элементтерінсіз ықшам үлгіде безендірілген және пайдалануға ыңғайлы;

– басты бетте футер – төменгі бөлік («сайт белдемесі») орналастырылған. Заманауи веб-дизайнде футерлер маңызды элемент болып есептеледі. Сол жерде әзірлеушілердің сайтына сілтеме берілген, демек, оларға техникалық ескертпелер жіберу мүмкіндігі бар.

ҚХКП сайтының басты бетінде партия қызметінің негізгі бағыттары мен бастамалары туралы ақпарат орналастырылған. Сайтта фотоматериалдар мен түрлі кезеңдердегі сайлау үдерістері кезіндегі партияның іс-қимылдарына қатысты сілтемелер молынан берілген (20-сурет).

www.knpk.kz

АШЫҚТЫҚ	ИНТЕРБЕЛСЕНДІЛІК	ТЕХНОЛОГИЯЛЫЛЫҚ
11	5	8



20-сурет. ҚХКП сайты

«Ашықтық» параметрлері тобында:

- партиялық БАҚ – «Коммунист Казахстана» журналы, «Идеи», «Трибуна» газеті ұсынылған;
- басты бетте сұхбат және жетекшілердің, түрлі аймақтардағы мүшелердің «жетістіктер тарихы» берілген, бұл өз кезегінде партияға жағымды қатынасты қалыптастырады.

«Интербелсенділік» параметрлері тобында:

- шетелдердегі коммунистік ұйымдар сайттарына сілтемелер берілген – РФКП, Ирландия КП, АҚШ жас коммунистерінің лигасы және басқалары;
- кері байланыс формасы ұсынылған, онда әр кірушінің сұрақ қою немесе үндеу жолдау мүмкіндігі бар;
- сайттың Facebook, Twitter әлеуметтік желілеріндегі партия парақшаларымен интеграциясы қамтамасыз етілген.

«Технологиялылық» параметрлері тобында:

- сайтта қызыл бояудың түсі басымдау, фирмалық символика мен ұрансөздер орналастырылған, бұлар ҚХКП брендінің нығаяуына дәнекерлік етеді;
- сайттың арнайы мобильді нұсқасы және смартфондарға арналған толыққанды мобильді қосымшалары бар;
- кірушілер санын есептегіш пен әзірлеушілер сайтының сілтемесі ұсынылған, бұл оларға техникалық ескертпелер жолдау үшін қолайлы.

«Ауыл» ХДПП сайтының бастапқы беті саны мол фото және бейне материалдарды пайдалана отырып безендірілген. (21-сурет). Өзінің гимнін орналастырған жалқы партия. Бұл партия брендінің мәртебесін көтеріп, имиджін нығайтуға ықпал етеді.

тияның әлеуетті мүшелері болжамды түрде нені күтеді және олар партия қызметінде қандай ролге ие болады деген сауалдарға толық жауап ала алмайды;

– сайт әлеуметтік желілердегі партия парақшаларына тікелей ауысу мүмкіндігін ұсынады.

«Технологиялылық» параметрлері тобында:

– сайт навигацияға және пайдалануға ыңғайлы, безендірілуі партияның фирмалық символикасы бояуының түсімен үйлесімді;

көру қабілеті нашарлаған тұлғаларды қолдау және сайт мәтінін масштабтау функциясы қарастырылмаған.

www.osdp.info

АШЫҚТЫҚ	ИНТЕРБЕЛСЕНДІЛІК	ТЕХНОЛОГИЯЛЫЛЫҚ
9,5	5,75	5,25



22-сурет. ЖСДП сайты

ЖСДП сайтында партияның өзі, басшылығы, құрылымы туралы ақпарат жоққа тән, көбінесе жаңалықтар тізбегі ұсы-

нылған (22-сурет). Партия оппозициялық ұстанымда болғандықтан, жарияланатын жаңалықтар мен материалдар іс үстіндегі билікке қатысты сын тұрғысынан беріледі.

«Ашықтық» параметрлері тобында:

– сайтта пікір қалдыру мүмкіндігі бар, бұл оның ашықтығын және тұрғындармен өзара әрекеттесуге ынталы екендігін айғақтайды;

– партияға мүше болу шарттары туралы ақпарат берілген, сайт арқылы қабылдану функциясы қолжетімді.

«Интербелсенділік» параметрлері тобында:

– сайт айдарлары мемлекеттік және орыс тілдерінде берілген, десек те, кейбір материалдар тек қана орыс тілінде орналастырылған;

– сайт жаңалықтарына жазылу функциясы бар және жарияланымдарға пікір қалдыру мүмкіндігі қарастырылған;

– сайттың жаңалықтар тізбегі және медиа контент жүйелі негізде жаңартылып тұрады.

«Технологиялылық» параметрлері тобында:

– сайттың мәтіндік ақпаратқа толы болғанына қарамастан, «іздеу» функциясы негізгі сөздер арқылы қажетті контентті табуға мүмкіндік береді;

– сайт дизайны қоңырқай реңде орындалған, бұл ақпаратты қабылдауды қиындатады;

– сайтта тілді таңдау функциясы қарастырылмаған, ақпарат бірден екі тілде көрініс береді.

«Бірлік» партиясының сайтында ұйымның қызметі туралы бастапқы ақпарат тұр. (23-сурет). Контенттің орналастырылған мерзімі – 2016 жыл.

www.osdp.info

АШЫҚТЫҚ	ИНТЕРБЕЛСЕНДІЛІК	ТЕХНОЛОГИЯЛЫЛЫҚ
8	2,75	5



23-сурет. «Бірлік» партиясының сайты

«Ашықтық» параметрлері тобында:

- сайлауалды бағдарламасы, партияның құрылымы мен төрағасы туралы ақпарат берілген;
- партияның аймақтардағы өкілдіктері жөніндегі ақпарат олармен байланысқа шығу мәліметтерімен қоса жеке айдар аясында орналастырылған.

«Интербелсенділік» параметрлері тобында:

- сайттағы айдарлар мемлекеттік және орыс тілдерінде берілген;
- жеке «Партия кітапханасы» тарауында әдістемелік материалдар атаулары қарау және көшіріп алу функцияларынсыз ұсынылған;

– партияның әлеуметтік желілердегі парақшаларына тікелей ауысудың техникалық мүмкіндіктері қарастырылмаған.

«Технологиялылық» параметрлері тобында:

– сайттың табиғи дизайны партияның фирмалық символикасы бояуының түсімен үйлесімді түрде орындалған;

– көру қабілеті нашарлаған адамдарды қолдау функциясы мен сайт мәтінін масштабтау мүмкіндігі қарастырылмаған.

Жалпы алғанда қазақстандық саяси партиялардың сайттарын талдау олардың түрлі интернет технологияларды игерудегі белсенді әрекеттерін көрсетеді.

Сайттар контенті мәтіндік материалдармен қатар, өзіндік, сондай-ақ кірме фото және бейне элементтерімен белсенді түрде толықтырылып отырады. Талдау жасалған бейнелердің арасында саяси көшбасшылар мен басқа партиялар мүшелерінің фотосуреттері жиірек ұшырасады. Саяси партиялар ақпаратты беру мен образдарды таратуда бейсезімді байланыс құралдарының маңыздылығын ұғынады.

Сайттар интербелсенділік пен технологиялылықтың түрлі деңгейлерін меңгерген. Олардың кейбіреулерінде электронды қоғамдық қабылдаулар, партия құрамына онлайн қабылдану және дауыс беру функциялары ұсынылған. Сайттардың әлеуметтік желілердегі партия парақшаларымен бірігуі интернеттегі ақпараттық жұмыстың көкжиегін кеңейтуге мүмкіндік береді.

Саяси партиялар сайттарының ортақ кемшіліктері қатарында төмендегілерді атап өтуге болады:

– сайттың бастапқы (басты) бетінің ақпаратқа шамадан тыс толы болуы кірушінің ықыласын ыдыратып жібереді;

– ақпарат артылып жатса да, жеткіліксіз құрылымдалуы;

– контенттің тұрақты жаңартылмауы себепті, әлеуметтік желілердегі белсенділіктің төменгі деңгейі (Facebook-тен басқасы);

– көру қабілеті нашарлаған адамдарды қолдаудың қарастырылмауы;

– мобильді нұсқаларды және басқаларын техникалық қолдау туралы ақпараттың болмауы.

Заманауи интербелсенді интернет платформаның болуы саяси имидждің нығаюына және электоратпен тиімді кері байланыстың орнығуына күмәнсіз әсер етері анық. Сонымен бірге тек брендтелген сайттың болуы жұмыстың түпкі нәтижесін айғақтамайды. Жекелеген жағдайларда «жұмыс істемейтін» және «ұсқынсыз» сайттар, техникалық тұрғыда әлсіз әзірленген платформалар мен өзектілігі төмен контент, керісінше, партия имиджіне айтарлықтай зиянын тигізуі мүмкін.

4.2. Қазақстандық саяси партиялардың әлеуметтік желілердегі белсенділігі

Заманауи әлемде интернет байланыс алаңы ретінде елдің әлеуметтік-экономикалық даму үдерісінде маңызды ролді иеленеді. Сондай-ақ, оның белсенді дамуы мен қолжетімділік деңгейінің артуы саяси үдерістерге әсер етуін күшейте түседі. Интернет-байланыстар, әсіресе, саяси акторларға, оның ішінде саяси партиялар үшін ерекше маңызды.

Технологиялардың үздіксіз әрі қарқынды ырғақта даму дәуірінде саяси, мемлекеттік және бизнес-актор үшін өзінің іс-қимылын айналасындағы ахуал талаптарына сәйкес құру маңызға ие. Өзінің имиджін өзекті технологиялардың мүм-

кіндіктері, оның басты көрінісі интернет-орта мен интербелсенді сервистері арқылы оңтайлы қалыптастыру заманауи шынайылықта бәсекеге қабілеттіліктің негізгі аспектілері екендігі белгілі.

Интернет, әсіресе, әлеуметтік медиа әлеумет үшін аса маңызды функцияның бірі коммуникативтік міндетті атқарады. Соған орай, әлеуметтік медиа саяси партиялар үшін тілдесу және тұрғындармен кері байланыс құралы, сондай-ақ өз идеялары мен көзқарастарын білдіру алаңы ретінде қолайлы.

Статистика мәліметтеріне сәйкес, 3 миллиардтан астам адам немесе әлемнің барлық тұрғындарының 46,4%-ы интернетті қолданушылар болып табылады. Егер әлеуметтік медианың аудиторияны қамту жағдайын тікелей қарастырсақ, «Ebizmba» зерттеулері ресурсына сәйкес, 2018 жылдың алғашқы жартыжылдығында әлеуметтік желілер рейтингінде бірінші орын Facebook-ке тиесілі (24-сурет)⁴⁹.



24-сурет. Әлеуметтік желілер рейтингі

⁴⁹ <http://www.ebizmba.com/articles/most-popular-websites>

Ақпараттық ілгерілеудің құралы ретінде әлеуметтік медианың әлеуетті тұстарына төмендегілер жатады.

Біріншіден, заманауи ақпараттық технологияларды пайдалана білуі тәжірибелі интернет қолданушыларға әлеуметтік желілерді өзінің саяси мансабын қалыптастыру үшін пайдалану мүмкіндігін береді. Бұған дейін тілге тиек еткеніміздей, мысал ретінде әлеуметтік желілердегі достарының саны басқа кандидаттармен салыстырғанда анағұрлым артық болған Б. Обаманың 2008 жылғы сайлауалды науқанын атап өтуге болады. Сайлауалды науқанында Facebook, YouTube, MySpace, BlackPeople әлеуметтік желілері және басқа да көптеген ресурстар іске қосылды. Аудиториямен қатынасты қамтамасыз еткен әлеуметтік желілер мен өзге де платформалардағы бес жүз арнаның бар болғаны 17-сі ғана ресми болатын. Қалғандарының барлығын осы әлеуметтік желілерге қатысушылар құрған еді. «YouTube»-тағы ресми арнада екі мыңға жуық ролик болды. Б. Обама өзінің президенттігін аяқтағаннан кейін де әлеуметтік желілер ресурстарын жеткілікті деңгейде тиімді пайдаланатын әлемдегі белсенді саясаткерлердің бірі ретінде қалып отыр (25-сурет).



25-сурет. Б.Обаманың әлеуметтік желілердегі ресми парақшалары

Екіншіден, әлеуметтік желілердің бірқатар дау тудырмас артықшылықтары бар, оның бірі – кез келген адаммен ол қай жерде болса да, қажет деп тапқан уақыт мерзімінде байланысқа оңай шығудың мүмкіндігі. Бұл саясаткерге немесе саяси партияға соңғы жаңалықтарды білу және адамдардың әлемдегі, сондай-ақ елдегі орын алып жатқан оқиғаларға қалай зейін қойғанын зерделеу үшін қолайлы.

Үшіншіден, әлеуметтік желілерде креативті, әлеуметтік маңызды шешімдер өте жылдам тиянақталады және жинақталады. Себебі, оларда биліктің жоғарыдан төменге берілетін ықпалы жоқ әрі желілік ресурс іске қосылады. Мәселен, әлеуметтік желілер краудсорсинг әдісін тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.


Төртіншіден, әлеуметтік желілер тұлғааралық және әлеуметтік коммуникация үдерісін айтарлықтай жеделдетеді. Қазіргі таңда бейнеконференция – онлайн режимінде мемлекетаралық және халықаралық мәселелерді шешуге, азаматтар мен персоналды оқыту шараларын өткізуге және басқаларына мүмкіндік беретін тиімді жұмыстың ажырамас бөлігі.

Осылайша, әлеуметтік медианың жоғарыда аталған ерекшеліктерін негізге ала отырып, қазіргі замандағы қоғамның заманауи даму кезеңінде олардың саяси үдерістерге тигізер әсері арта түсуде деп тұжырым жасауға болады. Әлеуметтік желілердің саяси ерекшелігі сол – хабарламалардың күнделікті миллиондаған ағынында олардың бірде бірі маңызды әрі ықпалды емес. Алайда, кейбір хабарламалардың төңірегінде көңіл бөлудің сандық көрсеткіші ұлғайғанда (дәйексөз алу, талқылау), олар бірнеше сағаттың ішінде әлеуметтік-саяси өмірдің сапалы нәтижесі деңгейіне жетеді, оған дәстүрлі әкімшілік механизмдері арқылы қарсы тұру мүмкін емес.

Сайлауда және партия құрылысында қажетті нәтижелерге

қол жеткізу үшін саяси партия бірқатар проблемаларды шешуі тиіс, олардың бастысы – партияның саяси қызметін реттеу мен коммуникативтік бағыттағы іс-қимыл стратегиясын айқындау. Орнықты таңдалған стратегиялық позициялар партияға негізгі партиялық ойыншылар арасында нығаюға, билік органдарына өтуге бағытталған іс-шараларды оңтайлы жоспарлауға және жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Әлеуметтік медиамен және интернет кеңістікпен жұмыс жасау кезінде саяси партиялар пайдаланатын технологиялар туралы сөз қозғағанда, жалпы тұрғыда төмендегі форматтарды бөліп көрсетуге болады (26-сурет):



Саяси көшбасшылар, саяси ұйымдар сайттарындағы интербелсенді жұмыс	<ul style="list-style-type: none"> • таратуды ұйымдастыру • ақпарат тарату
Сайлауалды акциялары	<ul style="list-style-type: none"> • онлайн-дебаттар • электрондық сауал қою • баннерлерді орналастыру
Желілік PR-технологиялар	<ul style="list-style-type: none"> • блогерлік пікірлер жазу • саяси арандату ресурстарын құру • саяси жарнама

26-сурет. Саяси партиялардың әлеуметтік медиадағы жұмыс технологиясы

Шындығында мұндай формат әңгіме құру мен кері байланысқа бағытталмаған, сондықтан да, ақпарат алуға емес, мүдделі пікір алмасу шарттылықтарына негізделген әлеуметтік желілерде сәтсіздікке ұшырайтыны күмәнсіз.

Саяси партиялардың әлеуметтік медиадағы ақпараттық жұмыстарының үлгілерін төмендегі бағыттар бойынша бөліп көрсеткен жөн.

1

САЯСИ ПАРТИЯ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ АҚПАРАТ ҰСЫНУ

әлеуметтік желілерде саяси партия туралы жалпы ақпарат орналастыру болжамы – құрылу тарихы, негізгі мақсаттары мен міндеттері, партия көшбасшысы және тағы сол сияқтылар

2

БРЕНДИНГ

әлеуметтік желілерді партияның логотиптері, бояу түстері, дизайны және ұрансөздерімен жұмыс жасауға пайдаланады, мақсаты - саяси партияның танымал болуын және брендінің тартымдылығын қамтамасыз ету.

Бұл үшін флеш-ойындар және қолданушылардың өздері әзірлеп, желіде тарататын вирусты роликтер пайдаланылуы мүмкін.

3

PR

қолданушылармен бренд пен партиялық аудиторияға бейілділер қатарын арттыру үшін өзара ықпалдасу, жаңа қолданушыларды тарту. Партияның белсенді форматтары желіде өздерінің аталу жағдайын қадағалайды, қажеттілік туындаса, мұны ахуалды немесе өздерінің позицияларын түсіндіре отырып, пікір қалдыруда ескереді. Белсенді насихаттың мақсаты партияны ауқымды аудиторияның тануы және жағымды қатынасының орнығуы болып табылады.

4

КРАУДСОРСИНГ

әлеуметтік желілерді кері байланысты жинау мен пейіл бұратындарды анықтау үшін табысты пайдалануға болады, бұл кезде қолданушыларды партияның дизайнын, логотипін жобалауға және сол сияқтыларға тарта білген жөн. Бұл жерде пилоттық үлгілерді тегін тестілеу, әлеуметтік сауалнама жүргізу, сын және басқа әрекет түрлері ыңғайлы.

Осылайша, белгілі бір тұжырымдар жасауға болады:

I. Жалпы интернет-кеңістіктер, әсіресе, әлеуметтік желілер саясаттың кез келген субъектісінің саяси қуатын қалыптастыруда тиімді құрал болып табылады. Әлеуметтік желілер қаншалықты дамыса, саясаткерлер мен мемлекет қайраткерлері оларды соншалықты белсенді пайдаланатын болады. Бұл – заманауи және мейлінше ұзақмерзімді саяси тренд.

II. Әлеуметтік БАҚ ақпаратты дәстүрлі әдістермен таратуға лайықталған орын емес. Мұндай ортада баспасөз баяндары, флаерлер мен direct-mail үлгісіндегі тәсілдердің өтпейтіні басы ашық жайт. Ақпаратты таратудың дәстүрлі тәсілдерінде хабарлама ақпаратты әлеуетті тұтынушыға жолданады. Ал әлеуметтік БАҚ-ты пайдаланғанда тұтынушы ақпаратты қолдануға қызығушылық танытатындай, тіпті, іздеуге мүдделі болатындай жағдай тудыру қажет. Ондай жағдайлар желі элементтері – өндіруші мен ақпаратты тұтынушы тараптардың арасында бұлжымас байланыс орнаған кезде орын алады. Бұл байланыстар жекелеген қолданушыларды әлеуметтік желіге қосу шартының абсолютті қажеттілігі болып табылады.

III. Қазіргі күні дәл осы әлеуметтік желілер азаматтар мен қоғамға өз мүдделерін билікке жылдам әрі тиімді жеткізу мүмкіндігін беріп отыр. Жуыр маңда шынайы саясат түгелге жуық дерлік виртуалды кеңістікке көшіп-қонуы ғажап емес.

Қамтудың бұқаралығы мен ақпаратты тарату жылдамдығының жоғарылығы қолжетімділікпен қосыла отырып, саяси аспектідегі ақпараттық жұмыстың құралы ретінде әлеуметтік желілердің бірегей бітімін айғақтайды. Осы ретте әлеуметтік желілердегі жұмыстың оң нәтижелеріне қол жеткізу тұрақты белсенділік пен оқиғалар «толқынында» болуды және қоғамның өзекті трендтерін талап етеді.

Соған байланысты қазақстандық саяси партиялардың әлеуметтік желілерге қатысуы мен белсенділігі идеялар мен жобаларды ілгері бастыруда, сондай-ақ саяси имиджді нығайтуда аса маңызды сипатты иеленеді.

Қазақстандық партиялардың әлеуметтік желілердің мүмкіндіктерін пайдалану тиімділігінің деңгейін анықтау үшін жазылушылардың саны, парақшаларды жаңартудың жүйелілігі және Facebook, Вконтакте, Instagram, Twitter әлеуметтік желілеріндегі контент сапасы секілді критерийлерді қарастырамыз.

Қазіргі таңда Facebook әлемдегі ең танымал әлеуметтік желі болып табылады. 2018 жылғы мәлімет бойынша оның ай сайынғы аудиториясы 1,5 миллиард адамнан асып түскен, ал Facebook сайтына күн сайын 1 миллиардтан астам қолданушы кіреді⁵⁰.

⁵⁰ «Лайкни.РУ» сайты - Facebook әлеуметтік желісі - <https://www.likeni.ru/tags/facebook>

Біздің елдегі танымалдылық деңгейі бойынша Facebook үшінші орында тұр (Вконтакте және Instagram әлеуметтік желілерінен кейін) және 485 мыңнан астам қолданушыларды біріктіреді⁵¹.

Facebook қоғамдық пікірге әсер етудің айтарлықтай дәрежесін иемденген. Ол сарапшылар мен бизнес қоғамдастық топтарында, сондай-ақ орта жастағы белсенді азаматтарға айрықша танымал. Қолданушылардың мемлекеттік саясатты қарқынды талқылауы, сонымен қатар Facebookтің мемлекеттік органдарға наразылық білдіретін «шағым кітабы» ретінде пайдаланылуы, өз кезегінде саяси партияларды аталған виртуалды алаңға кіріп, онда белсенді әрекет етуге итермеледі.

Қазақстандық Facebookті талдау саяси партиялардың аталған платформадағы белсенділігі түрлі дәрежеде екендігін көрсетті. Мәселен, партиялардың аймақтық бөлімшелерінің шектеулі санының ғана өз парақшалары бар. Бұған қоса жазылушыларының саны көп жағдайда мыңнан аспайды және контент өте сирек жаңартылады.

Жүйелі жұмысты 11 белсенді аккаунты бар «Ақ жол» партиясы жүргізіп келеді. Оның аймақтық өкілдіктерінде контент үнемі жаңартылып тұрады, алайда, жарияланатын материалдары көп жағдайда ақпараттық мазмұнда берілетінін атап өткен жөн (өткізілетін іс-шаралар жайлы құлақтандырулар, конкурстар туралы хабарландырулар, БАҚ-тағы жарияланымдар сілтемелері).

ҚХКП-да Facebookте орталық және аймақтық деңгейлерді қамтитын 11 аккаунты бар. Жазылушылардың ең жоғары

⁵¹ «Brand Analytics» сайты – Әлеуметтік желілердің статистикасы - <https://branalytics.ru/statistics>

саны партияның орталық парақшасында – 2 273. Десек те, ҚХКП-ның бірқатар аймақтық филиалдарының парақшаларында ақпараттық хроникаға орын берілмегенін атап өткен жөн. Басқаша айтқанда контент жоқ, партия эмблемасы жалғыз ғана қолжетімді ақпарат болып табылады. Мұндай парақшаның болуы желіні қолданушылар арасында ғана емес, жалпы қоғамдастықта партияның имиджіне жағымсыз әсер етуі мүмкін.

Facebook әлеуметтік желісіндегі партия аккаунттары ішінде ең танымалының бірі – 10 917 жазылушысы бар «Нұр Отан» партиясының ресми парақшасы болып табылады. Материалдары 2018 жылғы шілде айында берілген және ақпараттық сипатты иеленеді. Аймақтық деңгейде 12 филиалы бой көрсетеді, олардың әрқайсысының жазылушыларының саны (бір аймақта – 1 258 жазылушы) 700 адамнан аспайды. Барлық өкілдіктер парақшаларының мазмұны тұрақты негізде жаңартылып тұратынын атап өту керек.

ЖСДП-ның 4 аккаунты бар, жазылушылар қатары әр жеке жағдайда шамамен 700 адамды құрайды. Салыстырмалы түрде жазылушыларының аздығына қарамастан, партияның идеясын ілгері бастыру әрекеттері белсенді жүргізіледі, парақшалар контенті тұрақты түрде жаңартылады. Партияның аймақтық бөлімшелерінде 2 парақша бар, олардың жазылушыларының жалпы саны 400 адамнан аспайды. Десек те, оппозициялық риториканы қолдайтын желіні қолданушылар арасында ЖСДП-ның танымалдығы артуының белгілі бір көрінісі бар екендігі байқалады. Аталған тенденцияның жағымды динамикасына мемлекеттік құрылымдардың ин-

тернет кеңістігіндегі ақпараттық жұмысының пәрменділігінің төмендеуі әсер етуі мүмкін.

«Бірлік» партиясы Facebookте өзінің парақшасын, сондай-ақ ресми сайты тек 2016 жылғы сайлауалды науқаны кезеңінде ашты. Қазіргі уақытта желіде партияның 884 жазылушысы бар ресми парақшасы ғана ұсынылған. Аталған парақшадағы соңғы жарияланым 2017 жылдың қазан айында берілген (9-кесте).

Қазіргі уақытта қазақстандық интернет сегментінде қолданушылар саны бойынша көшбасшы Вконтакте әлеуметтік желісі – 1,5 миллионнан астам адам. Алайда, саяси партиялардың аталған әлеуметтік желіге қатысуы өте төмен. Бұл оның басым сипатта мектеп оқушылары мен студент жастар арасында танымал болуымен түсіндіріледі. Аталған ахуал өз кезегінде саяси партиялардың жастар қозғалыстарының жұмысы үшін үлкен қызығушылық тудырады. Өскелең буынмен жастар ұйымдарының іс-қимылы арқылы тиімді байланыс орнату кезінде әлеуметтік базаны ұзақмерзімді келешекте нығайта түсудің нақты алғышарттары бар.

№ 9 кесте



ПАРТИЯЛАРДЫҢ FACEBOOK ПАРАҚШАЛАРЫ

(2018 жылдың 1-ші жартыжылдықтағы жағдай бойынша)

Партиялар	Жазылушылар саны	Жаңартудың соңғы мерзімі
«Нұр Отан» партиясы	10 917	шілде 2018 жыл
ҚХКП	2 273	шілде 2018 жыл

Партиялар	Жазылушылар саны	Жаңартудың соңғы мерзімі
«Ақ жол» партиясы	1 154	шілде 2018 жыл
«Бірлік» партиясы	884	шілде 2017 жыл
«Ауыл» ХДПП	740	шілде 2018 жыл
ЖСДП	642	шілде 2018 жыл
«Азат» ҚДП	-	-

Вконтакте әлеуметтік желісінде «Ақ жол» партиясының бар болғаны екі парақшасы ғана бар, жазылушыларының жалпы саны 700 адамнан аспайды. Парақшалардың біріндегі материалдар 2016 жылдың ақпан айында жарияланған.

Салыстырмалы түрде ҚХКП-ның желіде ұсынылу жағдайы жақсы көрінеді, бірақ бұл ретте жазылушылар санының аздығы мен аккаунттардың ақпараттылығының төменгі деңгейін атап өту қажет.

«Нұр Отан» партиясы өзінің аумақтық филиалының бір ғана парақшасымен көрініс береді, жазылушылар саны – 830 адам.

Бұл ретте, Вконтакте желісіндегі партиялардың арасында жазылушыларды көбірек иеленгені ЖСДП – 1 075 адам. Алайда, партияның желіде парақшалары бар аймақтық филиалдары өз парақшаларының мазмұнын өте сирек жаңартады.

Осы жайттарды ескере келіп, қазақстандық партиялар өздерінің идеялары мен бастамаларын ілгерілету барысында Вконтакте әлеуметтік желісінде сылбыр әрекет етеді деп тұжырым жасауға болады (10-кесте).



ПАРТИЯЛАРДЫҢ «ВКОНТАКТЕ» ПАРАҚШАЛАРЫ

(2018 жылдың 1 -ші жартыжылдықтағы жағдай бойынша)

Партиялар	Жазылушылар саны	Жаңартудың соңғы мерзімі
ЖСДП	1 075	сәуір 2018 жыл
«Нұр Отан» партиясы	823	қыркүйек 2017 жыл
ҚХКП	225	сәуір 2018 жыл
«Ақ жол» партиясы	56	ақпан 2016 жыл
«Ауыл» ХДПП	-	-
«Бірлік» партиясы	-	-
«Азат» ҚДП	-	-

Instagram әлеуметтік желісі белсенді дамып келеді. Өзінің қатарына 1,3 миллионнан аса қолданушыны біріктірген платформа бүгінгі күні маркетингтің тиімді құралдарының бірі болып табылады.

Instagram-да 6 партияның «Ақ жол» мен «Бірлік» және «Азат» партияларынан басқа төртеуінің аккаунттары бар.

«Нұр Отан» партиясы өзінің 63 мыңнан аса жазылушысы бар парақшасын айтарлықтай белсенді жүргізеді. Жазылушылар саны бойынша көшбасшыдан тым алшақта қалып қойған «Ауыл» ХДПП-ның аккаунты екінші орында – 2 458. ЖСДП Instagram әлеуметтік желісінің мүмкіндіктерін белсенді пайда-

ланады, қазір олардың 2 308 жазылушысы бар. ҚХКП аккаунтына жазылғандар саны – 609 адам (11-кесте).

Саясаткерлердің тұрғындармен өзара ықпалдасуының тағы да бір бірегей арнасы Twitter болып табылады. Әлемдік көшбасшылар flash-жаңалықтар платформасын белсенді қолданады, олардың арасында айрықша орынды АҚШ президенттері иеленеді. Түрлі мәліметтер бойынша АҚШ-тың 45-ші президенті Д. Трампқа Twitter-де 47 миллионға жуық адам жазылған⁵². Қазақстандық мемлекет және қоғам қайраткерлері арасында да Twitter-ді белсенді пайдаланушылар бар.

№ 11 кесте



ПАРТИЯЛАРДЫҢ «INSTAGRAM» ПАРАҚШАЛАРЫ
(2018 жылдың 1-ші жартыжылдықтағы жағдай бойынша)

Партиялар	Жазылушылар саны
«Нұр Отан» партиясы	63 400
«Ауыл» ХДПП	2 458
ЖСДП	2 308
ҚХКП	609
«Ақ жол» партиясы	399
«Бірлік» партиясы	-
«Азат» ҚДП	-

⁵² «Звезда» медиа тобының сайты. Трамп өзінің Twitter-дегі аккаунтын кім жүргізетінін айтты - https://tvzvezda.ru/news/vstrane_i_mire/content/201801280559-4o9b.htm

Бүгінгі күні Twitter-де 4 қазақстандық саяси партия көрініс береді. Аталған виртуалды алаңда «Нұр Отан» партиясы айрықша белсенділік танытады. Оның жазылушыларының саны 20 мыңнан асып түседі. Бұл ерекшелікті басқа партиялармен салыстырғанда «Нұр Отан» партиясының Twitter алаңына айтарлықтай ұзақ уақыт «қатысуымен» түсіндіруге болады.

Басқа партиялар аккаунттары оқырмандарының саны шамамен 100 адамды құрайды. «Ауыл» ХДПП мен «Бірлік» бірде бір твит жарияламаған (12-кесте).

№ 12 кесте



ПАРТИЯЛАРДЫҢ TWITTER ПАРАҚШАЛАРЫ

(2018 жылдың 1-ші жартыжылдықтағы жағдай бойынша)

Партиялар	Оқырмандар	Твиттер
«Нұр Отан» партиясы	20 100	>10 мың
«Ақ жол» партиясы	179	49
ЖСДП	101	124
ҚХКП	74	806
«Ауыл» ХДПП	5	-
«Бірлік» партиясы	-	-
«Азат» ҚДП	-	-

Заманауи әлем ақпаратты іздестіру, тұтыну және тарату үдерістеріндегі түбегейлі өзгерістер кезеңін бастан кешіріп жатыр. Бұл қайта құрулар өз кезегінде тұрғындармен ақпараттық жұмыс жүргізу тәсілдерін және коммуникация арналарын

жетілдірудің қажеттілігін өзекті ете түседі. Партияның саяси күш-қуаты тұрғындардың қолдауына тәуелді болуы себепті, бұл пайымдаулар саяси топтардың іс-қимылдары үшін негізгі маңыздылықты иеленеді. Сондықтан да ақпараттық кеңістіктің жаңа трендтерін терең зерделеу, әрекеттер аясын кеңейту және жалпы алғанда интернеттегі жұмыс тиімділігін арттыру саяси партиялардың танымал болуының басты факторларының бірі ретінде көрініс береді.

ТҰЖЫРЫМ

Саяси партиялар мемлекет өмірінде маңызды роль атқарады. Аталған институт азаматтық қоғамның тепе-теңдігін қалыптастыруға септігін тигізеді және мемлекеттік саясатты құру ісінде халықтың ерік-жігерін білдіруге жәрдемдеседі.

Тәуелсіздік жылдарында елімізде заңнамалық база мен жүйе қалыптасты, онда тіркелген әр қоғамдық бірлестікке саяси күреске қатысудың тең мүмкіндігі берілген. Партиялардың алуан түрлілігі, елдің қоғамдық-саяси өмірінде олардың ролінің нығаюы қазақстандық қоғамның демократия принциптеріне бейілділігінің айғағы болып табылады.

Қазақстанның партиялары қалың бұқара топтарының және қоғамның барлық санаттарының мүдделерін білдіру мен қорғау бағытын ұстанады. Саяси партиялардың негізгі мақсаты әр азаматтың өмір сүру деңгейі мен сапасын арттыру жолымен өркендеген, бәсекеге қабілетті және демократиялық мемлекет құру болып табылады.

Отандық партия алаңының қалыптасуы мен қайта құрылу кезеңдері бағалы тәжірибе жинақтау мүмкіндігін берді, олар, тиісінше, іс үстіндегі партиялардың құрылуының іргетасына айналды. Бүгінгі күні партиялар дәстүрлі жұмыс үлгілерімен қатар, әлеуметтік базаны кеңейту және халықаралық ынтымақтастықты нығайту бағытындағы саясатты дәйекті жүргізіп келеді.

Осы ретте Қазақстанда партиялық құрылыс үдерісі әлі аяқталмағанын ескеру қажет. Жаңа технологиялардың жедел дамуы саяси партиялардан өздерінің бағдарламалық құжаттарын әзірлеу және тұрғындармен қарым-қатынас мәселелеріне қатысты жұмыс тәсілдерін қайыра форматтауды талап етеді.

ПАРЛАМЕНТТЕ ҰСЫНЫЛҒАН ҚАЗАҚСТАННЫҢ САЯСИ ПАРТИЯЛАРЫНЫҢ ДОКТРИНАСЫ МЕН БАҒДАРЛАМАЛАРЫ

«НҰР ОТАН» ПАРТИЯСЫНЫҢ ДОКТРИНАСЫ

1. «Нұр Отан» партиясының ХХІ ғасырдағы миссиясы

«Нұр Отан» – халықтық партия. Бізге ел тағдыры үшін жауапкершілік жүктелген. Партиямыз өзінің құрылған күнінен бастап адамның, қоғамның және мемлекеттің дамуына жасалатын жағдайды жақсарту мақсатымен экономика мен саясатта ауқымды реформаларды тұрақты түрде жүзеге асырып келді.

Партияның негізін қалаушы – Елбасының басшылығымен Қазақстан халқы экономикасы серпінді дамыған қарымды қоғам және демократиялық мемлекет құрды. Біздің күш-жігеріміздің басты нәтижесі «Қазақстан-2030» Стратегиясының негізгі межелерінің мерзімінен бұрын жүзеге асырылуы болды.

Бүгінгі таңда мемлекеттілік құру жөніндегі тарихи міндет орындалды. Бұл барлық қазақстандықтардың бірлігі мен келісімінің, табанды да қажырлы еңбегінің, ортақ құлшынысы мен үміттерінің жемісі.

«Нұр Отан» партиясы – қоғамды ұйыстыратын және Елбасының мемлекеттік бағытын жүзеге асыруды қамтамасыз ететін басым саяси күш.

Партия доктринасы «Нұр Отанның» ХХІ ғасырдағы миссиясын және «Қазақстан – 2050» Стратегиясын тиімді жүзеге

асыруды қамтамасыз етудегі біздің алар орнымызды айқындайды.

Біздің миссиямыз – эволюциялық дамуды қамтамасыз ету және алға қойған мақсатына ұмтылатын, заң талабын сақтайтын әрі еңбекқор азамат өзіне де, қоғамға да пайда келтіре алатын демократиялық, өркендеген, бәсекеге қабілетті және әлеуметтік бағдарлы мемлекет құру.

Біздің басты жетістігіміз – ел Тәуелсіздігі

Халқымыздың қасиетті құндылығы – Тәуелсіздік. Қазақстанның барлық табыстарына Тәуелсіздіктің арқасында қол жеткізілді. Тәуелсіздік – бар бақытымыздың бастауы. Қалыптасқан мемлекеттің берік іргетасын орната отырып, біз алдағы кезде де халқымыздың бірлігі мен келісімін нығайта береміз. Мемлекеттің, қоғамның және азаматтардың күш-жігері түгелдей Тәуелсіздікті нығайтуға бағытталуға тиіс. Елдігімізді қорғау – біздің Тарих алдындағы, болашақ ұрпақтар алдындағы парызымыз.

Біздің идеямыз – Қазақстанды өркендету

Қазіргі таңда мемлекеттің орнықты дамуы үшін қажетті жағдай жасалған. Өркендеу дегеніміз біз үшін – барлық азаматтардың өмір сапасын ұдайы жақсартуды қамтамасыз ететін экономикалық дамудың жоғары қарқынына қол жеткізу. Сондықтан біздің өзекті міндетіміз – орнықты экономика мен қоғамдық-саяси тұрақтылықтың арқауы болып табылатын қуатты орта тапты қалыптастыру. Біз Қазақстанның одан әрі өркендей беруі үшін жауапкершілікті өзімізге жүктейміз.

Біздің саяси тұғырнамамыз – орталықшылдық

Тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап Елбасымыз тұрақтылық пен бірлікке, әлеуметтік-экономикалық прагматизмге, орнықты даму мен халықтың барынша кең топтары мүдделерінің теңгеріміне негізделген орталықшылдық, яғни центризм саясатын жүргізіп келеді. Біздің барлық шешімдеріміз бен іс-қимылдарымыздың өзекті шарты – халық тағдыры үшін жауапкершілік және қоғамдық үнқатысу.

Біздің саяси идеалымыз – Елбасы

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев – біздің партиямыздың негізін қалаушы. Тәуелсіздікке қол жеткізу мен Қазақстан табыстарының дүние жүзінде танылуы – Елбасының ерен еңбегі. Халқымыздың болашағын Елбасының мемлекеттік бағыты айқындайды. Елбасы Қазақстанның стратегиялық мақсаттарын белгілеп қана қоймай, оларға қол жеткізудің жағдайын да жасады. Елбасының даналығы, гуманизмі, мұқалмас ерік-жігері, болашаққа ұмтылысы және халқына шексіз беріле қызмет етуі біз үшін де, болашақ ұрпақтар үшін де әрқашан үздік үлгі бола бермек.

2. Біздің құндылықтарымыз

Адам

Біздің басты құндылығымыз – Адам, оның қадір-қасиеті мен құқы, амандық-саулығы мен заңдық мүдделері. Әр азамат туғаннан дені сау, білімді болуға, еңбек етуге, лайықты еңбекақы табуға, отбасын құруға, жеке баспана иеленуге, өз балаларының болашағын қамдауға мүмкіндік беретіндей

әлеуметтік және басқа да игіліктерге кепілді әрі тең тұрғыда қол жеткізе алуға тиіс.

Бостандық

Адам бостандығы дегеніміз – әркімнің өз болашағын өзі таңдау еркі. Адамның Конституция кепілдік ететін құқы мен бостандығын жүзеге асыру біздің басты міндетіміз болып табылады. Бір адамның бостандығы басқа адамның бостандығына нұқсан келтірмеуге тиіс. Бостандық жауапкершілікпен баянды етілмек.

Заңның үстемдігі

Заң адам және азаматтың құқы мен бостандығын, адамның қадір-қасиетін, жеке меншікті қорғайды. Мәртебесіне және шыққан тегіне қарамастан Заң алдында жұрттың бәрі тең. Конституция мен заңнаманы бұлжытпай сақтау – әділетті қоғамның, баршаға тең мүмкіндік жасаудың негізі.

Әділеттілік

Әділеттілік дегеніміз – баршаның мүмкіндіктерінің теңдігі. Мемлекет азаматтардың көздеген ойын жүзеге асыруға теңдей жағдай жасауға тиіс. Алайда, мемлекет берген сол мүмкіндікті қалай пайдаланатыны азаматтардың өздерінің таңдауы мен жауапкершілігіне байланысты.

Ынтымақшылдық

Халықтың бірлігі мен қоғамдық келісім Қазақстанның өркендеуінің шешуші шарты болып табылады. Бірлік пен

келісімнің негізі – ынтымақшылдық. Бұл – өзара сенім мен өзара жауапкершілік. Ынтымақ отбасынан басталады. Ол отбасы мүшелерінің, достардың, айналадағы адамдардың бір-біріне көмектесуінен, рухы күштілердің әлсіз жандарға, бақуатты кісілердің тұрмысы төмендерге, денсаулығы жақсы адамдардың науқастарға, жасы үлкендердің өзінен кішілерге жанашыр болуынан танылады.

Болашаққа ұмтылыс

Біз әрдайым биік межелерді көздеп, мақсатымызға қол жеткізіп келдік. Біздің болашаққа ұмтылысымыз және жетіле түсуге ұдайы талпынысымыз – Қазақстанның одан әрі өркендеуінің аса маңызды шарты. Сондықтан да жаңа оқу-білімге ұмтылу, еңбек ету және басқалардың еңбегін құрметтеу, өз денсаулығына дұрыстап қарау және дәйім өзін өзі ұштап отыру әрбір азамат үшін өмірінің қалыпты қағидасына айналуы керек.

Отбасы және Дәстүр

Жаһандану дәуірінде өзінің тарихының, мәдениеті мен тілінің қадіріне жететін халық қана табысты өркендей алады. Барлық ұлттардың өзіндік ерекшелігін сақтай отырып, қазақ тілін, мәдениет пен дәстүрді дамыту біздің стратегиялық басымдығымыз болып табылады. Отбасы – біздің қоғамымыздың құндылықтарын сақтаудың аса маңызды институты. Ұрпақтар сабақтастығы, жасы үлкендерге құрмет көрсету, балаларға қамқор болу, өзара қолдау дәстүрі, еңбексүйгіштік пен білімге құштарлық дәл отбасында қалыптасады. Отбасын

нығайту мен дәстүрлерді сақтау – мемлекеттілігімізді дамытудың кепілі. Сондықтан да біз отбасының мерейін барынша үстем ете беруіміз керек.

3. Азамат және мемлекет: өзара іс-қимылдың жаңа қағидаттары

Азаматтарға қызмет ететін мемлекет

Қоғамның дамуында мемлекеттің алар орны қашанда өзекті болған және солай болып қала береді. Бұл орайда, бізге мемлекет пен азаматтардың өзара қарым-қатынасының мүлде жаңа сипатын қалыптастыру қажет. Мемлекет пен азаматтар – құқықтары мен міндеттері конституциялық тұрғыдан бекітілген тең әріптестер. Мемлекет азаматтардың заңдық мүдделерін көздеуге, құқы мен бостандығын баянды етуді қамдауға, олардың Конституция мен заңнаманы бұлжытпай орындауына бағыт-бағдар ұстауға тиіс.

Жауапты азаматтық қоғам

Ортақ мүдделері бойынша, мәселелерді шешу үшін біріккен азаматтардың белсенділігі ел дамуының аса маңызды шарттарының бірі болып табылады. Жауапты азаматтық қоғам – демократиялық дамудың және мемлекеттік басқару тиімділігінің өзекті факторы. «Нұр Отан» партиясы – азаматтық қоғамның ажырағысыз бөлігі. Сондықтан біз азаматтық бастамаларды дамытуға, қоғамдық бірлестіктер арасында кеңінен үнқатысуға, қоғамдық бақылауды күшейтуге жағдай жасауға тиіспіз. Біз мемлекет пен азаматтық қоғамның өзара тиімді іс-қимыл жасауы үшін жауаптымыз.

Азаматтары еркін әрі жауапты ұлт

Мықты ұлт дегеніміз – мемлекеттің дамуы мен өркендеуіне үлес қосуға дайын тұратын жауапты азаматтар. Біз еліміздің азаматтары еркін, ынтымақшыл, заңға тақ тұратын, болашаққа ұмтылғыш, дәстүр мен мәдениетті құрметтейтін, отбасы құндылықтарын қастерлейтін және келер күнге құлшынған адамдар болғанын қалаймыз. Жастарды отаншылдықтың арқауына айналатын осынау құндылықтарды қастерлейтіндей етіп тәрбиелеу әрқашанда Қазақстанның табысқа жетуі мен өркендеуінің кепілі болмақ.

4. Жалпыға ортақ табыстың факторлары

Бірлік пен келісім

Біздің елімізді халықаралық қоғамдастық бейбітшілік пен келісімнің, мәдениеттер мен діндер үнқатысуының үлгісі ретінде таниды. Қазақстанның табысты дамуының сенімді іргетасы – халықтың бірлігі мен қоғамдық келісім. Біз өз қоғамымызды сан алуан көзқарастар мен идеялар кең өріс алған плюралистік қоғам ретінде танимыз. Елдегі бірлік пен келісімді сақтау демократиялық институттардың одан әрі дамуы мен тиімділігіне байланысты болмақ. Сондықтан біз қоғамымыздағы демократиялық мәдениет пен дәстүрлерді нығайтуға барынша ықпал етуге тиіспіз.

Төл мәдениет және руханилық

Мәдениет пен руханилық қоғамды біріктіреді. Мәдениет – өмірдің өнерден, тарихи мұрадан, дәстүр мен тілден нәр алатын аса маңызды саласы. Біз қоғамымыздың бірегей-

лігін айқындайтын мәдени және рухани құндылықтарды сақтап, ұлғайта түсуді жақтаймыз. Қазақстан конфессияаралық келісімнің үлгісі, діндер үнқатысуының әлемдік орталығы болып табылады. Біздің зайырлы мемлекетімізде сенім-наным мен дін – руханилықтың, моральдің және толеранттылықтың маңызды қайнар көзі. Мәдениеттердің өзара кірігуі жеделдей түскен заманда біз, өзгелердің жақсы жағын бойымызға сіңіре отырып, өзіміздің мәдени төлтумалығымызды сақтай білуіміз қажет.

Қуатты экономика

Экономикалық саясат барлық азаматтардың тұрмыс жағдайын жақсартуға бағытталуға тиіс. Біз жеке меншікке қол сұқпауды, ашық бәсекелестікті, макроэкономикалық тұрақтылықты, қолайлы инвестициялық ахуалды, өңірлердің теңгерімді дамуын, экономиканы әртараптандыруды, инфрақұрылымды дамытуды, инновациялар мен экспортты ынталандыруды жақтаймыз. Бұл кәсіпкерлік бастаманы жүзеге асыруға қажетті жағдай жасайды, экономиканың орнықтылығы мен икемділігін қамтамасыз етеді. Бизнес экономикалық дамудың қозғаушы күші, инновациялардың негізгі тартушы тетігі болып табылады, жұмыспен қамту жөнінде маңызды әлеуметтік миссия атқарады, орта таптың негізін және азаматтық қоғамның тірегін құрайды. Сондықтан біз отандық бизнесті жан-жақты қолдау жағындамыз. Өзара жауапкершілік пен әріптестік мемлекет пен бизнес қарым-қатынасының маңызды қағидаты болуға тиіс. XXI ғасыр экономикасының негізі – ғылым мен инновация, тиімділігі жоғары, қуат үнемдейтін әрі экологи-

ялық жағынан таза технологиялар. Экологиялық пайымдауды енгізу – табиғат ресурстарын көкейге қонымды пайдаланудың және оны ұрпақтар арасында әділетті бөлудің кепілі.

Әділетті әлеуметтік саясат

Әлеуметтік саясат әрбір азаматтың әлеуетін жүзеге асыруға теңдей мүмкіндіктер жасауға бағытталуға тиіс. Азаматтардың барлығы өмірдің жоғары үлгі-қалыптарына сай келетін әлеуметтік қызметтерге тең қол жеткізе алатын болуы керек. Бұған мемлекеттің, жұмыс берушілер мен азаматтардың ынтымақшыл жауапкершілігі арқасында қол жеткізілуі қажет. Атаулы әлеуметтік көмек халықтың әлсіз топтарына ғана көрсетілуі керек. Мемлекеттік қолдау ең алдымен азаматтарды толыққанды әлеуметтік және экономикалық өмірге белсенді араластыруға бағытталуы керек.

Зияткер ұлт

Бүгінгі әлемде үдемелі экономикалық дамудың өзекті шарты білім мен инновация болып табылады. Жаңа білім мен серпінді технологияларды тың идеялар мен білімді бойға сіңіруге дайын тұратын, сыни тұрғыдан және жасампаздық ыңғайда ойлай білетін, өз еңбегіне жауапкершілікпен қарайтын білімді де кәсіби азаматтар жасайды. Зияткер ұлттың негізін тап солар құрайды. Ұлттың зияткерлік әлеуетінің дамуы білім мен ғылымның өмір бойы білімді жетілдіруге, дағдылар мен іскерлікті шыңдауға ынталандырып, мүмкіндік ашатын жүйесінің тиімділігіне байланысты. Бізге азаматтарымыздың зияткерлік әлеуетін барынша жүзеге асыру үшін қолайлы жағдайлар және инновациялық инфрақұрылым жасау қажет.

Тиімді мемлекеттік басқару

Мемлекеттік органдар халықтың мүддесіне қызмет етуі керек. Біз мемлекеттік басқарудың тиімділігін және баршаға көрсетілетін мемлекеттік қызметтің сапасын қамтамасыз етуге тиіспіз. Біз жергілікті өзін өзі басқаруды жетілдіре түсуге және тұрғылықты халықтың мәселелерін тиімді шешуге септесетін боламыз. Сыбайлас жемқорлықпен күресу баршаның және әр адамның міндеті. Сыбайлас жемқорлық біздің мемлекеттілігіміз бен демократиямызды жегідей жейді. Сондықтан да біз сыбайлас жемқорлықтың жолын кесудің және қоғамда оның кез келген көрінісіне ымырасыздық ахуалын қалыптастырудың жүйелік жағдайын жасаймыз. Мемлекеттік басқару жүйесі барынша ашық әрі қоғамдық бақылау үшін қолжетімді болуы керек.

Әлемге ашық Қазақстан

Қазіргі дүниеде елдің өркендеуі мен қауіпсіздігіне әлемдік қоғамдастықтың өміріне белсенді әрі жауапты қатысу ғана кепілдік бере алады. Біз Қазақстанның сыртқы саясатының теңгерімділігі мен көпвекторлығын жақтаймыз. Сыртқы саясаттың басым бағыттары – ұлттық мүддені қорғау, қорғаныс қабілетін күшейту және қауіпсіздікті қамтамасыз ету. Біздің еліміз үшін ықпалдастық үдерістері өмірлік қажеттілік және орнықты дамудың кепілі болып табылады. Олардың арқауына қашанда халық пен мемлекеттің мүдделері алынуы керек.

5. Партияның тарихи жауаптылығы

Біз ХХІ ғасырдың сын-қатерлеріне сақадай сай тұруға, елдің дамуы мен халықтың келешегі үшін жауапты болуға дай-

ын екенімізді мәлімдейміз. «Нұр Отан» партиясы алдағы кезде ел өміріндегі өзінің басым рөлін сақтауға бекінген. Ортақ игілікке қол жеткізу үшін біз барлық партиялар мен бірлестіктермен белсенді үнқатысуға, сындарлы пікір алмасуға және ой бөлісуге дайынбыз. Біз Елбасының мемлекеттік бағытының мызғымайтындығы және тиімді жүзеге асырылуы азаматтарымыздың лайықты өмір сүруін қамтамасыз ететініне сенеміз! Біз әр азаматтың әлеуетін, жасампаздық күш-қуатын, болашаққа деген сенімі мен білімін өз Отанымыздың игілігіне жұмсауға тиіспіз! «Нұр Отан» – ХХІ ғасырдың партиясы! «Нұр Отан» – болашақтың партиясы!

БАҚУАТТЫ ҚОҒАМ: ОНЖЫЛДЫҚТЫҢ 10 МАҚСАТЫ

«НҰР ОТАН» ПАРТИЯСЫНЫҢ 2030 ЖЫЛҒА ДЕЙІНГІ БАҒДАРЛАМАСЫ

Партияның табыстары – ел жетістіктері

Соңғы жиырма жыл Қазақстан үшін ауқымды өзгерістер мен ұлы жеңістер кезеңі болды. Қысқа мерзім ішінде біз мемлекетіміздің бет-бейнесін толығымен өзгерттік. Елдің әр табысында, әр жетістігінде біздің партиямыздың да қосқан үлесі бар.

Партияның даму кезеңдері

1999 жылғы 1 наурызда бірінші съезде «Отан» партиясын құру туралы жария етілді.

Жаңа партия құру сыртқы және ішкі сын-тегеуріндер мен қауіп-қатерлерге берілген тарихи жауап болды. Біз қоғамның басты реформаторлық күштерін біріктірдік.

Тұтастай алғанда біздің саяси ұйымның тарихын шартты түрде төрт кезеңге бөлуге болады.

Бірінші кезең 1999-2006 жылдарды қамтиды. Бұл – партияның қалыптасу уақыты. Бұл кезеңде «Отан» ұйымдық тұрғыдан қалыптасып болды.

Партия мүшелері бастауыш ұйымдарға бірігіп, жергілікті жерлерде партиямыздың өкілдіктері ашылып жатты.

Бұл – алғашқы жеңістер кезеңі еді. 1999 жылғы сайлауда-ақ партия Парламент Мәжілісіндегі депутаттық мандаттардың үштен бірін алды. Келесі, 2004 жылы өткен сайлауда

партиямыздың Мәжілістегі фракциясында 70% -ға жуық орын болды.

2006-2013 жылдарды екінші кезең деп айтуға болады. Ол Қазақстанның саяси ұйымдары мен мүдделестердің Мемлекет басшысының бағыты айналасында бірігуімен байланысты. 2006 жылы «Асар», Азаматтық және Аграрлық партиялар өздерінің «Отанмен» бірігетіндері туралы мәлімдеді.

Ұйым мүшелерінің ұсынысы бойынша партияның атауы да өзгерді. Мұны партияның жаңа тарихи миссиясы алға тартқан еді. «Нұр Отан» сияқты қуатты саяси ұйымның құрылуы елдің саяси тарихындағы жаңа дәуірдің басталғанын білдірді.

Сол 2007 жылы елдің саяси жүйесінде қазақстандық партиялардың рөлін айтарлықтай арттырған Конституциялық реформа жүргізілді.

Үшінші кезең 2013-2017 жылдарды қамтиды. «Нұр Отан» Қазақстанның жетекші саяси партиясы мәртебесіне ие болды. Ребрендинг жүргізілді. Партияның Доктринасы қабылданды.

«Нұр Отан» дағдарысқа қарсы шаралардың, индустриаландыру бағдарламаларының іске асырылуына белсенді түрде мониторинг жасай бастады.

Партияның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың 2015-2025 жылдарға арналған бағдарламасы қабылданды.

Сол кезде «Қазақстан – 2030» стратегиясын қолдау үшін қоғамымыздың барлық сындарды күштерін біріктірген демократиялық күштердің жалпыұлттық коалициясы құрылды.

Қазіргі заманғы кезең партияның жаңа жаңғыртушы күн тәртібімен ерекшеленеді. Партия Төрағасы 2017 жылдың соңында өткен Саяси кеңестің отырысында «Нұр Отанның»

қызметін трансформациялау, жұмыстағы форматтар мен тәсілдерді өзгерту жөнінде бірқатар нақты тапсырмалар берді.

Партия мүшелерінің алдына партия қызметінің ішкі трансформациясын жүзеге асыра отырып, Елбасының ел өмір-тіршілігінің барлық саласындағы ауқымды жаңғырту жобасына белсене қатысу міндеті қойылды. Партиялық жаңғыртудың нәтижесінде «Нұр Отан» 21-ғасырдың тиімділігі жоғары, инновациялық, бәсекеге қабілетті, заманауи партиясы болуға тиіс.

Партияның 20 жылдағы жетістіктері

- «Нұр Отан» Елбасы бағытының басты жетекшісіне айналды.

Партия мүшелері барлық реформалардың көш басында келеді. Олар елді дамыту стратегиясын түсіндіріп, іске асырады, оның орталықта және өңірлерде орындалуына бақылау жасайды.

Партияның ҚР Парламенті Мәжілісіндегі фракциясы жаңғыртуды заңнамалық қолдауды қамтамасыз етеді. Оның белсенді түрде қатысуымен 20 жыл ішінде әлеуметтік-экономикалық және саяси реформалардың іске асырылуын, қоғамның теңгерімді дамуын қамтамасыз ететін 2 мыңнан астам заңнамалық акт қабылданды.

2017 жылғы конституциялық реформа Парламент өкілеттіктерін күшейтті де, партия өзінің фракциясы арқылы мемлекетті басқару жүйесінде бұрынғыдан да ауқымдырақ рөлді атқара бастады.

- «Нұр Отан» Қазақстан халқы Ассамблеясымен бірге

қоғамдық келісім мен татулықты сақтаудың негізгі күшіне айналды.

Қазақстанда 1 наурызда Алғыс айту күні атап өтіледі. Бастарына қиын-қыстау күн туған кезде танытқан мейірімі мен қамқорлығы үшін барлық этностар қазақ халқына ризашылығын білдіреді.

Татулық пен келісім – бұл орасан зор жұмыстың нәтижесі. Соңғы 20 жылда «Нұр Отан» еліміздегі қоғамдық келісімді дәйектілікпен нығайтып, Елбасының осы саладағы саясатын іске асырды.

- «Нұр Отан» халық мүддесінің нақты білдірушісіне айналды.

Партияның бүкіл елдегі қоғамдық қабылдауларына күн сайын жүздеген қазақстандықтар келеді. Осы жылдар ішінде миллиондаған шағымдар, үндеулер мен өтініштер қаралды.

«Нұр Отан» адамдарға олардың толғақты проблемаларын шешуге нақты түрде көмектеседі.

Адамдардың қолдауының арқасында 2016 жылғы сайлауда біздің партияны жақтап сайлаушылардың 82%-ы дауыс берді. Жергілікті өкілді органдардағы депутаттардың да 90%-ынан көбі біздің серіктестеріміз болып табылады.

20 жылда «Нұр Отан» қазақстандықтардың басым көпшілігінің мүддесін білдіретін халықтық партияға айналды.

«Нұр Отан» – болашақтың партиясы.

Мемлекет басшысы 2019 жылды Жастар жылы деп жариялады.

Бүгінде жастар Қазақстанда өздерін жайлы да сенімді сезінеді. Мұнда біздің партия мүшелерінің де еңбегі бар. «Жас

Отан» жастар қанаты жас буынның белсенді өкілдерін біріктірді.

«Жас Отан» өздерінің көшбасшылық позицияларын нығайтып, елдің барша жастары үшін тартылыс орталығы болып отыр.

- «Нұр Отан» нақты істер партиясына айналды.

Біз өзіміздің стратегиялық құжаттарда, соның ішінде Партияның 2011-2020 жылдарға арналған бағдарламасы мен Партияның 2016 жылғы «Қазақстан-2021: Бірлік. Тұрақтылық. Жасампаздық» сайлауалды бағдарламасында алға қойылған барлық міндеттерді табыспен орындаудамыз.

Ағымдағы қызметінде партия жобалық тәсілдерді енгізіп, күш нақты жобаларға жұмылдырылды.

Партияны цифрландыру процесі жүріп жатыр. Нақты іс-әрекет жасайтын кадрлық резервті қалыптастыру механизмі іске қосылды. Бастауыш партия ұйымдарымен жұмыс жандана түсуде.

Партия Президенттің Қазақстан халқына жолдауының және елдің басқа да стратегиялық құжаттарының іске асырылуына тұрақты түрде мониторинг жасайды.

Біз көп нәрсеге қол жеткіздік. Көп нәрсені жасай алдық. Бірақ осымен тоқтауға болмайды.

Біз өзіміздің алдағы жылдарға арналған мақсаттарымыз бен жоспарларымызды нақты айқындап алуымыз керек.

Қазақстанның күн тәртібі

Әлеуметтік жаңғыртуға бағыт алу

Әлемдік қауымдастықтың ажырағысыз бөлшегі ретінде біздің еліміз де өз дамуының аса маңызды кезеңін бастан ке-

шуде. Елбасының әлемнің неғұрлым озық дамыған отыз елінің қатарына кіру мақсатында Қазақстанды жаңғыртуға арналған стратегиясы жаһандық сын- тегеуріндерге жауап болды.

2017 жылғы 31 қаңтардағы Қазақстан халқына Жолдауында Мемлекет басшысы Қазақстанды үшінші жаңғырту туралы жария етті. Ол біздің еліміздің таяудағы онжылдықта дамуын айқындап, қоғам тіршілігінің түйінді салаларын қамтитын жүйелі сипатқа ие болып отыр.

Жаһандық өзгерістер бізді экономиканың барлық салаларын Төртінші өнеркәсіптік революция талаптарына орай белсенді түрде жаңғыртуға түрткі болып отыр. 2018 жылғы Жолдауда Мемлекет басшысы елді технологиялық және инфрақұрылымдық дамытудың сапалы жаңа кезеңіне серпін берді. Цифрландырудың есебінен бәсекеге қабілеттілік пен еңбек өнімділігі арта түсуде.

Әлемдік тарих жаңғыртудың өзіндік ұлттық код сақталған жағдайда ғана табысты болатынын дәлелдейді. Сондықтан да қоғамымыздың дамуы үшін ел Президентінің 21-ғасырдың жаһандық өмірінің сын- тегеуріндеріне барабар құндылықтар жүйесін қалыптастыратын «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» және «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақалаларында баяндалған қоғамдық сананы жаңғырту бағдарламасының орасан зор рөлі бар.

Мемлекет басшысы 2018 жылы ұсынған Бес әлеуметтік бастама, сондай-ақ «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Қазақстан халқына Жолдауы ел азаматтарының өмір сапасының жаңа стандарттарына қол жеткізуге бағытталған.

«Нұр Отан» партиясы бұдан әрі де ел Президенті, партиямыздың Төрағасы Н.Ә.Назарбаев бастамашылық жасаған барлық стратегиялық бағдарламалардың іске асырылуына барынша белсене қатысатын болады.

Партияның күн тәртібі

Халықтың көпшілігінің мүддесін білдіретін саяси күш қана елді жан-жақты жаңғыртуды жүзеге асыруға қабілетті. «Нұр Отан» партиясы тап сондай күш болып табылады. Біз партиямызды елді жаңғыртудың басты қозғаушы күші ретінде қарастырамыз.

Біз «Нұр Отан» партиясының 2030 жылға дейінгі бағдарламасы шеңберінде Қазақстанның жаңа әлеуметтік бағытын тұтастай қарастыруды ұсынамыз.

Бағдарлама Үкіметпен, әкімдермен және Қазақстан Парламенті Мәжілісіндегі фракциямен және барлық деңгейдегі мәслихаттармен бірлесе жүзеге асырылады.

Ол мемлекеттің дамыған елдер қатарына кіруі үшін реформалаудың сыннан өткен әрі тиімді тәсілі болып табылатын Бес институционалдық реформада негізделген бағытты жалғастырады.

Біз заңның үстемдігін, орнықты экономикалық өсуді, қазіргі заманға сай мемлекеттік аппаратты қалыптастыруды, оның есепті болуын және өкілдері бірлесіп, өркендеген және орнықты ел болуға ұмтылған болашағы бір ұлт болуды жақтаймыз.

Тұтастай алғанда, бағдарлама Мемлекет басшысының елімізді жан-жақты жаңғырту бағытын жалғастыруды және алға қойған мақсаттарға қол жеткізуді қамтамасыз етуі керек.

Біздің құндылықтарымыз

Біздің бағдарламамыз елдің үш іргелі құндылықтарына негізделеді.

Тәуелсіздік. Қазақстанның барлық табыстары тап соның арқасында ғана мүмкін болды. Тәуелсіздік – бұл ел мен барлық азаматтың дамуы мен өркендеуінің негізі. Мемлекеттің берік іргетасын қалап, біз Тәуелсіздігімізді одан әрі нығайтатын боламыз. Мемлекеттің, қоғам мен азаматтардың бар күш-жігері осыған бағытталуға тиіс.

Ел бірлігі – Қазақстанның табысты дамуының сенімді іргетасы. Ел азаматтарының бәрі Елбасы саясатының айналасында шоғырланып, барша азаматтарға ортақ құндылықтар мен қағидаттар жүйесін тануы – Қазақстанда үйлесімді этносаралық қатынастардың негізгі факторы болып табылады.

Даму. Біз қашанда алдымызға биік мақсаттар қойып, оларға қол жеткіздік. Біздің болашаққа көз тігуіміз және жетілуге үздіксіз ұмтылысымыз – Қазақстанның өркендеуі үшін аса маңызды шарт.

Біздің мақсатымыз

Біздің алдағы онжылдыққа арналған мақсатымыз – әрбір қазақстандықтың өмір сүру деңгейін сапалы түрде арттыру үшін елді жүйелі түрде жаңғырту.

Партия бағдарламасы ЕЛБАСЫНЫҢ ЖАҢА ӘЛЕУМЕТТІК ДОКТРИНАСЫН іске асыруға бағытталған.

Біздің тәсіліміз

Мемлекет қызметінің барлық саласын адамға бағдарлау

көктей өтуі тиіс. Әр саладағы жұмыс нәтижелері ең алдымен қазақстандықтардың өмір сүру сапасын арттыруға және олардың мүдделерін іске асыруға бағытталуы керек. Сондықтан да біздің басты басымдығымыз инклюзивтілікті қамтамасыз ету болып табылады. Ешкім де назардан тыс және қолдаусыз қалмауға тиіс.

Тұтастай алғанда біз өз басымдықтарымызда Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының озық елдеріндегі «ЭЫДҰ жақсы өмір сүру индексі» ретінде жинақталған стандарттар мен өмір сүру деңгейіне бағдарланамыз.

Жұмыс бағыттары

Елдегі жетекші саяси күш ретінде «Нұр Отан» партиясы, Елбасы айқындаған стратегия шеңберінде өзінің негізгі күш-жігерін АЛДАҒЫ ОНЖЫЛДЫҚТЫҢ БАСТЫ ОН МАҚСАТЫНА қол жеткізуге бағыттайды.

1-мақсат:

Әрбір қазақстандық отбасының бақуаттылығы

Әлемнің жетекші елдерінде әлеуметтік қамсыздандыру жүйесін жаңғыртуға ерекше назар аударылады.

Халықаралық ұйымдар экономикалық өсудің 1990-шы және 2000-шы жылдардағы рекордты қарқыны кезінде жаһандық экономикада шешімін таппаған бірнеше проблеманы атап көрсетеді.

- Теңсіздік. Кедейлер мен байлар арасындағы алшақтық өсуде. Бұл ретте планетаның 10% неғұрлым ауқатты халқы мен қалған тұрғындарының арасындағы алшақтық бұдан әрі де соңғылардың пайдасына шешілмей өзгеретін болады.

- Кедейлік. Қайыршылықта күн кешіп отырған адамдар саны ұлғая түсуде. Дүниежүзілік банктің соңғы деректері бойынша әлем халқының 46%-ға жуығы немесе 3,4 млрд. адам кедейшілік шегінен тыс өмір сүруде. Егер жұмыссыз қалса, тағы 879 миллион адам кедейлікке ұшырайды.

- Жұмыссыздық. Цифрландыру еңбек нарығын жедел өзгертуде. Жұмыс күші қысқартылып, сәйкесінше, жұмыссыздық өсуде.

Сондай-ақ, халықтың қартаюына және бұдан бұрынғы дәуірмен салыстырғанда, денсаулық сақтау мен әлеуметтік қорғауға әлдеқайда көп шығындар шығуымен байланысты демографиялық тренд те айқын байқалады.

Осыған байланысты, әлеуметтік саланы атаулы әлеуметтік көмек мәселесімен шектейтін дәстүрлі тәсіл шынайы өмірге сәйкес келмейді.

«Нұр Отан» партиясы мұқтаж жандарға әлеуметтік көмек көрсетуге ғана бағытталмай, барша қазақстандықтың лайықты өмір сүруі үшін жағдай жасалатын тиімді және әділетті әлеуметтік саясаттың іске асырылуын көздейді.

I. Қазақстандық отбасыларды қолдау

Бұл бағыттағы кешенді шаралар қазақстандық отбасылардың лайықты әл-ауқаттылық деңгейін жасауды көздейді. Бұл үшін біз:

- Үкіметпен және әкімдермен бірге аз қамтылған көп балалы отбасыларына көмек көрсетудің әртүрлі тетіктері енгізілетін «Бақытты отбасы» партиялық жобасына бастамашылық жасап, іске асыратын боламыз.

- Ата-аналарды қаржылық қолдау деңгейін арттырамыз. Әрбір қазақстандық отбасы балалардың сәби кезінің жайлылығын материалдық тұрғыдан қамтамасыз ете алуы керек. Ол үшін баланы күтуге арналған жәрдемақының мөлшері қайта қаралатын болады. Ол кем дегенде анасы босанғанға дейін алатын еңбекақының 50%-ына сәйкес болуы тиіс.

- Көп балалы отбасыларды қолдауды күшейтеміз, олар мемлекеттің өздеріне деген ұдайы қамқорлығын сезінулері қажет. Оларға қаржылық қолдау көрсетудің жаңа тетіктері енгізілетін болады.

- Ауылда көп балалы отбасылар үшін арнайы гранттар мен шағын несиелер квотасын бөлу қажет. Көп балалы аналардың үйде отырып жұмыс жасауына қажетті жағдай жасалуы қажет.

- Күнкөрісі төмен көп балалы және толық емес отбасылар, сондай-ақ мүмкіндігі шектеулі балалары бар отбасылар үшін тұрғын үй мәселесін шешудің нақты тетіктерін енгіземіз. Күнкөрісі төмен отбасылар үшін жалға берілетін тұрғын үй салынатын болады, соның ішінде бастапқы кезеңде 40 мың пәтер салынады. Тұрғын үй жинақ жүйесі арқылы жылдық 2-3% мөлшерлемеден тұрғын үй замын беру тетігі әзірленетін болады.

- Кішкентай балалары бар, жұмыс істейтін ата-аналарға көмектесеміз. Ата-аналардың жұмысқа шығу туралы шешімі баланы күтіп-бағу сапасына әсер етпеуі керек. Сондықтан да біз 3 жасқа толмаған балаларға арналған Дамыту орталықтарының санын көбейтуге қол жеткізуді мақсат етеміз. Одан басқа, жұмыс істейтін, кәмелетке толмаған төрт және одан да көп балалары бар әйелдерге 10 күннен кем емес, ақы төленетін, қосымша демалыс берілуі қажет.

- Атаулы әлеуметтік көмектің тетіктерін жетілдіреміз, атаулы әлеуметтік көмек көрсету өлшемі арттырылып, ол отбасының әрбір мүшесіне күнкөріс деңгейінің 70%-на дейін көтерілетін болады.

- Атаулы әлеуметтік көмек алуға құқылы көп балалы отбасыларда әрбір балаға төленетін төлем 2019 жылы 20789 теңгеге дейін арттырылатын болады.

- Гендерлік теңдікті қамтамасыз етеміз. Әйелдерге жұмыс істеуі және елдің қоғамдық-саяси өміріне қатысуы үшін барлық мүмкіндіктер жасалуға тиіс. Әйелдерді зорлық-зомбылықтың, соның ішінде отбасындағы зорлық-зомбылықтың кез келген нысанынан қорғау бойынша пәрменді шаралар қабылдануы керек.

II. Мүмкіндігі шектеулі адамдарды әлеуметтік жағынан қолдаудың тиімділігін арттыру

Инклюзивтілік заманауи мемлекеттің ажырамас бөлігі болып табылады. Мүмкіндігі шектеулі адамдардың құқықтарын толығымен қамтамасыз ету үшін қажетті шаралардың бәрін жасаймыз. Бұл үшін біз:

- «Кедергісіз келешек» жобасын іске асыруды жалғастырамыз, оның шеңберінде мүмкіндігі шектеулі адамдарды жан-жақты қолдау шаралары қабылданатын болады.

- Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетудің мәлімдемелік қағидатынан нағыз белсенді қағидатына көшуге ұмтыламыз. Азаматтардың бұл қызметтерді қажетсінуі азаматтардың денсаулық картасы, әлеуметтік карталар негізінде айқындалуға тиіс.

- Әлеуметтік қорғау жүйесі жұмысының тиімділігін арттырамыз. Ол адамдарға іс жүзінде көмек беруге тиіс. Ақша әлеуметтік қорғау жүйесіне емес, нақты алушыға бөлінуі керек. Ұлттық тәсілдерді халықаралық стандарттарға сәйкестендіру қажет.

- Мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған отбасыларды қаржылық қолдау деңгейін арттырамыз. Мүгедек балалардың ата-аналары мен олардың қамқоршыларына берілетін жәрдемақы 2019 жылы 30% ұлғайтылады.

- Мүмкіндігі шектеулі адамдарға әлеуметтік қолдау көрсететін инфрақұрылымды жетілдіреміз. Мүгедектерге арналған интернат-үйлер қалаларда да, ауылдық елді мекендерде де әлеуметтік қызмет көрсету орталықтары болып қайта бейінделуге тиіс.

- Кедергісіз орта үшін қажетті жағдай жасаймыз. Мүмкіндігі шектеулі адамдар сапалы өмір сүру деңгейі үшін қажетті барлық әлеуметтік және қоғамдық инфрақұрылымға толық қол жеткізе алуға тиіс.

- Мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін инклюзивтік білім алу және одан әрі жұмысқа орналасу мүмкіндіктерін жақсартамыз.

III. Зейнеткерлерді қолдауды күшейту

Азаматтардың бұл санаттарына қамқорлық жасау біздің ортақ борышымыз болып табылады. Әр адамға лайықты өмір сүруге жағдай жасай отырып ынтымақтастық қағидатын сақтау қажет. Бұл үшін біз:

- Базалық зейнетақы мен жәрдемақы мөлшерлерін ұлғайтамыз. Біздің азаматтарымыздың қарттық шағы қамсыз бо-

луға тиіс, сондықтан да партия зейнетақы төлемдерін жоспарлы түрде арттыруды жақтап келеді.

- Зейнетақы жүйесінің қаржылық тұрақтылы мен табыстылығын арттырамыз. Біз оны болашақта біртіндеп реформалауды жақтаймыз. Қазақстан азаматтарының өздерінің зейнетақы жиналымдарына ықпал ете алу және ақшаларын басқаруға қатысу мүмкіндігі болуға тиіс.

- Белсенді ұзақ өмір сүру үшін жағдай жасаймыз. Аға буын қазақстандықтарды қоғам өміріне тартуды арттыру қажет. Біз оларды оқыту, тәлімгерлік жүйесін дамыту, толық емес және шамасына қарай жұмыспен қамту шараларын қолдаймыз.

2-мақсат:

Әрбір адам үшін қолжетімді болашақ білімі

Адам капиталы әлеуметтік-экономикалық даму көзі және инновацияларды дамытудағы негізгі құрамдас бөліктердің бірі болып табылады.

Бәсекеге қабілетті білім беру жүйесін құру арқылы адам капиталын дамытуға екпін жасап отырған мемлекеттер әлемдік лидерлерге айналды. Дамыған елдерді дамушы елдерден ерекшелейтін де осы сапалы білім.

Бүгінгі күні әлемде алдағы 10 жыл ішіндегі білім беру жүйесінің шеңберлерін айқындайтын бірнеше үрдіс байқалады.

- Қолданбалы білімнің рөлі артып келеді. Белгісіздік жағдайында жұмыс істеуге, күрделі талдамалық міндеттерді орындауға қабілетті, мультипәндік тәсіл негізінде білім алатын адамдардың бәсекелік артықшылығы бар. Орасан зор ақпараттық ағым ішінен жаңа білім алып, үйлестіре білу дағдысы аса маңызды болып отыр.

- Қарқынды технологиялық және ғылыми өзгерістер нәти-

жесінде болашақ мамандықтары пайда болуда. Сарапшылардың болжамы бойынша, 2030 жылға қарай әлемде қазіргі заманғы мамандықтардың 85%-ы өзектілігін жоғалтып, сұранысқа ие болмай қалады.

- Ақпараттық технологиялардың әсері. Онлайн оқыту қарқынды дамып келеді, ол бүкіл ғұмыр бойы үздіксіз білім алуға мүмкіндік береді. Үлкен деректерге, «Интернет заттарына» талдау жасау, бағдарлама әзірлеу дағдылары, жасанды интеллектпен өзара іс-қимылда болу біртіндеп жаңа буын ілімінің ажырамас бөлігіне айналуға.

«Нұр Отан» партиясы әлемдік үрдістерді ескере отырып, қазақстандық білім сапасын үздік халықаралық стандарттарға жеткізу үшін жұмыс жүргізетін болады.

Осы мақсаттарда біз білім берудің жаңа үлгісін енгізуге ұмтылатын боламыз, ол «білім – оқу» парадигмасынан «білім – жеке тұлғаның қалыптасуы» парадигмасына көшуді көздейді.

Біз әрбір қазақстандық үшін сапалы білімге тең қолжетімділікті қамтамасыз етуге тиіспіз. Біздің елімізде балалар мен жастардың бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ететін заманауи білім мен дағды алуы үшін бар мүмкіндік жасалуы керек.

I. Қазақстандықтардың жаңа инновациялық буынын даярлау

Жаңа буын әлемнің технология тұрғысынан дамыған елдерінде тұратын құрбы-құрдастарынан қалыспауға тиіс. «Білім экономикасының» барлық ерекшеліктері мен мүмкіндіктері

отандық білім беру жүйесінде тұтастай қамтылуға тиіс. Біз жоғары технологиялар, инновациялар шығаруға және жоғары сапалы қызметтер ұсынуға көмек беретін білімнің қолданбалы сипатын дамытып, бойымызға дағдыны сіңіре білуге тиіспіз. Бұл үшін біз:

- Қазақстанның әрбір мектебінде IT-сыныптарын ашуға ұмтыламыз, оларда бағдарлама әзірлеу, үлкен деректерге,

- «Интернет заттарға» талдау жасау негіздерін, жасанды интеллектпен жұмыс істеуге үйрететін болады.

- Білім беру процесінде функционалдық сауаттылықты дамытуға екпін жасаймыз. Білім беру процесі 4K үлгісіне сәйкес жолға қойылуға тиіс: креативтілікті, түбегейлі ойлауды, коммуникативтілік пен командада жұмыс істей білу машығын дамыту.

- Назарбаев Зияткерлік мектептерінің тәжірибесі мен әдістемесінің негізінде 12-жылдың білім алуға көшуді аяқтаймыз.

- Ең көп сұранысқа ие болып отырған 100 индустриялық және сервистік мамандықтар бойынша кәсіптік білім беру бағдарламаларын енгізуді ынталандыра отырып техникалық және кәсіптік білім беруді дамытамыз («Жас маман»).

- Жоғары оқу орындарында пәнаралық тәсілді енгіземіз, ол өзара байланысты гуманитарлық және жаратылыстану-ғылыми пәндерді терең зерделеуді қатар жүргізеді.

- Онлайн-білім беру бағдарламасын, оның ішінде жұмыс берушілерді тарта отырып іске асыру есебінен қашықтықтан оқытуды қолдану саласын кеңейтеміз.

- Іргелі ғылымды дамыту үшін жағдай жасаймыз. Мемлекет қолданбалы зерттеулерді ғана белсенді қолдап қоймай, іргелі сипаты бар ғылыми әзірлемелерді де қолдауға тиіс.

- Білім беру ұйымдарында тәрбие жұмысын күшейтуге ұмтыламыз. Балалар мен жасөспірімдер арасында дұрыс құндылықтар жүйесін қалыптастыру үшін білім беру жүйесінің, отбасы мен басқа да әлеуметтік институттардың бірігуі қамтамасыз етілуге тиіс.

II. Білім беру жүйесіне үздік мамандарды тарту

Қазақстанның білім беру жүйесін әлемдік деңгейге шығару үшін педагогтардың жұмыс жағдайын түбегейлі жақсарту керек. Бұл үшін біз:

- Педагогтардың жалақысының деңгейін арттыруға тырысамыз. Еңбекақы мөлшері қазақстандық педагогтардың лайықты өмір сүру деңгейін қамтамасыз етуге тиіс.

- Әлемнің үздік университеттерінде педагогикалық білім алу үшін жағдай жасаймыз. Бұл үшін «Болашақ» бағдарламасы шеңберінде педагогтарға арналған квота ұлғайтылуға тиіс, олар кейіннен жалпы білім беретін мектептердің мұғалімдерін дайындайтын болады. Педагогтарға үздіксіз білім беретін арнайы бағдарлама әзірленеді.

- Оқу процесіне цифрлық технологияларды кеңінен енгізуді жүзеге асырамыз, артық есептілік пен регламенттеуді азайтамыз.

III. Білім беру инфрақұрылымын дамыту

Оқу мекемелерінің жетіспеушілігі жоқ, қалыпты жағдайларда педагогтар жұмыс істеп, балалар білім алатын және сабақ жүргізу үшін барлық қажетті жағдайлар қамтамасыз етілген жерде ғана сапалы білім бар. Бұл үшін біз:

- Білім беру жүйесін қаржыландыруды ЭЫДҰ елдерінің деңгейіне дейін ұлғайтамыз: мектепке дейінгі білім беруде – ЖІӨ-нің 0,5%-ынан бастап 1,5%-ына дейін, орта білім беруде – ЖІӨ-нің 1,7%-ынан бастап 2,2%-ына дейін, жоғары және орта-арнаулы білім беруде – ЖІӨ-нің 0,6%-ынан 1,6%-ына дейін жеткіземіз.

- Қазақстандық балаларды мектепке дейінгі сапалы біліммен қамтуға қол жеткіземіз. Бүкіл ел бойынша 3 жастан кіші балаларға арналған дамыту орталықтары ашылуға тиіс. Ата-анасының жұмысқа шығу туралы шешімі бала күтімінің сапасына әсер етпеуге тиіс.

- Мүмкіндігі шектеулі барлық балалар үшін мектепке дейінгі толыққанды білім беруді қамтамасыз етеміз. Еліміздің әрбір өңірінде ерекше балаларды даярлауға және оларды қоғамға толыққанды араластыруға арналған бала бақшалары ашылуға тиіс.

- Орта білім алуға қол жеткізуге тең жағдай жасауды қамтамасыз етеміз. 2022 жылға дейін еліміздегі барлық апаттық жағдайдағы және үш ауысымдық мектептер жойылуға тиіс.

- Қазақстанның барлық мектептерін қамтамасыз етуде тең мүмкіндіктер жасаймыз. Мектептерді жан басына шағып қаржыландыру мөлшері кезең-кезеңмен ұлғайтылуға тиіс.

- Техникалық және кәсіптік білім беруге (ТЖКБ) қолжетімділікті арттырамыз. Сұранысқа ие мамандықтардың жекелеген санаттары бойынша ақысыз екінші білім алу енгізілуіне тиіс.

- Білім гранттары мен кредиттерін беру жүйесін жетілдіре отырып, жоғары білім берудің қолжетімділігін арттырамыз.

- Әрбір өңірде жаңартылған оқу бағдарламасы мен беделді шетелдік мамандар кіретін оқытушы құрамы бар кемінде 1

алдыңғы қатарлы жоғары оқу орны мен 10 колледждің жұмыс істеуіне ұмтыламыз.

3-мақсат:

Саламатты адамдардың қуатты ұлты

Медицина соңғы 50 жыл ішінде сапалы өзгеріске ұшырады. Өткен ғасырдың ортасында әлемдегі орташа өмір сүру ұзақтығы шамамен 60 жасты құрады. Қазіргі уақытта кейбір елдерде ол 83 жасқа жетті.

Бүгінгі күні әлемдік денсаулық сақтау саласының дамығандығын бірнеше негізгі факторлар айқындайды.

- Жұқпалы емес аурулардың көбеюі. Бұл, ең алдымен, онкологиялық аурулар, қант диабеті, жүрек талмасы аурулары.

- Денсаулық сақтау шығындарының өсуі. Жұқпалы емес ауруларды емдеу жаңа технологиялар мен қымбат дәрілерді талап етеді, бұл халықтың қартаюымен бірге денсаулық сақтау жүйесін қаржыландыруды сөзсіз ұлғайтады.

- Денсаулық сақтау жүйелерін қайта бейіндеу. Әлемнің жетекші елдері міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесін енгізуді және толық цифрландыруды қоса алғанда, аурулардың ерте алдын алу мен басқаруға, қаржыландыру көздерін әртараптандыруға күш-жігерін бағыттайды.

Бүгінгі күні ЭЫДҰ елдері денсаулық сақтау бюджетінің 60%-ын аурудың алдын алуға бағыттайды. Біз осындай қаражатты емдеуге, яғни аурудың салдарларымен күресуге бөлеміз.

«Нұр Отан» партиясы қазақстандық медицина әлемдегі ең жоғары стандарттарға сәйкес болуын және қазақстандықтардың денсаулық сақтау саласындағы үздік практикаларға бірдей қол жеткізуін қамтамасыз етуді жақтайды.

Қазақстанның денсаулық сақтау жүйесі қаржылық жағынан орнықты болуға және денсаулық үшін ортақ жауапкершілікке негізделуге тиіс, ал ол мемлекеттің, жұмыс берушілердің және азаматтардың өздерінің қаржыландыруын көздейді.

Біз медициналық практикаға және халықтың денсаулығын басқаруға прогрессивті технологияны қарқынды енгізетін боламыз. Цифрландыру және жеке адамға бағытталған медицина, алдын алу практикасына көшу медициналық көмектің сапасын, қолжетімділігі мен тиімділігін арттыруға тиіс.

I. Отандық медицинаға үздік мамандарды тарту

Азаматтарға жоғары санатты медициналық қызметтер көрсету үшін үздік кадрлар қажет. Оларды денсаулық сақтау жүйесіне жоғары еңбекақы мен тиісті жұмыс жағдайлары арқылы тартуға болады. Бұл үшін біз:

- Мемлекеттік және жеке меншік медициналық мекемелердің қызметкерлерінің еңбекақы деңгейін арттыруға ұмтыламыз. Еңбекақы мөлшері қазақстандық медиктердің лайықты өмір сүру деңгейін қамтамасыз етуге тиіс.

- Жеке меншік сектордың денсаулық сақтауға қатысуын кеңейтеміз. Сақтандыру медицинасы есебінен пациенттер үшін де, білікті мамандар үшін де бәсекелестік артуға тиіс.

- Инвестициялар тартып, ауруханаларды сенімгерлік басқаруға беру қажет.

- Білім беру процесін реформалауды қамтамасыз етеміз, ол белгілі шетелдік орталықтар мен университеттерді тарта отырып және медициналық білімді, ғылым мен клиникалық

практиканы іс жүзінде кіріктіре отырып, медицина кадрларын даярлауды және қайта даярлауды көздейді. «Болашақ» бағдарламасы мен Назарбаев Университетінің медициналық мектебі шеңберінде практикада жұмыс істейтін медицина қызметкерлерін даярлау квотасы көбейтілуге тиіс.

- Медицина қызметкерінің тарапынан тиянақсыз немесе немқұрайлы қатынас болмаған жағдайда азаматтың денсаулығына нұқсан келтірілгені үшін дәрігерлердің кәсіби жауапкершілігін міндетті сақтандыру жүйесін енгіземіз.

II. Денсаулық сақтау ісінің инфрақұрылымын дамыту

Пациентке бағдарланған жоғары дәрежедегі медициналық қызмет емдеу сапасының жоғары, дәрігердің қабылдауын күту уақытының барынша қысқа болғанын көздейді. Бұл үшін біз:

- Тұрғылықты жеріне қарамастан сапалы медицинаға қолжетімділікті қамтамасыз етеміз. Көліктік медицина дамытылып, қашықтықтан диагностикалау мен емдеудің заманауи әдістері енгізілуге тиіс.

- Медициналық туризмді дамыту үшін жағдай жасаймыз. Қазақстан елге сапалы ем қабылдауға мүдделі шетел азаматарын тарту саласында өңірлік көшбасшыға айналуға тиіс.

- Қоғамдық денсаулық сақтауға және алғашқы медициналық-санитариялық көмек көрсетуге арналған шығыстарды ЭЫДҰ елдеріндегідей денсаулық сақтау жүйесін қаржыландырудың жалпы көлемінің 40%-ынан 60%-ына дейін ұлғайтамыз. Сондай-ақ денсаулық сақтауды қаржыландырудағы өңірлік теңгерімсіздік мәселесін шешу қажет.

- Балалар медицинасының қолжетімділігі мен сапасын арттырамыз. Көп бейінді балалар емханаларының жұмысы, сондай-ақ білім беру мекемелерінде медициналық қадағалау сапасы жақсартылуға тиіс.

- Оңалту қызметін дамытамыз. Отандық медицина алдын алу мен емдеуге ғана емес, пациенттерді белсенді өмір сүруге қайтару үшін оңалтуға да бағдарлануға тиіс.

- Электрондық денсаулық сақтауға қолдау көрсетеміз. Әрбір қазақстандықтың денсаулық паспорты жасалуға тиіс.

- Ана болуды қолдау үшін медициналық көмектің сапасын жақсартамыз. Жергілікті жерлерде әйелдер консультацияларының қызметі күшейтілуге, жүктілікті жүргізу үшін жауапкершілік, бала тууды бақылау және отбасылық кеңес беру арттырылуға тиіс.

- Әртүрлі ауруларға қарсы вакцина егу бағдарламаларын кеңейтуді ынталандырамыз. Олар ашық және мемлекеттің бақылауында болуға тиіс. Вакциналар бойынша іргелі зерттеулер жүргізілуі керек.

- Дәрі-дәрмектің бағасын төмендету үшін жұмыс жүргіземіз. Қазақстандық өндірушілер шығаратын қажетті дәрілер қатарын кеңейту қажет.

III. Салауатты ұлт қалыптастыру

Біз Қазақстанда ұзақ өмір сүру дәстүрлерінің қалыптасуын, ал біздің азаматтарымыз аурудың салдарларымен емес, оның себебімен күресудің маңыздылығын түсінгенін қалаймыз.

Уақыт өте келе елімізде өмір ұзақтығын ЭЫДҰ елдерінің көрсеткіштеріне жеткізуге, яғни 77 жасқа дейін ұзартуға, ал

Қазақстан халқының жалпы санын 21 млн. адамға дейін жеткізуге ұмтылу қажет. Бұл үшін біз:

- Бизнес-қоғамдастықпен ынтымақтаса отырып дүкендердегі таза өнімдер қатарын кеңейтуді ілгерілетеміз.

- Мектепте тамақтандыру стандарттарын жақсартамыз. Мектеп асханалары қазақстандықтардың жаңа буыны арасында салауатты өмір салтын қалыптастыра отырып, салауатты тамақтандырудың үлгісіне айналуға тиіс.

- Балалар мен жасөспірімдердің бұқаралық спортпен айналысуы үшін жағдай жасаймыз. Мектепте және аулаларда спорт алаңдарын жаппай салу мен ашу жүзеге асырылатын болады.

- Психологиялық көмек көрсетуді кеңейтуге ықпал етеміз. Қазақстандықтардың психологиялық денсаулығы денсаулық сақтау жүйесінің негізгі басымдықтарының біріне айналуға тиіс. Біз балалар психологиялық көмегінің сапалы дамуына қолдау көрсетеміз.

- Темекі шегумен, алкоголь мен есірткі пайдаланумен, әсіресе жастар арасында күресті жалғастырамыз.

4-мақсат:

Инклюзивті экономика

Тәуелсіздік жылдары ішінде Қазақстанның экономикасы сенімді дамып келеді. Бірақ қазіргі экономикалық үлгі елдің даму қарқынына әсер етуге қабілетті бірқатар ішкі және сыртқы факторлардың ықпалына ұшырап отыр.

- Әлемдегі технологиялық өзгерістер. Төртінші өнеркәсіптік революция еңбек нарығын айтарлықтай өзгертеді. Ол адамзат

алдына жаңа міндеттер қояды. Цифрлық шешімдердің пайда болуы төмен- және орташа білікті еңбекке деген сұраныстың төмендеуіне алып келеді. Бұл көптеген адамдардың бақуаттылығына әсерін тигізуі мүмкін.

- Бағаның әлемдік өсуі. Ауыл шаруашылығы өнімінің әлемдік бағасы айтарлықтай өсті. 2000-шы жылдардағы төмен баға кезеңінен бері бидайдың бағасы, атап айтқанда, 2,2 есе, жүгерінің бағасы – 1,8 есе дерлік, ал күріштің бағасы 2 еседен артық өсті.

- Дамушы елдерде азық-түлік тауарларының құны өскен кезде тамаққа жұмсалатын шығындар азаяды.

- Сауда-экономикалық қатынастар трансформациясы. Біз әлемдік экономикаға қомақты ықпал ететін сауда соғыстарының куәсі болып келеміз. Сауда протекционизмі саясаты бүкіл әлемдік сауда саясатының ландшафты мен инфрақұрылымын өзгерте келе өндірістік қуаттарды қайта бөлуден қатар жүреді.

- Қаржы жүйесінің тұрақсыздығы. Соңғы 50 жылдағы әлемдік экономикалық дағдарыстар тізбегі олардың көбінесе қаржы жүйесінің тұрақтылығына әсер ететіндігін көрсетті, бұл халықтың өмір сүру деңгейіне сөзсіз ықпал етеді. Жосықсыз қаржы институттарының жұмысынан, ең алдымен, қарапайым азаматтар жапа шегеді.

Қазақстан әлемдік экономикаға кіріккен әрі оның бір бөлігі болып табылады. Сондықтан жаһандық сын-қатерлерге жауап іздеуіміз керек.

«Нұр Отан» партиясы инклюзивтік экономикалық саясатты іске асыратын болады. Біз бақуаттылықтың өсуін әрбір жеке-леген азамат сезінетіндей экономика құруға тиіспіз.

Біздің бағдарымыз – ЖІӨ көрсеткішінің өсімі ғана емес, қазақстандықтардың көпшілігінің өмір сүру деңгейін көтеретін жоғары әрі орнықты экономикалық даму. Біз нарық пен ресурстарға қол жеткізудегі мүмкіндіктердің тең болғанын, сондай-ақ экономиканың дамуы әрбір азамат үшін пайдалы болғанын қалаймыз.

I. Қазақстандықтардың табысын арттыру

Еңбекақы мөлшері қазақстандықтардың лайықты өмір сүру деңгейін қамтамасыз етуге тиіс. Бұл үшін біз:

- Барлық еңбек адамдарының табысын кезең-кезеңмен ұлғайтуға қол жеткіземіз. Бюджеттік салада да, жеке меншік секторда да еңбекақы мөлшері азаматтарымыздың лайықты өмір сүруін қамтамасыз етуге тиіс.

- Бюджет саласының жалақысы төмен қызметкерлері мен атқарушы органдардың төменгі сатыдағы қызметкерлерінің жалақыларының көтерілуіне қол жеткізу бағытында жұмыс жүргіземіз. Бұл санаттағы қызметкерлердің еңбекақысы 2019 жылы тиісінше 30% және 25%-ға көтерілетін болады.

- Тұрақты жұмыс орындарын ашу, қызметкерлерді оқыту, қайта оқыту және кәсіпкерлікті дамыту арқылы орнықты және өнімді жұмыспен қамтуға қол жеткіземіз. Жұмыссыздық деңгейі 4%-дан аспауға тиіс.

- Өзін-өзі жұмыспен қамтыған қазақстандықтарға қатысты стратегияны жетілдіреміз. Азаматтарымыздың бұл санаты мемлекеттік қолдау көрсету бағдарламаларының, зейнетақы және салықтық жүйенің, сондай-ақ әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінің толық құқылы қатысушысы болуға тиіс.

II. Макроэкономикалық тұрақтылық және төмен инфляция

Тұрақты макроэкономикалық орта – елді әлеуметтік- экономикалық және технологиялық жаңғыртуды табысты өткізу үшін қажетті шарт. Біз әрбір азаматқа өмір сүру мен жұмыс істеу үшін оңтайлы жағдай жасауымыз керек. Бұл үшін біз:

- Экономиканың өнімділігін арттыру мен әртараптан- дыру, бәсекені, жеке меншік және қаржы секторын дамыту есебінен ЖІӨ-нің кемінде жылына 4-5%-ға өсуін қамтамасыз етеміз.

- Бюджет шығыстарын теңгерімді етуге ұмтыламыз. Бюджет шығыстарының нақты өсу қарқыны ЖІӨ нақты өсу қарқынына сәйкес келуге тиіс. Біз қалтамызға қарай өмір сүруге және табысымыздан артық жұмсамауға тиіспіз.

- Ақша-кредит саясатын тұрақты баға деңгейін қамтамасыз етуге бағыттаймыз. Инфляцияны жылына 3-4% дейін жеткізу қажет.

- Бюджеттің мұнайға тәуелді емес тапшылығының мөлшерін жыл сайын қысқартамыз. Ұлттық қорды болашақ ұрпақ үшін сақтай отырып, одан алатын қарызды азайту қажет.

- Мемлекеттік және квазимемлекеттік сектордың сыртқы қарызын біртіндеп қысқартамыз.

III. Отандық экономиканы технологиялық жаңғырту және цифрландыру

Біз мұнайға тәуелді секторға тәуелділікті біртіндеп азайтуға тиіспіз. Ең алдымен, ішкі нарықты бірінші кезекте қажет тауарлармен қамтамасыз етуіміз керек. Бұл экономиканың ор-

нықтылығын арттырып, адамдарға сапалы әрі арзан өнімдер мен қызметтер ұсынбақ.

Экономиканы әртараптандыру экономикалық өсудің қажетті шарты болып қалып отыр. Ол Қазақстанның табиғи бәсекелес басымдықтары бар салаларға екпін жасаумен жүзеге асырылуға тиіс. Бұл үшін біз:

- «Қарапайым заттар экономикасын» дамыту үшін жағдай жасаймыз. Ішкі нарық өзіміз өндіретін бірінші кезекте қажетті тауарлармен қамтамасыз етілуі керек.

- Елдің экономикалық мамандануының болашағы бар бағыттарын дамытуды ынталандырамыз. Қазақстан бәсекеге қабілетті ұлттық брендтерімен халықаралық нарыққа шығуы қажет.

- Қолымызда бар шикізатты терең өңдейтін және қосылған құны жоғары өнім алатын салаларды дамытамыз.

- Агроөнеркәсіптік кешенді сапалы дамыту үшін жағдай жасаймыз. Агроөнеркәсіптік салаға ауыл шаруашылығы өнімінің өнімділігін, өңдеу тереңдігін арттыруға, отандық азық-түліктің экологиялық тазалығын және қауіпсіздігін жоғарылатуға мүмкіндік беретін жаңа технологияларды енгізу ынталандырылатын болады.

- Қазіргі жұмыс істеп тұрған қаржы құралдарын жетілдіру және жаңаларын енгізу арқылы АӨК субъектілері үшін қаржыландырудың қолжетімділігін арттырамыз.

- Отандық IT-саланы дамыту үшін жағдай жасаймыз. IT-секторды қолдау құралдарын көбейту, сондай-ақ венчурлік қаржыландыруды дамыту қажет. Электрондық коммерцияны дамыту керек. Astana Hub әлемдік нарықта бәсекеге түсе ала-

тын инновациялық бизнес құрудағы жетекші алаңға айналуға тиіс.

- Қазақстанда инновациялық қызметті, оның ішінде негізінен ҒЗТКЖ қаржыландыратын компанияларға салықтық жеңілдіктер беру есебінен ынталандырамыз.

- Еңбек өнімділігін жан-жақты – орташа есеппен 3 есе арттыруға ұмтыламыз. Еңбек өнімділігін арттыру бойынша 2020-2025 жылдарға арналған ұлттық жоспар әзірленуге тиіс. Өнімділік көрсеткіштері барлық бюджеттік бағдарламалар мен стратегиялық жоспарларға енгізілуі керек.

IV. Орнықты қаржы секторы

Орнықты қаржы секторы, банктік жүйе және нарықтың басқа да құралдары азаматтар мен бизнестің өз жинақтарын сақтап, көбейтуі үшін, қолжетімді әрі арзан кредиттер алуға мүмкіндік жасауға тиіс.

ЭЫДҰ елдерінде дамыған қаржы жүйелері экономиканың локомотиві болып табылады. Қаржы жүйесін тиімді реттеу дағдарыс уақытында халықтың әл-ауқатын сақтап, экономикалық жандану уақытында оны көбейте түсуге тиіс. Бұл үшін біз:

- Банктік жүйеге сенімді арттыруға ықпал етеміз. Экономикаға кредит берумен қатар қаржы институттарының басты қағидаты салымшылардың мүдделерін сөзсіз қорғау болуға тиіс.

- Депозиттерге кепілдік беру жүйесін салымдардың жеке-леген түрлері үшін кепілдікті кеңейту бөлігінде жетілдіру қажет.

- Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын мемлекет-

тік бақылау мен реттеуді күшейтуге ұмтыламыз. Ұлттық Банк салымшылардың мүдделерін сөзсіз қорғау қағидатын басшылыққа ала отырып, қадағалау процесінде тәуекелге бағдарланған тәсілді жүзеге асыруға және банк міндеттемелерін мәжбүрлеп қайта құрылымдау тетіктерін пайдалануға тиіс.

5-мақсат:

Дамыған бизнес, қоғамның бақуаттылығының негізі

Орныққан орта таптың болуы қоғамның бақуаттылығының аса маңызды индикаторларының бірі болып табылады. Экономикасы дамыған елдердің тәжірибесі көрсетіп отырғандай, шағын бизнес өкілдері орта таптың қалыптасып, дамуында негізгі рөл атқарады.

Бүгінгі күні бизнестің еркін жұмыс істеуі жолында әлемнің көптеген елдерінде де орын алып отырған бірнеше кедергілер бар.

- Қаржыландыру көздерінің қолжетімділігі. Қаржы ресурстарының қолжетімділігі дамушы елдердегі бизнес үшін негізгі проблемалардың біріне айналды. Әсіресе ұзақ мерзімді қаржыландыру мәселесі өзекті болып отыр. 2008-2010 жылдардағы дағдарыстан кейін банктер өздерінің кредиттік саясатын айтарлықтай қатаңдатып жіберді, бұл шағын және орта бизнесті кредиттеуді қымбаттатып, қол жетімділікті азайтты.

- Өсудің жаңа белестері. Бизнес Интернетке белсенді түрде көшуде және ЖІӨ құрылымындағы Интернет-бизнестің үлесі өсіп келеді.

- Ақпараттық технологиялар өсудің жаңа мүмкіндіктерін, жаңа белестерін, жаңа орындарын ашуда.

Мемлекеттің экономикаға қатысуы. Егер мемлекеттің экономикаға қатысуы стратегиялық салалармен шектелмесе, онда бұл бәсекеге барынша әсер етеді. ЭЫДҰ елдерінде мемлекеттік меншіктің үлесі ЖІӨ-нің 15%-ынан аспайды, бұл бизнесті дамыту үшін қолайлы жағдай туғызады.

«Нұр Отан» партиясы Қазақстанда бизнесті жүргізу үшін қолайлы жағдай жасауды өз мақсаты ретінде ұстанады.

Нарық бәсеке қағидаттарының негізінде жұмыс істеп, оған кірудегі кедергілер төмен болуға тиіс.

I. Мемлекеттің экономикаға тікелей қатысуын азайту

Мемлекет экономикада, ең алдымен, нарықта ойын қағидаларының орындалуын қадағалайтын төрешінің рөлін атқаруға тиіс. Мемлекеттің экономикаға тікелей қатысуын азайту қажет. Бұл үшін біз:

- Мемлекеттік кәсіпорындарды жекешелендіру процесін аяқтау және бәсекелестікті дамыту есебінен мемлекеттің экономикаға қатысу үлесін 15%-ға дейін азайтамыз. Мемлекет қатысатын компаниялардың түпкілікті тізбесі қалыптастырылуға тиіс.

- Шағын және орта бизнесті дамыту үшін жағдай жасаймыз. 2030 жылға қарай оның үлесі ЖІӨ-нің кемінде 40%-ын құрайтын болады.

- Табиғи монополиялар және азаматтардың денсаулығы мен қауіпсіздігіне тікелей байланысты кәсіпкерлік қызмет түрлері саласындағы мемлекеттің реттеуші рөлін жандандырамыз.

- Қоғамдастықты тарта отырып тұрғын үй-коммуналдық қызметтерге тарифтердің негізді және ашық белгіленуіне ұмтыламыз.

II. Бизнеске мемлекеттік қолдау көрсету қағидаттарын жақсарту

Осы саладағы ашықтық – біздің басымдығымыз. Мемлекеттік қолдау тиімді болып, оны шын мәнісінде қажет ететін кәсіпорындарға ғана көрсетілуге тиіс. Бұл үшін біз:

- Бизнесі жүргізу үшін қолайлы жағдай жасаймыз. 2030 жылға қарай Қазақстан Дүниежүзілік банктің “Doing Business” рейтингі бойынша жетекші 20 елдің қатарына кіруі керек.

- Бизнесі қолдауға бағытталған әртүрлі салалардағы мемлекеттік бағдарламалардың тиімділігіне егжей-тегжей талдау жасауды жүзеге асырамыз.

- Салықтық әкімшілік етудің тиімділігі мен ашықтығын арттырамыз. Салық жүйесі мемлекет пен салық төлеушілердің мүдделерінің теңгерімін қамтамасыз етуге тиіс.

- Әкімшілік кедергілерді одан әрі төмендетуге, оның ішінде рұқсат беру рәсімдерін цифрландыру арқылы тырысамыз.

- Шетелдік инвестицияларды тарту саясатын жетілдіреміз. Шетелдік инвесторлар үшін қажетті жағдай жасау мен ынталандыру негізгі құралға айналуға тиіс.

- Тәуекелі жоғары инновациялық жобаларды қолдау үшін венчурлік қаржыландыру көлемдерін ұлғайтуға жағдай жасаймыз.

III. Бизнес үшін кредит берудің қолжетімділігін арттыру

Кез келген бизнесті дамыту үшін қаражат керек. Оған қол-

жетімділікті арттыру мемлекеттің экономикалық саясатының басымдықтарының бірі болуға тиіс. Қолжетімді кредит беру шағын және орта бизнесті ынталандыруға қабілетті. Бұл үшін біз:

- Экономикадағы кредит берудің өсуіне ықпал етеміз. ЖІӨ-ге шаққандағы несие қоржының арақатынасын ұлғайту қажет. Сондай-ақ жылына негізгі капиталға ЖІӨ-нің 30%-ынан кем болмайтын инвестициялар тартуды қамтамасыз ету керек.

- Ауыл шаруашылығына ұзақ мерзімді инвестиция салу үшін жағдайды жақсартамыз. Агроөнеркәсіп саласында кәсіпкерлікті дамыту мемлекеттің экономикалық саясатындағы басымдықтардың бірі болуға тиіс.

- Қор нарығының құралдары (KASE, МФЦА) арқылы бизнесті қаржыландырудың баламалы көздерін дамытуға ұмтыламыз.

- Шағын кәсіпкерлікті дамыту үшін көтермелеу ретінде шағын кредит беру құралдарын дамытамыз. Бұл құрал шағын бизнесті мемлекеттік қолдау бағдарламаларында белсенді пайдаланылуға тиіс.

6-мақсат:

Азаматтардың жайлы өмір сүруі үшін жағдай жасау

Барлық адамдардың жайлы өмір сүруге құқығы бар. Адамдар таза су мен ауаға қол жеткізбейінше, сапалы жолдар мен лайықты тұрғын үй болмайынша, азаматтардың әл-ауқатының өсуі туралы айта алмаймыз.

Әлемде қазақстандықтар үшін жайлы орта жасау кезінде ескеретін ағымдар орын алып отыр.

- Урбандану. Әлем халқының жартысы қалаларда тұрып жатыр. Жақын уақытта экономикалық өсімнің 60%-ы ірі қалаларға шоғырланатын болады.

- Қала халқының артуы инфрақұрылымды дамытуды талап етеді. Адамдардың тыныс-тіршілігіне жайлы болу үшін қалаларда жақсы жолдар, қолжетімді көлік, алуан түрлі сервис пен сапалы тұрғын үй болуға тиіс.

- Қалалардың көбеюі экологияға әсер етеді. Әлем елдері үшін ауа мен судың тазалығы аса өзекті мәселеге айналуда. Ең қиыны, қалалар мен агломерацияларды қоршаған ортаны сақтай отырып, қалай дамытуға болады деген мәселе.

Қазақстанда адам саны миллионнан асатын республикалық маңыздағы үш қала бар және қалған облыс орталықтарын одан әрі ірілендіру белсенді түрде жүргізіле бермек, біз урбанданудың барлық қатерлері мен мүмкіндіктерін ескеруге тиіспіз.

«Нұр Отан» партиясы біздің азаматтарымыздың негізгі мұқтаждықтарын қамтамасыз етіп қана қоймай, оларға еркін демалуға, әлеуметтенуге және дамыған елдердің стандарттарына сай келетін қоғамдық кеңістіктер құруға мүмкіндік беру керек деп санайды.

Біз белсенді урбандану мен қоршаған ортаны сақтап қалу арасындағы, экономиканы дамыту мен табиғи ресурстарды үнемді пайдалану арасындағы теңгерімді табу қажет деп санаймыз.

Партия Үкіметпен бірлесіп «Құтты мекен» партия жобасын іске асыратын болады, ол азаматтарымыздың өмір сүру сапасын жан-жақты арттыруға бағытталмақ. Жоба халықты тұрғын

үймен қамтамасыз ету, білім беру мен денсаулық сақтаудың қолжетімділігі, бүкіл ел бойынша инфрақұрылым мен тұрғын үй-коммуналдық саланы жетілдіру, сондай-ақ таза экологиялық ахуалды сақтау мәселелерін қамтиды.

Біз өмір сүру сапасының жаңартылған өңірлік стандарттарына негізделген, еліміздің Жаңа Картасын қалыптастыруымыз қажет.

I. Қазақстандықтарға арналған сапалы тұрғын үй

Нарық жағдайында мемлекет азаматтарға өтеусіз негіздегі тұрғын үйді ұсына алмайды. Алайда біз әрбір отбасына қолжетімді болуға тиіс жаңа тұрғын үй құрылысына қолдау көрсетеміз. Бұл үшін біз:

- Жыл сайын кемінде 12-13 млн. шаршы метр тұрғын үй салатын боламыз. Тұрғын үймен қамтамасыз ету деңгейін халықаралық стандарттарға дейін, атап айтқанда бір адамға қазіргі 21,6 шаршы метрден 30 шаршы метрге дейін жеткізуіміз қажет.

- Ипотекалық кредиттің қолжетімділігін арттыра түсеміз.

- «7 – 20 – 25» бағдарламасын белсенді түрде ілгерілетуіміз қажет. Стандартты ипотека бойынша мөлшерлемелерді айтарлықтай төмендету үшін жағдай жасалуға тиіс.

- Көп балалы отбасыларға, мүмкіндігі шектеулі адамдарға, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған жалға берілетін тұрғын үйдің ауқымды құрылысын ынталандыратын боламыз.

- Жеке бизнестің тұрғын үй салуын ынталандырамыз. Бизнес ірі қалаларда ғана емес, еліміздің бүкіл аумағында эко-

ном-санаттан бастап бизнес-санатқа дейінгі тұрғын үйге деген сұранысты қанағаттандыруға тиіс.

- Аумақтарды инфрақұрылымдық тұрғыдан абаттандыру арқылы қалаларда және ауылдық елді мекендерде жеке тұрғын үй құрылысын дамытамыз.

- Құрылыс сапасына, құрылыс материалдарының экологиялық таза болуына және ғимараттардың энергияны сақтау тиімділігіне бақылауды күшейтеміз.

- «Ақылды қалалар» бірыңғай жүйесін қалыптастыру үшін ТКШ жұмысына цифрлық технологияларды енгіземіз. Олар өзін-өзі басқару органдары, басқарушы және сервистік компаниялар, қызмет көрсетуші коммуналдық кәсіпорындар жұмысының ашықтығын да қамтамасыз етеді.

II. Жол салу жұмыстарын ұлғайту, қала және ауыл инфрақұрылымын дамыту

Еліміздегі елді мекендер жолы сапалы және азаматтарға арналған инфрақұрылым жақсы болуға тиіс. Бұл үшін біз:

- Жергілікті автомобиль жолдарының заманауи желісін кеңейтуге қол жеткіземіз. Бұл жолдар ірі қалаларды ғана емес, облыстарды, аудандарды және ауылдық елді мекендерді де байланыстыруға тиіс. 2025 жылға қарай облыстық және аудандық маңызы бар жолдардың 95%-ының жағдайын жақсартуымыз қажет.

- Қоғамдық көлікті дамытуды ынталандырамыз, оның ішінде автобус парктерін жаңарту және баламалы көлік түрлерін (каршеринг, электр- және велокөлік) пайдалану.

- Әуежайлар, авто және теміржол вокзалдары жолаушы-

лар үшін қолжетімді, көпфункционалды және қолайлы болу үшін олардың реконструкциясын қамтамасыз етеміз.

- Жаяу жүргіншілерге арналған көшелер мен қоғамдық кеңістіктер санын арттыруды ынталандырамыз, олар елді мекендерде өмір сүру жайлылығын арттыра түседі. Халыққа көрсетілетін 30 неғұрлым қажетті қоғамдық қызметтер мен игіліктердің қолжетімділігі қамтамасыз етілуге тиіс.

- Ауыл тіршілігіне жаңартылған стандарттарды, оның ішінде әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымның жаңартылған стандарттарын енгізетін боламыз. Ауылда өмір сүру үшін толыққанды жағдай жасау мақсатында ауылдық елді мекендерді медициналық, білім беру, мәдени, спорт тұрғысынан қамсыздандыру қажет.

- Астана, Алматы және Шымкент сияқты ірі қалалардың шетіндегі мекендердің мәселелерін шешуге қол жеткізуге ұмтыламыз.

- Сонымен қатар шағын және моноқалаларды дамыту қажет. Бұл үшін жыл сайын бюджеттен қажетті қаражат бөлінуі керек.

- Ауылда халық тұтынатын тауарларды өндіру, ауылшаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу және басқа да бағыттар бойынша бизнесті дамытуға жағдай жасаймыз.

- Үкіметпен бірлесіп, ауылдық аумақтарды дамытуға бағытталған «Ауыл – Ел бесігі» жобасын іске асырамыз. Қазақстандағы әлеуеті бар перспективті ауылдарды өсу мен тұрақты даму ортасына айналдыруға ынталандыру қажет.

- Туристік инфрақұрылымды толыққанды дамыту үшін жағдай туғызатын боламыз. Республикалық туристификация

картасының барлық туристік объектілеріне көліктің кедергісіз жетуін қамтамасыз ету қажет.

III. Экологиялық таза ахуалды қамтамасыз ету

Қазақстан экологиясы анағұрлым таза, бақуатты әлем елдерінің біріне айналуға тырысуы қажет. Қоғамда табиғатқа ұқыпты қарау және өндіріс пен тұрмыста экологиялық таза технологиялардың ендірілуін қолдау мәдениетін қалыптастыруға жәрдемдесуге тиіспіз. Бұл үшін біз:

- Еліміздің барлық тұрғындарының таза ауыз суға қол жеткізуін қамтамасыз етеміз. 2030 жылға қарай Қазақстанның барлық қалалары және перспективті ауылдардың 90%-ы орталықтандырылған сумен жабдықталуға тиіс. Судың сапасына мониторинг жүргізуге азаматтық секторды белсенді түрде тарту керек. Қалаларда да, ауылдық жерлерде де суды тазартатын және оның үнемді жұмсалуына мүмкіндік беретін жаңа технологиялардың енгізілуін қолдайтын боламыз.

- Жаңартылатын энергия көздерінің үлесін арттыра түсу бағытында жұмыс жасаймыз. Баламалы энергетика, оның ішінде жаңартылатын энергия көздерінің үлесі 2030 жылға қарай 30%-ға дейін жетуге тиіс.

- Жылумен жабдықтаудың кеңінен газға көшуін қамтамасыз етеміз. Тұрғын ғимараттар мен үй-жайларды жылытуға арналған қатты отынды пайдалануды қысқартуымыз керек. Мұның өзі ауаға зиянды заттардың шығарындысын бірнеше рет азайтуға мүмкіндік береді. Облыс орталықтарында көмірді пайдалану азайтылуға тиіс, ал республикалық маңызы бар қалаларда 2030 жылға қарай мүлдем тоқтатуымыз керек. Тұтас-

тай алғанда еліміздегі елді мекендердің кемінде 56%-на газ өткізілуге тиіс.

- Пластиктен жасалған материалдарды экологиялық тұрғыдан дұрыс пайдалану мәдениетін қалыптастырамыз. 2030 жылға қарай қатты тұрмыстық қалдықтардың 100%-ның қайта өңделуін қамтамасыз ету керек. Тұрмыстық мақсаттарда пайдаланылған пластикті өткізуді ынталандырудың тетіктері енгізілетін болады. Сонымен қатар ел аумағында пластиктен жасалған пакеттерді сатуға біртіндеп тыйым салу қажет.

- Қазақстан фаунасы түрінің әралуандылығын сақтап қалу бағытында жұмыс жүргіземіз. Қазақстанда мекендейтін барлық жануарлардың базалық мамандандырылған картасын әзірлеп, ел фаунасын қорғау бойынша пәрменді шаралар қабылдануға тиіс.

7-мақсат:

Азаматтардың мүддесін білдіретін тиімді мемлекет

Елбасы бастамашылық жасайтын ауқымды әлеуметтік өзгерістердің табысты іске асуы басқару жүйесінің барлық деңгейіндегі атқарушы органдардың нақты әрі тиімді жұмысымен қатар жүреді.

Әлемдегі барлық елдердің үкіметтері бүгінгі таңда трансформацияның түрлі кезеңдерін бастан кешуде. Бұл бірқатар факторлардың әсеріне, ең алдымен, мемлекет пен азамат арасындағы өзара қатынастар парадигмасының өзгеруіне байланысты.

- Азаматтарды мемлекеттік басқару тетігіне тартудың дең-

гейін арттыру. Әлеуметтік желілер, азаматтық қоғам институттары азаматтардың маңызды мемлекеттік шешімдерді қабылдау процесіне айтарлықтай әсер етуіне мүмкіндік береді.

- Мемлекеттің транспаренттілігіне қойылатын талаптарды арттыру. Көптеген елдерде билік институттарын қоғам тарапынан көбірек бақылау қажеттігі күн сайын өсіп келеді және осы бақылау мемлекеттік органдар тиімділігінің және есептілігінің басты кепіліне айналуға.

- Басқару процестерін автоматтандыру және «цифрлық мемлекетке» көшу есебінен тұрғындардың шенеуніктермен тікелей қатынасы азая түседі.

- Мемлекеттің әлеуметтік маңыздылығын арттыру. Барлық азаматтардың арасында өмірлік маңызды қоғамдық игіліктерді әділ бөлуде мемлекеттің рөлі артып келеді. Бұған халықаралық ұйымдардың – БҰҰ мен ЭЫДҰ саясаты да ықпал етеді.

Біздің пайым бойынша заманауи мемлекеттік аппарат еліміздің әрбір тұрғыны үшін өмір сүрудің жоғары сапасын, мығым әлеуметтік кепілдіктерді, даму үшін мүмкіндіктерді және қауіпсіз өмірді қамтамасыз етуге тиіс.

«Нұр Отан» партиясының міндеті – Қазақстанның барша азаматтарының игілігіне қызмет ететін мемлекеттік басқарудың тиімді жүйесін қалыптастыруға ықпал ету.

I. Мемлекеттік аппараттың қызметін жаңғырту

Қазақстанның мемлекеттік қызметі ЭЫДҰ-ның сыныптамасы бойынша қазіргі кәсіптік-стратегиялық деңгейден инновациялық деңгейге көтерілуіне тиіс. Оның белгілері – азамат-

тарға бағдарлану, инклюзивтілік, бастамашылдық, қолда бар және жаңа технологиялармен жұмыс істей алу. Бұл үшін біз:

- Мемлекеттік институттар қызметіне, оның ішінде Қоғамдық кеңестер шеңберінде қоғамдық бақылауды күшейтеміз. Бұдан басқа,

- «Ашық Үкімет» жобасының функционалы мен мүмкіндіктерін нығайту қажет.

- Мемлекеттік аппарат қызметінің одан әрі жан-жақты цифрлануына жәрдемдесеміз. Барлық мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің 100%-ын электрондық форматқа көшіру керек.

- Билік органдарының ішкі процестерінің кері инжинирингін талап етеміз, атап айтқанда корпоративтік менеджмент және жобалық басқару қағидаттарына көшу шеңберінде.

- Мемлекеттік қызметтің беделін нығайтуға көмек көрсетеміз. Мемлекеттік қызметшілерді іріктеу және ілгерілету процесі, олардың еңбегіне ақы төлеу деңгейі икемді және жаңа кадрлардың келуіне ықпал етуге тиіс.

II. Азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету

ЭЫДҰ елдеріндегі қауіпсіздік деңгейі біз үшін үлгі болып табылады. Осы саладағы әлемдік тәжірибені Қазақстанға енгізуге тырысамыз. Бұл үшін біз:

- Құқық қорғау жүйесінде сапалы өзгерістердің жүргізілуіне қол жеткіземіз. ІІМ реформасы саланы өздеріне тән емес функциялардан босатуды, құрылымы мен құрам санын оңтайландыруды, қызметкерлердің әлеуметтік қорғалуын арттыруды, халықпен жұмыс істеудің заманауи форматтарын енгізуді қамтиды.

- Сот жүйесін жаңғыртуға ықпал етеміз. Партия цифрлық форматтарды енгізу, сот жүйесін сапалы дамыту және кадрларды жаңарту үшін жағдай туғызады.

- Еліміздің қорғаныс қабілеттілігін арттыруға жәрдемдесеміз, Қарулы Күштерді нығайту жөніндегі және әскери қызметшілердің өмір сүрудің жоғары деңгейіне қол жеткізуі жөніндегі шараларды қамтамасыз етеміз.

- Қазақстанның халықаралық қоғамдастықтағы тұғырын бекемдей түсеміз және Мемлекет басшысының бітімгершілік бастамаларын дәйекті түрде іске асырамыз.

III. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейту – экономикалық өсуді қамтамасыз етудің және өмір сүру сапасын арттырудың маңызды шарты. Партияның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс- қимыл бағдарламасы сыбайлас жемқорлыққа қарсы мемлекеттік саясаттың идеологиялық негізін қалауға тиіс. Бұл үшін біз:

- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы халықаралық стандарттарды ұлттық заңнамаға енгізіп, қолданамыз. Бұл мемлекет пен қоғамның осы жағымсыз құбылысқа қарсы күрестегі күш-жігері үшін бағыт-бағдар қалыптастырады.

- Барлық деңгейдегі нормативтік құқықтық актілерге – Парламентке енгізілетін заң жобаларынан бастап, биліктің жергілікті органдарының тиісті актілеріне дейін сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптама жүргізу міндеттілігі енгізіледі.

- Квазимемлекеттік секторда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс- қимылды күшейтеміз, бұл барлық жұмыс рәсім-

дерінің есептілігі мен ашықтығының пәрменді ұйымдастырушылық-құқықтық тетіктерін енгізуге тиіс.

- Жеке секторға сыбайлас жемқорлық ұғымының түсіндірілуіне қол жеткіземіз. Қазақстан қоғамында осы әлеуметтік кесепат жөнінде құқықтық сана және оған деген төзбеушілік сезімін қалыптастыру қажет.

IV. Эволюциялық даму және саяси жүйені нығайту

Біз Елбасының басшылығымен саяси жаңғырту бағытын жалғастыратын боламыз, бұл заманауи мемлекеттің дамуының түйінді шарттарының бірі болып табылады. Бұл үшін біз:

- Еліміздің саяси өміріне, орталық және жергілікті өкілді органдарға сайлауға белсене қатысамыз.

- Азаматтарды шешімдер қабылдау және оларды іске асыру процесіне тартудың нақты тетігі ретінде жергілікті өзін-өзі басқару органдарын дамытуға қолдау білдіреміз.

- Партия жүйесін дамытуға, партияның саяси жүйедегі жүйекұраушы рөлін нығайтуға бағытталған барлық бастамаларын қолдаймыз.

8-мақсат:

Жауапты азаматтардың үйлесімді қоғамы

Мемлекет пен қоғам арасындағы әріптестік қатынастар ХХІ ғасырдағы мемлекет табысының түйінді шарты болып табылады. Нақ дамыған азаматтық қоғам экономикалық дамуға айтарлықтай әсер ете алады.

Қазіргі кезде дамыған елдерде азаматтық қоғамның даму парадигмасы мынадай трендтер шеңберінде өзгеруде.

- Қоғам ішіндегі коммуникация процестерінің жеделдей түсуі. Интернет (ең алдымен, әлеуметтік желілер мен мессенджерлер) азаматтық сектордың дамуына жаңа серпін берді. Ол белсенді азаматтарға мемлекеттік органдарға әсер ету құралын ұсынды. Бұдан басқа, азаматтық қоғамдастықтардың қалыптасу процестері анағұрлым ұтқыр әрі анағұрлым виртуалды болып келеді.

- Қоғамның «желілік» құрылымы. Қоғамдық қатынастар мүдделі адамдар тобының нақты міндеттерін шешу үшін белгілі бір ахуалдарда қалыптаса бастады. Азаматтық қауымдастықтар негізінде әрекет еткен азаматтық қоғамдарға қарағанда (ҮЕҰ және КЕҰ) қазіргі заманғы қоғам өзара іс-қимыл үшін ашық көптеген бейформалды желілік құрылымдардан тұрады. Олар конструктивті де, деструктивті де сипатта болуы мүмкін.

- Қоғамдық қатынастарды дербестендіру. Азаматтық белсенділіктің белгілі бір ахуалға байланысты болуы жеке адамның оның басты элементіне айналатынына алып келеді. Қоғамдық мүдде белсенді және жауапты азаматтардың дербес мүдделерінен қалыптасады.

«Нұр Отан» партиясы ынтымақтастық және жауапкершілік негізінде Қазақстан азаматтарын жалпыұлттық мәселелерді шешу үшін қатысуға ынталандыратын болады.

Біз әрбір қазақстандық азаматтың елде болып жатқан процестердегі рөлінің арта бергенін қалаймыз. Азамат мемлекеттік саясатқа белсене араласып қана қоймай, өз елінің дамуына әсерін тигізуге тиіс.

I. Елбасы айқындаған жаңғырту құндылықтарын қоғамда ілгерілету

Бұл құндылықтар халқымыздың ұлттық коды мен жаһандық жаңғырту дүниетанымының үздік мақсатының үйлесімді синтезіне негізделген. Егер анағұрлым дамыған елдермен те-реземіз теңдессін десек, ұлтымыздың психологиясы мен әдет-дағдысына өзгеріс енгізуіміз керек. Бұл үшін біз:

- Қазақ тілінің латын әліпбиіне түбегейлі көшуіне ықпал етеміз.

- Бұл процесс жүйелі әрі дәйекті түрде жүзеге асырылуға тиіс.

- Қазақстандықтардың мәдени ашықтығын арттыруға, Қазақстан қоғамында құндылықтардың дұрыс жүйесін таратуға бағытталған партия жобаларын іске асырамыз.

- Еліміздің көркемөнер жастарын қолдаймыз, олардың жобаларын іске асыруға жәрдемдесеміз.

- Біздің көркемөнер және ғалым зиялы қауымның басқа елдердегі өздерінің әріптестерімен қарым-қатынастарын ын-таландырып, халықаралық байланыстарды дамытамыз.

II. Қазақстанда үйлесімді қоғамдық қатынастар орнату

Қоғам жаңа қадам жасап, қазақ мәдениеті мен тілінің топтастырушы рөлін тануға негізделген қоғамдық интеграцияның парадигмасына көшу қажет деп есептейміз. Бұл үшін біз:

- Қоғамда, ең алдымен Қазақстанның өскелең ұрпағы ара-сында қоғамдық үйлесім құндылықтарын ілгерілетеміз әрі бекітеміз. Қоғамның әрбір жаңа мүшесі қоғамдық үйлесім идеологиясын ана сүтімен бойына сіңіруі маңызды.

- Қазақ халқының тілін, тарихын, дәстүрлерін, гуманитарлық және имандылық қағидаттарын елімізде тұратын барлық этностық топтардың өкілдері арасында кеңінен насихаттау қызметін жандандыра түсеміз.

- Қазақстанда тұратын барлық этностық топтардың үйлесімді дамуы үшін мүмкіндіктерді нығайта түсеміз. Оларға өз мәдениетін, дәстүрлері мен тілін сақтап қалу үшін барлық жағдайды ұсынуымыз қажет.

- Қоғамдық тұрақтылыққа жағымсыз әсерін тигізуі ықтимал проблемаларды дер кезінде анықтаймыз. Партия азаматтық өзара іс-қимыл процестерінде медиатор қызметін атқармақ.

- Қазақстандық қоғамда және әлемде этносаралық және рухани үнқатысуды қолдап отырамыз. Біз Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съезі сияқты аса ірі үнқатысу алаңдарының қызметіне белсене араласуды және оны кеңінен насихаттауды жалғастырамыз.

- Қазақстанның ұлттық бірегейлігін одан әрі дамыту мәселелері бойынша қоғамдық пікірталасты сараптамалық және ұйымдастырушылық тұрғыдан сүйемелдеуді жүзеге асырамыз.

III. Партияның негізгі әріптестердің бірі ретіндегі азаматтық сектормен белсенді өзара іс-қимылы

Белсенді азаматтық қоғам мемлекеттік органдардың іс-қимылын бақылай алады әрі толықтыра алады және бақылауға әрі толықтыруға тиіс. Бұл үшін біз:

- Үкіметтік емес сектор институттарын Елбасының стратегиялық бастамаларын іске асыру төңірегіне топтастырамыз, бұл үшін «Қазақстан 2050» жалпыұлттық

- демократиялық күштер коалициясының, сондай-ақ Партияның үкіметтік емес ұйымдармен және басқа да алаңдармен өзара іс-қимылы жөніндегі кеңесінің шеңберіндегі жұмысты күшейте түсеміз.

- Азаматтар мен мемлекет арасындағы коммуникациялық көпір ретінде әрекет етеміз. Партия белсенді азаматтарды аса маңызды жалпымемлекеттік шешімдерді талқылауға және тұжырымдауға тартатын болады, сондай-ақ қоғамдық-саяси процестерге азаматтардың қатысуын кеңейте түседі.

- Азаматтық бастамалар мен үкіметтік емес ұйымдарға олардың қоғам үшін маңызды жобаларының іске асуына жәрдемдесу арқылы қолдау көрсетеміз.

9-мақсат:

Жастар – зор мүмкіндіктерге ие ұрпақ

Жастар – әрбір мемлекеттің болашағы.

Бүгінгі таңда «Z ұрпақ» деп аталатын жаңа буын қазақстандықтар өзіндік даму кезеңіне белсенді түрде көтерілді. Әлемдік үрдістер қазіргі заманғы жастардың бұған дейінгі ұрпақтан өздерінің ұстанымдары бойынша айтарлықтай өзгеше екенін көрсетіп отыр. Олардың бірқатар ерекшеліктері бар.

- Цифрлық технологиялар әлемімен тығыз байланыс. «Z ұрпақ» деп аталатын жаңа буын өкілдері цифрлық дәуірде дүниеге келіп, кемелдене бастады. Олар үшін онлайн – нақты өмірді айқындайтын құбылыс, ал әлеуметтік медиа– коммуникацияның негізгі құралы.

- Дарашылдық ұстанымы. Жаһандану және цифрландыру нәтижесінде жастардың мүлдем жаңа мәдени тұрпаты қалып-

тасты, олардың жүріс-тұрысы экономикалық тұрғыдан ұтымды, оларға іскерлік, өзі дербестік тән. Олар ақшаға көп мән бере бермейді, жайлы, қолайлы әрі тұрақты өмір сүруге басымдық береді.

- Саламатты өмір салтына бағдарлану. Цифрлық ұрпақ өкілдері өмір сүру сапасын және өз денсаулығы жағдайын арттыру мәселесіне көп мән береді.

«Нұр Отан» партиясы әлемдік үрдістерді ескере отырып, жастарды жан-жақты қолдауды күшейте түседі.

Жастарға сапалы білім алу, тұлға ретінде даму, кәсіптік және шығармашылық тұрғыдан өзін-өзі таныту үшін жағдай жасап, мүмкіндіктер туғызу – алдағы жылдарда табысты, дамыған әрі тұрақты Қазақстан алдында тұрған міндет.

Жаңа буын қазақстандықтар еліміздің стратегиялық бағытын ілгерілетуші күш болуға тиіс. Оларды жан-жақты қолдау «Нұр Отан» партиясы және оның «Жас Отан» жастар қанаты қызметінің басты бағыттарының бірі болып табылады.

I. Жастарға әлеуметтік қолдау көрсету

Еліміздің жас азаматтарына дамуы әрі тұлға ретінде өсіп-өркендеуі үшін барлық жағдай жасалуға тиіс. Жаңа буын қазақстандықтардың өмірі халқымыздың алдағы ұрпақтарына қарағанда анағұрлым жақсы болуға тиіс. Бұл үшін біз:

- Ірі қалаларда жалға берілетін тұрғын үй салу, сондай-ақ ипотекалық кредиттер бойынша бастапқы жарнаны субсидиялау тетіктерін енгізу есебінен жастардың тұрғын үй мәселелерін шешу жөнінде тиімді шаралар қолданамыз.

- Жас қазақстандықтардың әлемнің озат елдерінің деңгейінде білім алуы үшін жағдай жасаймыз. Білім беру процесінде

шығармашылық ой-өрісін, білім-білік экономикасында өзін-өзі таныту дағдыларын дамытуға, ерте жастан кәсіптік бағдарлауға ден қойылу керек.

- Жастарды еңбекпен қамту, жастардың бизнес-бастамаларын дамыту («Жас кәсіпкер») жөніндегі бағдарламалардың және стартаптарды қолдау бойынша тетіктердің іске асырылуына қол жеткіземіз. Жастарды еңбек өтілінсіз алғашқы жұмысқа алуға жұмыс берушілерді ынталандыратын шаралар кешенін қабылдау қажет.

- «Дипломмен ауылға» бағдарламасы шеңберінде қолдау шараларын жақсарту есебінен білікті жас мамандарды ауылға тартуға ықпал етеміз.

- Жастардың қажеттіліктерін түсіну және олардың мүдделерін одан әрі ілгерілету үшін жастар өкілдерімен кері байланыс орнатып, ұдайы қолдап отырамыз.

- Өз орнын таппаған жастардың (NEET) проблемаларын шешу үшін жағдай жасаймыз. Жас қазақстандықтар мемлекетпен қоғамның өзіне деген қамқорлығын сезінуі керек.

II. Жастардың әлеуетін дамыту, жастар арасында патриоттық деңгейін арттыру

Қазіргі заманғы қазақстандық қоғамның өз тарихын, оның әлемдік тарихи ағындағы рөлін түсінуі өте маңызды.

Қазақстанның әрбір жас азаматының бойында патриоттық сезім мен белсенді өмір ұстанымын қалыптастыру маңызды іс болып қала береді. Бұл үшін біз:

- Жастарды партияның жобалары, партия алаңдары мен іс-шаралары, сондай-ақ студенттердің құрылыс жасақтары

мен жастарды әскери-патриоттық тәрбиелеу арқылы қоғамдық өмірге тартамыз.

- Волонтер институтын дамытуды көтермелейміз. Еліне және қоғамға пайда әкелуге ұмтылатын жалынды жастарды мемлекет те, үкіметтік емес сектор да қолдауға тиіс.

- Жастарды ғылыми қызметке ынталандырамыз. Жас ғалымдардың іргелі және қолданбалы зерттеулерін гранттық қаржыландыруға қосымша қаражат бөлінуге тиіс.

- Қазіргі заманғы жастардың зияткерлік, имандылық дамуына оң әсерін тигізетін жаңа демалыс практикаларын қолдаймыз.

- Жастар арасында отбасылық құндылықтарды әдетке айналдырамыз. Ана институтын қолдаумен қатар әке институтын дамыту, жас жігіттер бойына өзінің отбасы үшін жауапкершілік сезімін дарыту аса маңызды болмақ.

- Жастарға бағытталған партия жобаларын іске асырамыз. Жас буын қазақстандықтарға ерте жасынан бастап дамуы мен өзін-өзі танытуы үшін барлық мүмкіндіктер жасалуға тиіс.

III. Мемлекеттік жастар саясатының тиімділігі мен нәтижелілігін арттыру

Қазақстанға жастар саясатының жан-жақты пысықталған әрі пәрменді мемлекеттік стратегиясы қажет. Мемлекет жас буын азаматтарының қажеттіліктерінен ұдайы хабардар болуға және оларға тиісінше ден қоюға тиіс. Бұл үшін біз:

- Жастарды және отбасын дамыту саласындағы Жол картасының орындалуын бақылаймыз. Елбасының жастарды қолдау жөніндегі барлық бастамаларының сапалы орындалуына қол жеткізетін боламыз.

- Жастардың қоғамдық ұйымдарын өңірлік деңгейдегі жастардың бастамаларын іске асыруға тартамыз. Бұл бағытта біз еліміздің өңірлерінде «Жас Отан» жастар қанатының жұмысын жандандырамыз.

- «Партияның жас кадрлар резервін» қалыптастырамыз, оның мақсаты – мемлекеттік басқару жүйесі мен партия үшін заманауи және тиімді жаңашыл басқарушыларды ілгерілетуді дамыту.

- «Жас Отан» жастар қанатының рөлін арттырамыз, ол еліміздегі жастар қозғалысының өзегіне айналып, бүкіл жастарды Елбасы саясаты төңірегіне жұмылдыруға тиіс.

10-мақсат:

«Нұр Отан» партиясының ұзақ мерзімді саяси көшбасшылығы

Әлемнің көптеген елдерінің саяси өмірінде қазіргі заманғы саяси партиялардың рөлі мен орнының түбегейлі трансформациясы орын алуда. Бұл әлеуметтік-экономикалық, саяси және ақпараттық салалардағы бірқатар өзгерістерге байланысты.

- Партия бірегейлігі дағдарысы. Классикалық бөлінудің (сол жақтағылар, оң жақтағылар және центристер немесе либералдар, консерваторлар және социал-демократтар) өзектілігі біртеңдеп жоғалып келеді. Партиялар өздерінің саяси бағдары мен мүдделеріне қарамастан өз қатарына неғұрлым көп жақтаушыларды тартуға тырысады.

- Қоғам құрылымының өзгеруі. Орнықты әлеуметтік топтардың орнына «желілік» деп аталатын қоғамдастықтар келу-

де, олар белгілі бір ахуалға және ағымдағы өзекті күн тәртібіне байланысты қалыптасады.

- Бүкіл жақтағы саясаттың дербестенуі. Бұқаралық коммуникацияның жаңа құралдары, ең алдымен Интернет, саясатқа араласу процесін бірінші кезекте өз мүддесін алға қоятын жеке азаматтың деңгейіне дейін жеткізуге мүмкіндік туғызды.

«Нұр Отан» партиясы жаңа тұрпаттағы партия ретінде ұстанады, ол өзінің жиырма жылдық партиялық табысты қызметін цифрлық қоғамның түбегейлі жаңа жағдайында жұмыс істеу үшін пайдалануға қабілетті.

Елбасының партиясы бола тұрып, «Нұр Отан» Қазақстан азаматтарының басым көпшілігінің мүдделерін білдіруге тырысады.

Партияшілік процестерді жаңғырту жөніндегі, сондай-ақ «Нұр Отанның» елімізді дамытудың стратегиялық бағыттарын тұжырымдаудағы рөлін арттыру жөніндегі жұмыс жандана түседі.

I. Партияшілік қызметті кешенді жаңғырту

Партияны жаңғырту, ең алдымен, қазіргі заманғы трендтерге бейімделуге және партия қызметінде жаңа технологияларды пайдалануға бағытталады. Бұл үшін біз:

- Нақты істер партиясы ретінде әрекет етеміз. Күнделікті жұмыста жобалық тәсіл пайдаланылатын болады, ол нақты адамға және оның мүдделері мен проблемаларына да, мемлекеттің стратегиялық міндеттеріне де бағытталады.

- Қазіргі заманғы және технологиялық саяси институт үшін трансформация процестерін жүзеге асырамыз, бұл ретте

- «Цифрлық партия» жобасы шеңберінде барлық жұмыс процестерінің цифрлануы қамтамасыз етіледі.

- Жергілікті жерлерде партия жұмысының сапасын арттырамыз. Өңірлік, аумақтық филиалдар және, әсіресе, бастапқы партия ұйымдары жергілікті және жалпыұлттық міндеттерді шешу үшін азаматтар мен азаматтық қоғам институттарының күш-жігерін біріктіретін түйінді буынға айналуға тиіс.

- Партияшілік бақылауды күшейтеміз. Қоғамдық борышты жоғары деңгейде түйсініп-түсіну, қоғамдық мүдделердің бұзылуына төзімсіздік білдіру, қоғамдық және жеке өмірде адалдық пен шынайылық, адами тазалық, қарапайымдылық пен кішіпейілдік таныту партияның кез келген мүшесі жүріс-тұрысының міндетті нормасына айналуға тиіс.

- Партияның талдамалық әлеуетін арттырамыз, бұл ретте өзімізді Қазақстандағы жоғары сапалы талдамалық әзірлемелердің басты орталығының бірі ретінде бекітеміз.

- Кадр әлеуетінің сапасын арттыруға бағытталған партиялық білім берудің көпдеңгейлі жүйесін орнатамыз. Бұл бастапқы партия ұйымдарының мүшелерін, орталық аппарат және филиалдар қызметкерлерін, биліктің өкілді органдарындағы партия фракцияларының депутаттарын қамтитын болады.

II. Халық сенімін нығайту

Партия қазақстандықтардың үмітін ақтау үшін барлық қажетті шараларды қолданады, халықтың барлық топтарының мүдделерін білдіреді және халық пен мемлекет арасындағы байланыстырушы буын ретінде әрекет етеді. Бұл үшін біз:

- Үкіметпен бірлесіп «Халыққа Көмек» партия жобасына

бастамашылық жасаймыз және оны іске асырамыз, ол халықтың күнделікті мәселелерін шешуге партияның анағұрлым белсенді қатысуына бағытталатын болады.

- Халықпен жұмыс жүргізудің өзіндік белсенді қағидаттарын қолданамыз. Партияның қоғамдық бөлмелері көмекті қажетсінетін біздің азаматтар үшін Бірыңғай әлеуметтік терезеге айналады. Адамдар «Осы жерде және дәл қазір» қағидаты бойынша көмек және консультация алатын болады.

- Қоғамдағы көңіл-күйге мониторингті күшейтеміз және азаматтардың пікірін мемлекеттік органдарға жеткіземіз. Жаңа технологияларды және елдегі аса ірі филиал желісін пайдалана отырып, «Нұр Отан» Әлеуметтік мониторинг картасы шеңберінде еліміздің барлық өңірлеріндегі қоғамдық-саяси және әлеуметтік- экономикалық ахуалға мониторинг жүргізудің және оны болжамдаудың озат жүйесін орнатады.

- Белсенді халық үшін басты «әлеуметтік баспалдақтың» бірі ретінде әрекет етеміз. Партияның кадрлар резервін қалыптастыру шеңберінде дайындығы неғұрлым жоғары азаматтарды іріктеу және одан әрі ілгерілету үшін мемлекеттік басқару жүйесінде және партия аппаратында кадр саясатын жетілдіретін боламыз.

III. Еліміздегі басты қоғамдық бақылау институты ретінде «Нұр Отанның» рөлін күшейту

Партия мемлекеттік билік органдарының шешім қабылдауы және мемлекеттік саясаттың іске асырылуы кезінде қоғамдық мүдделердің ескерілуін қамтамасыз ету үшін еліміздегі барлық сындарлы күштерді жұмылдыратын болады. Бұл үшін біз:

- Мемлекет басшысының қазақстандықтардың әл-ауқатын арттыру жөніндегі тапсырмаларының орындалуына, сондай-ақ осы мақсаттарға бөлінген қаражаттың пайдаланылуына қоғамдық бақылау жүйесін жетілдіреміз.

- Мемлекеттік бағдарламалар мен партия жобаларының іске асырылуына тиімді қоғамдық бақылауды қамтамасыз етеміз. Партия алаңында мемлекеттік бағдарламалардың іске асырылуына жауапты мемлекеттік органдардың есебі ұдайы түрде тыңдалатын болады. Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігімен бірлесіп, Мемлекеттік бағдарламаларды іске асырудың тиімділігін бағалау және мониторинг жасау орталығы құрылатын болады.

- Әлеуметтік маңызы бар түйінді мемлекеттік бағдарламалар мен НҚА әзірлеуге және талқылауға қатысамыз.

- Азаматтық сектормен бірлесіп, нормативтік-құқықтық актілерге олардың халықтың әлеуметтік жағдайына және әл-ауқатына әсер етуі тұрғысынан сараптама жүргізуді жүзеге асырамыз.

IV. «Нұр Отан» партиясының саяси көшбасшылығын ұзақ мерзімді перспективаға қамтамасыз ету

Партия өзінің көшбасшылығын сақтап қалу бағытында белсенді жұмыс жүргізетін болады.

- Елбасының бағытын қолдау үшін ауқымды негіз қалаймыз. «Нұр Отан» ел Президентінің бағытын жүргізетін басты партия болып қала береді.

- Елдің жаңғыруына ықпал ететін басты стратегиялық күш ретінде әрекет етеміз. Партия Қазақстанды жаңғыртудың бас-

ты ілгерілетуші күші және оның құндылықтарын бойына сіңірген қуат-жігері болуға тиіс.

- Алдыңғы қатарлы отандық және шетелдік мамандарды мемлекетті жаңғыртудың стратегиясын сарапшылық қамтамасыз етуге жұмылдырамыз.

- Мемлекеттік басқару жүйесінде қазақстандықтардың бүкіл топтарының мүдделерін толыққанды білдіру үшін барлық деңгейдегі өкілді органдарда өтетін сайлауға қатысамыз.

- Барлық сындарлы қоғамдық күштерді партия төңірегіне топтастырамыз. Елімізді дамыту және өркендету үшін барлық партиялар мен қоғамдық бірлестіктермен идея алмасуға және ауқымды ынтымақтастыққа дайынбыз.

Құрметті қазақстандықтар!

Алдағы онжылдықта халқымыз бұдан да қуатты және өркендеген мемлекет болатынына біз кәміл сенеміз!

Алуан түрлі әлемдік үрдістерге қарамастан, алға қойған барлық мақсаттарға қол жеткізетінімізге сенімдіміз.

Қазіргі әлемде тұрақтылық пен дамудың берік кепілі болатын ұзақ мерзімді саяси көшбасшылық қамтамасыз етілген елдер ғана үлкен табыстарға жетеді.

«Нұр Отан» партиясы еліміздің жетекші саяси күші ретінде халқымыздың бірлігін, еліміздің өркендеуін қамтамасыз ету және әрбір қазақстандық азаматтың әл-ауқатын арттыру бағытындағы жұмысын жалғастыра береді.

Алдағы онжылдық біздің партия үшін Отан игілігіне арналған бұдан да белсенді жұмыс кезеңіне айналады.

Қазақстан азаматтары көрсеткен сенімді біз жоғары баға-

лаймыз және халықтың үмітін ақтау ісінде қолымыздан келгеннің барлығын жасаймыз.

Баршамыз бірге біз бақуатты қоғам құрамыз, мұнда еліміздің әрбір тұрғынын да жайлы өмір сүруі, өркендеуі әрі дамуы және өзін-өзі танытуы үшін барлық мүмкіндіктер болады.

«Нұр Отан» партиясы – еліміздің әлеуметтік әл-ауқатының кепілі!

ҚАЗАҚСТАН КОММУНИСТІК ХАЛЫҚ ПАРТИЯСЫНЫҢ БАҒДАРЛАМАСЫ

Осы Бағдарлама Қазақстан Коммунистік Халық партиясының (ҚКХП) бағдарламасы, жалдамалы еңбекшілердің құқықтарын әлеуметтік, экономикалық және саяси тұрғыдан қорғау бағдарламасы, еңбекші халықтың билігі үшін, адамды қанауға қарсы күрес бағдарламасы, бейбітшілік, ұлтаралық татулық, жаңа қоғамдық формация құру үшін күрес бағдарламасы болып табылады.

Кіріспе

Ғасырлар бойы социалистік, кейіннен коммунистік идея адамзаттың озық ойын жігерлендірді. XIX ғасырда ғылыми коммунизмнің негізін қалаушылар Карл Маркс пен Фридрих Энгельс ғылыми тәжірибеге сүйене отырып, қоғамдық дамудың объективті заңдарын шығарды, адамзат қоғамының жаңа коммунистік формацияға өтуі болмай қалмайтынын теориялық тұрғыдан көрсетті. XX ғасырда марксизм әлемдік даму барысына зор ықпалын тигізді. Коммунистік идеяның және Ресейде тұңғыш құрылған коммунистік партияның туы астында Ұлы Октябрь социалистік революциясы аяқталды. Жұмысшылар мен шаруалардың көпұлтты мемлекеті – Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы құрылды, адамды адамның қанауы жойылды, негізінен оның еңбек етуге және дем алуға, тегін білім алуға және емделуге, тұрғын үй алуға, қамсыздандырылған қарттыққа құқығы іске асырылды. Қысқа

тарихи кезең ішінде патшалық Ресейдің және әсіресе, оның ұлттық шеттерінің ғасырлар бойғы артта қалушылығын жеңді. Адамдардың жаңа тарихи бірлігі – кеңес халқы құрылды.

Адамдар мен халықтар арасындағы қатынастарда интернационализм басым болды. Кеңестер елі экономика, ғылым, мәдениет саласында озат мемлекеттердің қатарына шықты.

КСРО-ның Ұлы Отан соғысындағы тарихи жеңісі адамзатты фашистік құлдықтан құтқарды және бүкіл әлемде әлеуметтік прогреске – әлемдік кеңестік жүйенің құрылуына, отаршылдықтың күйреуіне, капиталистік елдердегі жұмысшы қозғалысының табысты болуына зор ықпалын тигізді.

Бұл табыстардың негізінде социализмнің мынадай басымдықтары: өндіріс құралдарына қоғамдық меншік, ұжымшылдық, халықтар достығы, жоспарлылық, қоғамның күш-жігерін шешуші учаскелер мен бағыттарға шоғырландыру мүмкіндігі жатыр.

Алайда, 80-ші жылдардың аяғындағы Шығыс Еуропа елдеріндегі драмалық оқиғалардың және 1991 жылғы тамыз-желтоқсан айларындағы КСРО-дағы оқиғалар нәтижесінде коммунистік идеяның қарқынды қозғалысы үзілді: КСРО жойылды, КОКП-ге тыйым салынды, кеңес өкіметі таратылды, буржуазиялық қоғам құру процесі басталды.

КОКП-ның тәжірибесі мен сабақтарын талдай отырып, Қазақстан Коммунистік Халық партиясы болған оқиғаларда КОКП-ның және республикалық компартиялардың бұрынғы басшылығы сатқындарының зор кінәсі бар деген тұжырымға келді. Бірақ анағұрлым күрделі себептер, объективті факторлар бар, олардың ең бастысы мыналар деп есептейміз:

Біріншіден, догматизм, теориялық тоқырау, ББКП, КОКП басшыларының В.И. Ленин бастаған марксизмді ХХ ғасырда жаңа тарихи жағдайларда шығармашылық дамытуды қаламауы және олардың қабілетсіздігі деп есептейміз. Партиялық номенклатура «соңғы инстанциядағы ақиқатқа» арналған құқықты иеленіп, дарындылардың, таланттылардың жолын кесті, догматиктерге, дүмшелерге, жағымпаздарға жол ашты. Әрі қайта құруды терең теориялық әзірлемесінсіз, іс-әрекеттің ғылыми негізделмеген бағдарламасынсыз бастауы кездейсоқтық емес.

Екіншіден, ішкі партиялық демократияның өзгеруі, басшылықтың командалық әдістерінің басым болуы, төменнен айтылған сынды елемеу коммунистерді партиялық машинаның жай «бұрандасына» айналдырды. Партиялық көпшіліктің қалауын іске асыру тетігінің болмауы шығармашылық бастаманы тұсап тастады, партия мүшелері мен бастауыш ұйымдардың келісімпаздығына, енжарлығына себепкер болды.

Үшіншіден, кадрлар даярлау, тәрбиелеу және орналас-тыру жүйесіндегі кемістіктер, ықтимал көшбасшыларды анықтау үшін бәсекелестік ортаның болмауы, әртүрлі артықшылықтарды жасау, номенклатуралық ерекшелік партиялық элита мен аппараттың қатардағы коммунистерден, ал партияны – жұмысшы табынан және еңбекшілерден алшақтатуға әкеп соқты.

Төртіншіден, елге партиялық басшылық жасау қағидаттарын бұрмалау, кеңестік және шаруашылық органдарды партиялықтармен алмастыру, мәдениетке, ғылымға, дін ісіне араласу, партиялық аппарат басшыларын мемлекеттік аппа-

ратпен және мафиялық элементтермен араластыру елді ыдыратуға әкеп соқты.

Қазақстан коммунистері 1991 жылы Қазақстан Коммунистік партиясын қайта жаңғыртып, ғылыми коммунизм идеяларын сақтауға үлкен қадам жасады. Партия көп сатылы даму жолынан өтті, бұл ретте реформалар жағдайында жұмыс істей отырып, қайтадан оның қызметіне артық орталықтандырудың енуінен және алқалық қағидаттардың және халық бұқарасымен нық байланыстардың жойылуынан құтыла алмады. Қазақстан Коммунистік партиясы жоғары басшылық құрылымы бар басқа саяси партиялардың кеселдерін көшіре бастады. Мұндай үрдістерді қалыптастыру Жарғының бұзылуына, демократиялық қағидаттарды озбырлық пен дара басшылыққа ауыстыруға әкеп соқты.

Партияның басты көзі және қозғалыс күші партиялық көпшіліктің саяси қалауы – партиялық көпшіліктің басымдығы болуға тиіс екенін қайтадан түсінетін уақыт жетті, ал партия аппараты мен барлық деңгейдегі партиялық органдар ұжымдық шешімдерді ұйымдастыра білуге тиіс.

Бұдан басқа, партияда басшылықтың қызметін партиялық көпшіліктің бақылау, оның төрешілдігіне қарсы тұру, қоғамдық дамудың нақты үрдістерін болжау, өзгеріп жатқан жағдайларға уақтылы ден қоюдың тұрақты тетіктері жұмыс істеуге тиіс. Қайта құру адамның мүддесінен және оның өмірінің аса қажеттіліктерінен шығуға, көпшіліктің жанды шығармашылығына сүйенуге тиіс.

Социалистік құрылыстың және Кеңес өкіметін жүзеге асыру сәтсіздіктерінің себептерін талдау, ол кеңестік қоғамның бол-

мысында оны жоюға әкеп соғатын антагонистік қайшылықтар болмаған, еңсеруге болатын қайшылықтар болған (бұл туралы бірқатар кеңестік елдердің тәжірибесі куәландырады) және КСРО-да социалистік құрылысты жалғастыруға мүмкіндік болған деп сендіруге негіз береді.

1. Ең елеулі проблемалар мыналар:

а) экономикада – өндірістік қатынастардың өндіргіш күштердің даму деңгейінен үдемелі түрде алшақтауы, «әркімге қабілетіне қарай, әркімге еңбегі бойынша» қағидатының бұзылуы, жемісін Батыс елдері сәтті пайдаланған 70-ші жылдардағы техникалық өзгерістің мәнін түсінбеу. Осының барлығы өндіріс өнімділігінің өсуін – «жаңа қоғамдық құрылыстың жеңісіне арналған басты жағдайларды» елеулі түрде тежеді В.И. Ленин;

б) саясатта - Кеңестердің халық өкіметі органдарынан біртіндеп қосалқы командалық-әкімшілік жүйеге өзгеруі, партияның диктатурасын орнату, мемлекеттік, партиялық және ғылыми ұйымдардың демократиялық қағидаттар мен жұмыс әдістерін жоғалтуына, төрешілдікке және ұйымдастыра алмаушылыққа, биліктің барлық өкілді органдарын формальды тағайындаушылық тәсіліне әкеп соқты;

в) ұлттық қатынастарда - кертартпалықтың болуы және ұлттық саясатта икемділік пен төзімділіктің болмауы. Соңғы жылдары орталық пен республикалар арасында қайшылықтар пайда болды. Жүйенің дағдарысы басталды, құқықтар мен өкілеттіктерді қайта қарау қажеттігі пісіп-жетілді. Алайда, осылайша жасалмады, мұны ұлттық элементтер пайдаланды. Егемендіктердің, қантөгіс қақтығыстардың парады болып өтті, ол КСРО-ның ыдырауын дайындады;

г) империалистер таңған қырғи-қабақ соғыс және жан-таласа қарулану, атомдық қарсы тұру – КСРО-ны (АҚШ пен НАТО-ның тепе-теңдігін қолдау үшін) қорғанысқа айтарлықтай күштер мен құралдар жұмсауға мәжбүр етті, ол кеңес халқының әл-ауқатының даму қарқынын азайтты және экономикада дағдарыстық ахуалға ұрындырды;

д) бейбіт эйфория, идеологиялық тоқырау, социалистік лагерьді құлату, КСРО-ны бөлшектеу, нарықтық қатынастар мен экономиканы капиталдандыруды таңу, тұтынушылық өмір сүру түрін жарнамалау жөніндегі империалистік күштердің зиянкестік қызметін бағаламау – осының барлығы халыққа, мемлекет пен коммунистік партияға жегідей әсер етті.

Сонымен бірге, Қазақстан Коммунистік Халық партиясы социалистік құрылыс барысында барлық ықтимал мүмкіндіктер және социализмнің капитализмнен басымдығы пайдаланылмады деп есептейді. 80-90-шы жылдарда социалистік елдерде болған оқиғалар – бұл социализм мәнінің дағдарысы емес. Сәтсіздікке ұшыраған коммунистік идея емес, социалистік құрылыстың бұрмаланған практикасы.

2. Өткенді және тарихи перспективаны бағалай отырып, коммунистер, XX ғасырда капитализм ғылыми-техникалық прогресс жетістіктерін және социалистік жүйенің кейбір элементтерін қолдана отырып, үшінші дүние халықтарын және олардың ресурстарын қанай отырып, өзіне тән антагонистік қайшылықтарды уақытша жеңді (бірақ жойған жоқ) және қуатты өндіргіш күштерді құра білді деп атап өтті. Бірақ XXI ғасырда капитализм мен өркениеттің алдында тұтастай алғанда, оның болуына қауіп төндіретін бірқатар проблемалар туын-

дайды. Жаһандық капиталистік дүние әлдеқашан дағдарыс жағдайына енді: дамудың жаңа қоғамдық нысанын белсенді түрде іздеу жүріп жатты, ол мынадай үрдістерден көрінді:

а) ол экономикада және қаржыда трансұлттық корпорацияның үстемдігімен, одан әрі байлар мен кедейлерге жіктелуімен, саясатта – АҚШ-тың халықаралық қатынастарда дүние жүзіне үстемдігін, зорлық-зомбылығын орнатуға ұмтылысымен айқындалатын постиндустриалды даму фазасына, жаһандану дәуіріне енуі қазіргі заманғы капитализмге тән белгі болып табылады;

б) басқарылмайтын демографиялық процестер, босқындар мен өткізілген адамдардың көптігі, «үшінші дүние» халықтарының кедейлігі, қайыршылығы мен құқықсыздығы тудырған күшейіп келе жатқан көші-қон. Осы және басқа да фактілер гуманитарлық апатқа әкеп соғуы мүмкін;

в) «алтын миллиард» деп аталатындар әлемді, оның ресурстарын қайта бөлуді жалғастыруда, өйткені дамыған елдердің өркендеуі жер бетіндегі халықтардың қалған бөлігін айтарлықтай дәрежеде қанауға негізделеді, олар бұған ұзақ төзбейді. Терроризммен соғыс - бұл тұйыққа тірелу. Оны тудыратын мынадай себептерді жою керек:

г) ғаламдық компьютерлендіру және әсіресе, электрондық БАҚ-тар реакциялық күштерге виртуаль кеңістікті өзінше «қалыптастыруға» және қоғамдық сананы алдау-арбауға, адамдарды ажырату үшін жекешелікті пайдалануға мүмкіндік береді, ол планетаның мәдени қабатының іргелі бүлінуіне әкеп соқтырады;

д) атом қаруы және басқа да жаппай қырып-жоятын құрал-

дардың таралуы болжап айтуы қиын салдарлары бар жаһандық қақтығыстардың нақты қатерін жасайды;

е) табиғи ресурстарды жыртқыштықпен пайдалану, қоршаған ортаға өзімшілдік көзқарас экологиялық апаттарға әкеп соқтырады;

ж) «орнықты даму», «үшінші дүниені» іздеу тұжырымдамаларын әзірлеу арқылы капитализмді құтқару саясаты және басқа да жобалар капитал үстемдік етіп тұрғанда сәтсіздікке ұрынады, ол тарихи сахнадан өз еркімен кетпейді.

Коммунистер ғана емес, көптеген ірі саясаткерлер, экономистер, ғалымдар да капитализм әділетсіз қоғам және оның болашағы жоқ деп есептейді. Адамзатты құтқару дамыған коммунистік идея негізінде ғана мүмкін болады, ол әртүрлі халықтың, адам мен табиғаттың мүдделерін үйлестіруге ықпал етеді.

Тұжырымдар: азаматтық қоғам құру, халық билігін бекіту, және социалистік машина игіліктерін бөлу тәсілдерін тең қолдану қоғам құру бірінші сатысы болатын дүниежүзілік ауқымда коммунистік идеяны дайындау және жүзеге асыру дәуірі басталады.

Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайы

1. КСРО-ның ыдырауы экономикада, саясатта, мәдениетте қалыптасқан байланыстардың, рухани және адами байланыстардың үзілуіне әкеп соқты. Алайда, егемендік пен тәуелсіздікті орнату еңбекшілердің өмірін бірден түбегейлі жақсартқан жоқ. Оны басқарушы қауым өз мүддесінде пай-

далануда, ол халықтың еркінен тыс елді қылмыстық нысан қабылдаған капитализм жолына түсірді. Бұл перспективасыз бағыт. Қазақстанға өзге жол қажет.

2. КСРО-ның бірыңғай шаруашылық кешенінен жұлып тасталған Қазақстанның экономикасы қиын жағдайда болды. Әлеуметтік-экономикалық реформалар қоғамның қысымымен баяу жүзеге асырылуда. Жекешелендіру ұранымен халықтың игілігі әділетсіз таратылды. Өнеркәсіп құлдырауда, ауыл шаруашылығы төмендеуде. Ғылыми-техникалық прогресс саласында артта қалушылық өсуде. Жұмыссыздық баяу қысқаруда. «Өзін-өзі жұмыспен қамтығандар» деп аталатындар мемлекеттің басты проблемасы болып отыр. Экономиканың дамуын шенеуніктердің бассыздығы тежеуде. Шетелдік капитал табиғи байлыққа тікелей қол жеткізуде, еліміз халықаралық монополиялардың қосалқы шикізаты болып отыр, ал жасырын пайдалар (мұнай долларлары) талан-таражға түсуде.

3. Социализм кезінде құрылған әлеуметтік сала бұзылды. Зейнетақы жүйесі мен сақтандыру ісі құлдырауда. Ғылым мен білім ұдайы реформалау жағдайында тұр. Мәдениет, мораль, адамгершілік нашарлауда, халық өмірінің дәстүрлі ұжымдық-қауымдық әдет-ғұрпы бұзылуда, батыстың жекешелік және өзімшілдік нормалары мен өнегелері таңылуда. Сыбайлас жемқорлық, қылмыс, бәріне рұқсат етушілік, нашақорлық, жезөкшелік гүлденуде. Кеңес өкіметі кезінде жеңілген әлеуметтік аурулар қайта оралуда.

4. Қоғамның салыстырмалы тұрақтылығы билік қызметінің нәтижесінен емес, көпұлтты Қазақстан халқының даналық пен

төзімділік танытуынан болып отыр. Бірақ еңбекшілердің төзімі шексіз емес. Наразылық өсуде, әлеуметтік шиеленіс күшеюде, мемлекеттік институттарға сенім жоғалуда. Қоғамның аса ірі жіктелуі болып өтті. Халықты тонау есебінен байлар шоғыры және миллиондаған кедейлер пайда болды. Буржуазия табы қалыптасты, негізінен сауда және қаржы, оны мемлекеттік шенеуніктермен араластыру жүргізіліп жатыр, рулардың меншікті қайта бөлісу үшін күресі шиеленісуде. Өндіріс қаражатынан шеттетілген жұмысшы табы нашарлауда және люмпен-пролетариатқа айналууда; тіршілік ету үшін жер мен қаражаттан айырылған шаруа аңырап қалуда; зиялы қауым биліктің қысымымен саясатсыздандырылды, ол ауыр материалдық және рухани жағдайда; жастар перспективалары мен мұраттарынан айырылды; қазіргі билік тұсында ана мен бала панасыз болып отыр; зейнеткерлер аянышты күн кешуде. Елде Президенттің шексіз билігі белгіленген. Парламенттің жеткілікті құқықтары жоқ. Соттар, прокуратура, құқық қорғау органдары халықты қорғамайды, олар билігі барларға қызмет етеді. Сыбайлас жемқорлық барлық мемлекеттік органдарды жегідей жеуде. Конституцияда жарияланған адам мен азаматтың құқығы көбінесе декларациялар күйінде қалып отыр. Сайлау жүйесі сапалық өзгерісті талап етеді.

5. Атқарушы биліктің сыртқы саясатының тиімділігі аз, ол конъюнктурлы сипатта. Ол үшін халықтың емес, рулардың, күндес саяси зиялы қауымның мүдделері басым болып табылады. Капиталдың шетелге жылыстауын болдырмау және оны елге қайтару жөніндегі іс-шаралар қолданылмайды.

Тұжырымдар:

1. Қазақстан Республикасы мемлекет пен қоғам өмірінің барлық салаларында экономикалық, әлеуметтік және саяси артта қалуды еңсерген жоқ. Атқарушы билік қалыптасқан жағдайдан шығудың тиімді жолдарын таппайды.

2. Авторитарлық билік жүйесі мен билік элитасы жаһандану жағдайында белсенді оппозициясыз қоғамның маңызды өмірлік мәселелерін шешуге, республиканы дағдарыстан шығаруға және халыққа лайықты өмірді қамтамасыз етуге қабілетті емес.

3. Елдің империалистік мемлекеттердің шикізат қосалқысына айналуын тоқтату және қоғамды социалистік бағдарлау жолымен, экономиканың социалистік елдермен тығыз интеграциялануы арқылы ғана халық кедейлігін төмендетуі мүмкін.

Қазақстан коммунистік халық партиясының негізгі қағидаттары мен мақсаттары

Қазақстан Коммунистік Халық партиясы - қаналушы жұмыскерлердің, жұмыссыздардың, зейнеткерлердің, жастардың және әлеуметтік әділеттілікке әрі азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының теңдігіне, шынайы халықтық өкімет орнатуға ұмтылысты байқайтын халықтың басқа да топтарының авангарды болып табылатын Қазақстан Республикасы азаматтарының, коммунистік идеяны жақтаушылардың ерікті бірлестігі.

Қазақстан Коммунистік Халық партиясы қоғамдық дамудың бірыңғай теориясы ретінде марксизм-ленинизмнің ғылыми және идеологиялық негізінде әрекет етеді. Коммунистер

үшін марксизм – қоршаған дүниенің өзгеруіне қарай үнемі дамиды. Шығармашылық ғылым, қоғамдық дамудағы жаңа фактілер мен құбылыстарды жинақтау мен пайымдау.

Партияны құру және оның қызметінің ұйымдық қағидаты демократиялық орталықтандыру болып табылады, онда партиялық көпшіліктің басымдығы маңызды болады.

Партиялық көпшілік – партияның негізі, билік көзі. Партияның стратегиясы мен тактикасын, шешімдер мен қаулылардың жобаларын жасау процесі, олардың орындалуын бақылау және қателер мен кемшіліктерді жою төменнен басталуға тиіс. Ал орталықтандыруға қабылданған шешімдердің орындалуын ұйымдастыру және жанды партиялық организмнің қалыпты жұмысын қамтамасыз ету жүктеледі.

Қазақстан Коммунистік Халық партиясы - барлық прогресшіл және демократиялық күштермен бірге саяси одақтар мен блоктардың практикасын кеңінен қолданатын, халықаралық коммунистік қозғалыста белгілі болған саяси күрестің барлық заңды әдістерін, тәсілдері мен нысанын пайдаланатын, өзінің іс-әрекетін еңбекші халықтың өмір сүру деңгейін жақсартуға, еңбекшілердің бауырластығы мен ынтымақтастығын нығайтуға жұмсайтын белсенді саяси іс-әрекет партиясы.

Қазақстан Коммунистік Халық партиясы – әртүрлі ұлттардың адамдары арасында ешқандай айырмашылық жасамастан, бірлік пен бауырластық, көп ұлтты Қазақстан ұлыстарының ұлттық құндылықтарын, тілін, дәстүрлері мен тарихын, әлемнің барлық халықтарын сыйлайтын әрекеттегі интернационализм партиясы. ҚКХП бұрынғы КСРО республикаларының компартияларымен, халықаралық коммунистік, жұмыс-

шы және ұлттық-азаттық қозғалыспен белсенді ынтымақтас-тыққа ұмтылады.

Қазақстан Коммунистік Халық партиясы адамды қанауды болдырмайтын мынадай: мемлекеттік, ұжымдық, жеке-ше, жеке, акционерлік және кооперативтік, қоғамдық мен-шіктің басым дамуы үшін меншік нысандарының әртүрлілігін жақтайды.

Біз ауыл шаруашылық мақсатындағы жерді сатуға және сатып алуға, оны шаруаларға жалға беруге қарсымыз. Біз ұлт-тық компаниялар атынан стратегиялық кен орындары әзірле-месінің мемлекетке қайтарылуын жақтаймыз.

Қоршаған ортаны және елдің табиғи ресурстарын қорғау – мемлекеттің, қоғамның, әрбір азаматтың өмірлік маңызды міндеті.

Қазақстан Коммунистік Халық партиясы азаматтық қоғам институттарын дамыту және нығайту, бұқара халықты мем-лекетті басқаруға кеңінен тарту, социалистік, кейіннен ком-мунистік қоғам құру арқылы мемлекеттің парламенттік түрін жақтайды.

Дін қатынастары саласында коммунистер ар-ождан бо-стандығын тануды, кез келген діннің жолын тұту немесе ешқай-сысының жолын тұтпау құқығын, діннің мемлекеттен бөлінуін, діни төзімділікті, бірақ діни қызметтің мемлекет бақылауында болуын жақтайды.

Мыналар:

- ғылыми социализм идеяларын, маркстік-лениндік ілімді және прогресшіл қоғамдық ойды насихаттау;
- қоғамның саяси өміріне қатысу, партияның бағдарлама-

лық мақсаттарын бөлісетін Қазақстан Республикасы азаматтарының саяси қалауын қалыптастыру және іске асыру;

- заңда белгіленген тәртіппен мемлекеттік билік органдарын қалыптастыруға қатысу;

- интернационалдық бауырмалдық пен халықтар достығын нығайту; жастарда патриотизм сезімін, өз халқының тағдырына қатыстылық сезімін тәрбиелеу Қазақстан Коммунистік Халық партиясы қызметінің мәні болып табылады.

Қазақстан Коммунистік Халық партиясы билік органдарының қызметін халықтық бақылауды ұйымдастыруға, өзін-өзі басқару мен халықтық өкіметті дамытуға қол жеткізеді.

Партия алға қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін мыналарды көздейді:

а) мемлекеттік билік жүйесін халыққа үстемдік ету органынан халыққа қызмет ететін және елдің гүлденуін қамтамасыз ететін органға айналдыра отырып, демократиялау. Билік органдарының қызметіне шынайы халықтық бақылау орнату;

б) қолдағы заңнаманы шынайы халықтық өкімет қағидаттарына сәйкес келтіру;

в) толық көлемде әлеуметтік саланы қалпына келтіру: тегін білім алу, денсаулық сақтау, қамсыздандырылған қарттық, еңбек етуге, дем алуға, тұрғын үйге кепілдік берілген құқығын;

г) рухани салаға, ғылымға, мәдениетке, моральды, адамгершілікті оңалтуға, өсіп келе жатқан ұрпақты патриотизм мен ізгілік рухында тәрбиелеуге, тарихты объективті тұрғыдан түсіндіруге басым назар аудару.

Ғылыми жоспарлау және басқару, еңбек- және ресурстарды үнемдеу технологияларын және өндіріс құралдары-

на қоғамдық меншікті пайдалану негізінде жоғары еңбек өнімділігі деңгейін қамтамасыз ету.

Қазақстан Коммунистік Халық партиясы қызметінің нысандары мен әдістері

Белсенді саяси іс-әрекет партиясы ретінде Қазақстан Коммунистік Халық партиясы демократиялық сайлауларға қатысу арқылы, бұқаралық ақпарат құралдары және басқа да нысандар мен әдістер арқылы өз идеяларын кеңінен насихаттау жолымен бағдарламалық мақсаттарын іске асыруға қол жеткізеді. Қазақстан Коммунистік Халық партиясы қоғамдық өмірдің барлық жағына өз ықпалын күшейтеді. Ол әйелдер мен ардагерлер ұйымдарын белсене қолдайды және әлеуметтік әділеттілік үшін күресте олардың қолдауын пайдаланады. Қазақстан Коммунистік Халық партиясы кәсіподақтардың жұмысына белсене қатысады және олармен бірге еңбекшілердің экономикалық және әлеуметтік мүдделерін қорғау үшін күресте қуатты және ұйымдасқан кәсіподақ қозғалысының жандануына ықпал етеді. Партия ерекше назарды жастармен жұмысқа аударады, жастар проблемаларын шешуде оған моральдық, ұйымдық және саяси қолдау көрсетеді. Партия өзінің күш-жігерін Коммунистік Жастар одағын жандандыруға, пионерлік қозғалысты насихаттауға және дамытуға жұмсайтын болады. Өзінің күнделікті жұмысында Қазақстан Коммунистік Халық партиясы жұмысшы қозғалысына сүйенеді және оны жан-жақты қолдайды, оның бірлігіне қол жеткізуге және оның барлық отрядтарының ынтымақтасқан іс-әрекетіне ықпал ететін болады. Коммунистік идея және сөз

партияның басты қаруы болып табылады. Партия өз ниетін жасырмайды және қиындықтардан қорықпайды. Өзінің мақсаттарына қол жеткізу үшін ол халықтың белсенді және саналы қолдауына сүйенеді. Өзінің рөлі мен маңызын түсініп, Еңбек Адамы шарасыз Қазақстан Коммунистік Халық партиясының жағында болады. Бірінші кезеңде оппозициялық партия ретінде Қазақстан Коммунистік Халық партиясы шынайы халықтық өкімет жағдайларын құру үшін саяси күресті ұйымдастыруды, еңбекшілердің өмірін одан әрі нашарлатуға, олардың саяси және әлеуметтік құқықтарына қысым жасауға бағытталған кез келген қадамдарын болдырмау үшін билік органдарына саяси қысым көрсетуді өзіне мақсат етіп қояды. Еңбекші халықтың мүддесін білдіруге қабілетті және ТМД елдерімен республиканың интеграциялық процестерін қолдауға әрекет солшыл центрист күштердің саяси одағын құру. Өкілді билік органдарында көпшілік орынды жеңіп алу. Билікке қол жеткізгеннен кейін, екінші кезеңде республиканың халық шаруашылығын, реформалар басталғанға дейін республикада болған азаматтардың өмір сүру деңгейін, әлеуметтік құқықтары мен кепілдіктерін қалпына келтіруге бағытталған экономикалық қайта құрулар жүргізу, партияның бағдарламалық мақсаттарына сәйкес саяси реформалар жүргізу.

Қазақстан Коммунистік Халық партиясының жоғары мақсаты – социалистік, кейіннен коммунистік қоғамдық құрылысты құру, онда бақытқа барлық адамдар қол жеткізеді және сонда: «Әркімнің еркін дамуы дегеніміз барлығының еркін дамуының шарты!» деп жазылған.

«АҚ ЖОЛ» ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ПАРТИЯСЫНЫҢ САЯСИ БАҒДАРЛАМАСЫ

"Ақ жол" демократиялық партиясы және елдегі жағдай!

Ұлттық тәуелсіздік – басты құндылық және Қазақстанның прогрессивті дамуының шарты.

Қазақстан тәуелсіздік жылдарында қазіргі әлемде лайықты орнын алып, толыққанды егемен мемлекет ретінде танылды. Осы уақыттың ішінде елде өмір сапасын айтарлықтай көтеретін, қазақстандық экономиканың келбетін өзгертетін, оның шикізат ресурстарын экспорттауға тәуелділігін азайтатын, отандық өндірістің және жоғары технологиялық секторлардың үлесін арттырудың мемлекеттік бағдарламалары қабылданды және іске асырылуда. Экономиканың және тұрғындар өмірі деңгейінің алға бағытталған өсуі қамтамасыз етілді.

Адам капиталының сапалық жағынан өсуі Қазақстанды дамытудағы жоғары басымдылық ретінде ресми деңгейде жарияланды. Әлеуметтік жаңғырту саясатын қабылдау республика азаматтарының әл-ауқатын және әлеуметтік көңіл-күйін жақсартудың ұзақмерзімді стратегиялық трендін қалыптастырады.

«Ақ жол» демократиялық партиясы мемлекетті дамытудың осы стратегиялық бағытын қолдайды, өйткені біз Қазақстанның басты құндылығы мұнай мен металдар емес, біздің талантты халқымыз деп есептейміз.

Еліміздің тәуелсіздік алуы қазақ халқының тілін, мәдениетін

және рухани құндылықтарын ығыстырудан құтқарды, оларды біздің еліміздің барлық этностарының тілі және төл мәдениетін сақтай отырып, әрбір қазақстандықтың игілігіне айналдыруға мүмкіндік берді.

Сыртқы әлемге ашықтығымыздың арқасында Қазақстан азаматтары жалпы әлемдік құндылықтарға, ғылыми-техникалық және мәдени жетістіктерге барған сайын көбірек араласа бастады.

Жеке тұлғаның кәсіби, шығармашылық, рухани дамуына ел ішіндегі саяси тұрақтылық, ұлтаралық, дінаралық келісім қолайлы жағдайлар жасауда.

Еуропа мен Азияның тоғысқан жерінде орналасуымыздың, салмақты сыртқы саяси бағытымыздың арқасында Қазақстан халықаралық қатынастарда беделді қатысушыға айналды. Еліміздің Еуропаның қауіпсіздігі мен ынтымақтастығы ұйымына (ЕҚЫҰ) және Ислам ынтымақтастығы ұйымына (ИЫҰ) төрағалық етуі, сондай-ақ Азияда өзара іс-қимыл және сенім шаралары Кеңесінің (АӨСШК) құрылуы Қазақстанды әлемдік деңгейде мойындаудың жарқын көріністері болып табылады.

Қазіргі заманның негізгі сын-қатерлері мен қарама-қайшылықтары

Бүгінгі таңда Қазақстан әлемнің көптеген басқа да мемлекеттері сияқты қаржы-экономикалық дағдарысы мен өткір геосаяси қарама-қайшылықтардың салдарынан қазіргі заманның сын-қатерлерімен бетпе бет келіп отыр.

XXI ғасырдағы үдей түскен жаһандану әлемдегі әр түрлі елдердің өзара әрекеттестігіне ықпал ететін шешуші факторға

айнала бастағаны анық. Кейінгі жылдары бірталай мемлекеттер ғаламдық қаржы-экономикалық дағдарыс тудырған әлеуметтік-экономикалық және саяси күйзелістерге өздерінің дәрменсіздіктерін және осалдықтарын көрсетті.

Бұл дағдарыс ел экономикасына мемлекеттің қатысуының өсуін ынталандырды. Дағдарысқа қарсы шаралардың жасалуының және жүзеге асуының, оған қоса қаржылық секторға, кәсіпкерлікке және халықтың әлеуметтік осал топтарына қолдау көрсетудің арқасында Қазақстан ғаламдық сынақтардың соққыларына төтеп бере алды.

Дегенмен, байқалып отырған мемлекеттік кәсіпорындардың құрылуының жандана түсуі бәсекелестік ортаны едәуір қысқартады және экономиканың жеке секторын дамытуды жолдың жиегіне ығыстырып тастайды. Қатаң қазыналық режимді қоса алғанда, әр түрлі әкімшілік тосқауылдар әрекет етуін және көбеюін жалғастыруда. Бұл азаматтық және кәсіпкерлік бастамашылдықты қатты тежейді. Жастар өкілдерінің көпшілігінің бүгінде өзінің шығармашылық мүмкіндіктерін іске асыруын немесе жеке бизнесін құруды емес, министрліктегі шенеуніктік мансап немесе ұлттық компаниядағы менеджерлікті армандауын кездейсоқтыққа жатқызуға болмайды.

Ұлттық мемлекеттерді саяси және экономикалық одақтарға біріктіру жолымен аймақтандыру беталысы сыртқы күштердің ықпал ету сипатына ие. Қазақстанның Кеден одағының және Еуразиялық экономикалық одақ аясындағы Ресей Федерациясы мен Беларусь Республикасымен интеграциясы ғаламдық сын-қатерлерге бірігіп қарсы тұру үшін осы елдердің әлеуетін біріктіруі тиіс.

Сонымен қатар осы бірігудің аясында Қазақстан серіктес-елдердің ішкі нарықтарына кіруде кедергілерге, өзіне қатысты әр түрлі мемлекетаралық келісімдердің орындалмай жатқанына тап болуда. Келіссөздер процесінде қазақстандық шенеуніктер тарапынан бастамашылдық ұстанымның болмауы жағдайды ушықтыра түседі. Отандық бизнес үкімет тарапынан бара-бар және уақытылы артықшылықтар (преференциялар) алмайды, мемлекеттік органдардың бизнесті қолдау жөніндегі шаралары көбіне кешігушілік және екіұштылық сипатқа ие. Мұның барлығы біздің еліміздің экономикасына зиян келтіреді.

Осының фонында КО-ЕАЭО бойынша серіктестер тарапынан тәуелсіздігімізге және мемлекеттік шешімдерді дербес қабылдауға қауіп тудыратын ұлтүсті парламент және өзге құрылымдар құрудың қажеттілігі туралы жол беруге болмайтын мәлімдемелер де оқтын-оқтын жасалып қалуда.

Жаһандық сын-қатерлер жағдайларында Қазақстанда кейінгі жылдары сондай-ақ басқа да проблемалар және сын-қатерлер туындап қалып отыр.

Қазақстандық қоғамның табыс және әл-ауқат деңгейі бойынша жіктелуінің жоғары деңгейі сақталуда. Кедейлер мен байлардың арасының алшақтығының артуы әлеуметтік теңсіздікті тудыруға, еңбекпен келген табыстардың және әлеуметтік әділеттілік ұстанымдардың беделін түсіреді. Баспанамен және жұмыспен қамтамасыз ету мәселелері өте ширығып тұр. Бұқаралық әлеуметтік сатылар жоқ, қоғамның аз қамтамасыз етілген топтарындағы жастар үшін анық еңбек және өмір жолына үміттендіретін келешек жоқ.

Еліміздің экономикасында квазимемлекеттік сектордың шамадан тыс өсу үдерістері жүруде. Негізгі салаларда мемлекет бақылауындағы холдингтер мен компаниялар үстемдік танытуда. Жекеменшікті қорғаудың абсолюттік құқықтық кепілдіктері мен тетіктері жасалмаған, ол рейдерлік және бизнесті тартып алу фактілеріне жол ашады. Осының барлығы бәсекелестік ортаны бұзады, кәсіпкерлік, шағын және орта бизнес еркіндігіне қауіп төндіреді, ұлттық экономиканың бәсекелестік қабілетін төмендетуге әкеледі.

Республика өңірлерінің әлеуметтік-экономикалық даму деңгейлеріндегі алшақтық тереңдеп барады. Еліміздің көптеген ауылдарында, селоларында және шағын қалаларында халықтың тіршілігін қамтамасыз ететін инфрақұрылым нысандарының жағдайы төмен. Осыған орай тұрғындардың қалаларға көшуінің өсуі орын алуда. Ең жоғары деңгейдегі жалақысы бар мұнай өндіретін өңірлерде, оны алатындар негізінен шетелдік мамандар болып қалып отыр. Ал дәл осы облыстардың жергілікті тұрғындарының арасында, керісінше, кедейлік пен жұмыссыздық ең жоғары деңгейде.

Азаматтардың санасына материалдық игілікке деген табынушылықты күшейтетін, рухани құндылықтардың рөлін төмендететін, өндірімді іс-әрекетті және адал еңбек табыстарының беделін түсіретін тұтынушылық ойлау жүйесі жағымсыз әсерін тигізуде.

Халықтың әлеуметтік көңіл күйі әлсін-әлсін нашарлауда. Бюджеттің аса зор шығындарына қарамастан, елде тұрғын үй проблемасы шешілген жоқ, зейнетақыны және әлеуметтік жәрдемақыны есептеулер тәртібі мен мөлшерлері күдіктер

және өткір пікір-таластар тудырады. Денсаулық сақтау жүйесі қымбат тұратын жабдықтармен сығылысып жатыр, бірақ біліктілік пен адамгершіліктен барған сайын алыстап барады. Қатардағы дәрігерлердің еңбегі мен кәсібилігі басшылықтың сайма-сай бағасын алмайды. Білім беру саласы таусылмайтын эксперименттер үшін сынақ алаңына айналды. Оқулықтар сапасы және білім деңгейі құлдылап кері кетті.

Қазақстаннан әр түрлі жолдармен, оффшорлық аймақтарды қоса алғанда, шет елдерге «откаттар», тендер кезіндегі бағаларды көтеру және т.б. түрде бюджеттік қаражаттардың аса зор сомалары шығарылып жатыр. Сондықтан да ресми табыс жан басына шаққанда шығысеуропалық елдердің деңгейінде деген кезде, қатардағы қазақстандықтың өмірін «европалық» деп атау мүмкін емес.

Пайда болуы күмәнді табыстарға өмір сүретіндердің жағымсыз кейпі қарапайым адамдардың көбінің түңілу және алданып қалу сезімдерін өршітеді, әлеуметтік шиеленісуді қалыптастырады, ал мұның өзі, басқаны айтпағанда, этникалық және діни ағымдарды саясаттандыруға жетелейді. Республиканың тұрақты дамуы және ұлттық қауіпсіздік үшін терроризм мен экстремизмнің көрініс табуы айтарлықтай сын-қатерге айналды.

Осындай жүйелі проблемалардың басты көзі сыбайлас жемқорлықтың кеңінен таралуы болып табылады. Жемқор шенеуніктердің арасында ашық іріткі салушылық және бопсалаушылық, қабылданатын шешімдердің мөлдір еместігі және әділетсіздігі, қарапайым азаматтарға немқұрайдылық пен құрметтемеу, таяз кәсіби біліксіздік жиі кездесетінін байқауға болады.

Экономикалық либерализм және саяси бостандықтар - бір медалдің екі жағы, бұл өзара байланысты және өзара толықтырушы үдерістер. Экономикадағы жекеменшік секторының қысқартылуы, тұтастай салаларды және салттарды мемлекеттік меншікке алу, кәсіпкерлік бастамалардың төмендеуі, азаматтық қоғамның өсе түскен енжарлығы мен жігерсіздігінің, мінез-құлықтың тұтынушылық және патерналистік үлгісінің дамуының, көптеген адамдардың мемлекет тағдырына және тіпті өзінің отбасы үшін жауапкершілік алуға моралдық жағынан дайын еместігінің айна-қатесіз көрінісін бейнелейді.

Кәсіпкерлік сектордағы ахуал да осыған ұқсас, мемлекеттік әлеуметтік және мемлекеттік ақпараттық тапсырыстар арқылы азаматтық қоғам институттарының саясаты мен білдіретін ұстанымдары «мемлекеттік меншікке алынды», бұқаралық ақпарат құралдарында өз-өзіне цензура енгізу және тынышталу беталысы байқалады.

Сонымен бірге елімізде өздеріне не қажет екенін анық білетін, өз тағдырларына өздері еге, өмірлік және азаматтық көзқарасын белсенді түрде білдіре алатын, өз отандастарын жан-жақты қолдайтын және қоғамның дамуына өзінің лайықты жеке үлесін қосып жүрген адамдардың саны да жеткілікті. Олар өз отбасының немесе аймағының деңгейіндегі, сондай-ақ бүкіл елдегі көптеген мәселелерді шешуге дайын.

Осындай азаматтардың күш-жігерін және әлеуетін біріктіру арқылы жағымсыз тенденцияларды жоюға және Қазақстанның саяси және әлеуметтік-экономикалық дамуындағы жаңа кезеңге өтуге қол жеткізуіміз керек. Бұл жаңа кезең тәуелсіздігімізді алған сәттен бергі қол жеткізген табыстарымызды ба-

янды етіп, мемлекетті одан әрі нығайту, әрбір азаматтың мүмкіндіктерінің өсуін, өнімді және бәсекеге қабілетті нарықтық экономиканың дамуын, біздің қоғамның ұлттық мүдделерін іске асыру үшін алғышарттар жасауы тиіс.

«Ақ жол» партиясының қазіргі замандағы рөлі мен орыны

«Қазақстан-2050» Стратегиясындағы Қазақстан Президенті Н.Назарбаевпен ұсынылған жаңа саяси бағыт партияның келешектегі саяси және әлеуметтік-экономикалық бағдарларын белгілеуді анықтады. Сонымен бірге, өзінің саяси ұстанымдарына сәйкес, ұлттық мүдделерге және прагматизмге сүйене отырып, «Ақ жол» партиясы ортақ мақсаттардың орындалуына қол жеткізу үшін шаралар кешенін ұсынады.

«Ақ жол» Демократиялық партиясының негізгі мақсаты – әрбір азаматтың еркін дамуына, оның құқықтары және бостандықтарының сақталуына, барлық қазақстандықтардың өмір сүру деңгейі мен сапасының ұдайы көтерілуіне, сондай-ақ Қазақстан қоғамы мен мемлекетінің экономикалық, әлеуметтік және саяси өрлеуіне жету үшін қажетті жағдайлар жасау болып табылады.

Біздің партия ұлттық мемлекеттілікті қалыптастырудың іргелі негіздерін қалаған, ұлттық мүдделерімізді әлемдік өркениеттің үздік жетістіктерімен ұштастыру негізінде, қазақ қоғамын еуропалық жолмен жаңғыртуды өзінің мақсаты еткен «Алаш» ұлт-азаттық қозғалысының ізбасары болып табылады. «Алаш» қозғалысының базалық құндылықтары – ұлттық дербестік, либерализм, демократия, жеке тұлғаның құқықта-

ры мен бостандықтары, өнімді нарықты экономика, этностар мен діндердің теңқұқықтылығы - біздің бағдарларымыз болып қызмет етуін жалғастырады.

«Ақ жол» партиясы ұлттық мүдделерді ілгері жылжытады және қорғайды, өзінің іс-әрекетін қоғам мен мемлекеттің дамуының барынша жоғары деңгейіне шығуына жәрдемдесуге бағыттайды, олардың рухани және материалдық құндылықтарын қорғайды. Ұлттық мүдделер өзінің мемлекеттің мен халқыңды, еліміздегі қазақ және басқа халықтардың өкілдерінің тілі, мәдениеті және дәстүрлерін құрметтеуге, Қазақстан аумағының және конституциялық құрылысының бұлжымастығын тануға, табиғи байлықтарын және өндірістік әлеуетін пайдаланудағы экономикалық ұлтшылдыққа сүйенуге тиіс.

«Ақ жол» партиясының әлеуметтік тірегі – қалыптасқан және дербес орта тап, оның ұйытқысы отандық зиялы қауым және кәсіпкерлер. Олар мемлекеттің рақымын күтіп отыра бермейді, өздеріне жасалған мүмкіндіктерді бастамашылдықпен пайдаланады, рухани және материалдық игіліктерді жасап, өзінің және жалпыға бірдей әл-ауқатты арттыра отырып, өз өмірлерін өздері құрады. Орта таптың өкілдері – жекеменшік иелері және менеджерлер, инженерлер мен заңгерлер, дәрігерлер мен педагогтар – экономиканың барлық секторларында, интеллектуалдық және әлеуметтік салаларда ұлттық әл-ауқаттылықты жасауға қатысады.

«Ақ жол» демократиялық партиясы қоғам және экономиканы алға бастырудың ең өзекті міндеттерін қойып және сол міндеттердің тиімді шешімдерін табуға қабілетті жекеменшік иелерінің, басқарушылар мен интеллектуалдар табы ретінде

ұлттық бизнестің, техникалық және шығармашылық зиялы қауымның қалыптасуына және дамуына жәрдемдесуді өзінің тарихи миссиясы деп санайды.

Экономикалық дамудың белгілі бір деңгейіне жеткенде, қоғам мен саясаттағы тиісті өзгерістерсіз жаңа сапалық өзгерістерге қол жеткізу мүмкін емес.

Бұған байланысты «Ақ жол» Демократиялық партиясы Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық әл-ауқатының қазіргі деңгейін тірек етіп алып, біздің қоғам әлеуметтік экономикалық жаңғыруға және оны кеңейтіп жатқан саяси және мемлекеттік құрылыс салаларындағы үдерістерге сүйенетін жаңа реформаторлық парадигмалар үшін пісіп жетілді деп санайды.

Мұндай парадигма мемлекеттің нығаюына, парламентаризм принциптерінің күшеюіне, үкіметтің қызметінің ашықтығы мен есептілігін қамтамасыз етуге, сөз еркіндігі және бірігу еркіндігін қоса алғанда, кәсіпкерлік еркіндікті және азаматтық бостандықты кеңейтуге байланысты болуы тиіс.

Елдегі саяси және экономикалық тұрақтылықты сақтау жауапкершілігін бөлісе отырып, «Ақ жол» партиясы бұл міндеттерді шешу үшін барлық қоғамдық күштермен теңқұқықты үнқатысуға ашық екенін білдіреді.

Саяси жаңғырту: шаралар, өзара іс-қимыл принциптері және іске асыру жолдары

Мемлекеттік билік және басқару жүйесін жаңғырту

Қазақстан Республикасының мемлекеттік билігі және басқару жүйесі билік тармақтарының бір-бірінен шынайы

ажыратылуының және өзара тиімді іс-қимылының, парламентаризм принциптерінің басымдығының, барынша транспаренттік және мемлекеттің азаматтық қоғам институттарымен ынтымақтастығының негізінде басқарудың суперпрезиденттік жүйесін президенттік-парламенттік басқаруға кезең-кезеңмен қайта құру арқылы қызмет етуі тиіс.

1. Көппартиялық Парламентті нығайту мақсатында «Ақ жол» партиясы мыналарды қажет деп санайды:

- саяси партиялар үшін сайлау шегін 7-ден 5 %-ке дейін қысқарту;

- Қазақстан Республикасы Парламентіндегі саяси партиялардың депутаттық фракциясының мәртебесін және құқықтарын реттейтін және қорғайтын заң қабылдау;

- Парламенттік партиялардың мәртебесі және өкілеттіліктеріндегі, мемлекеттік қаржыландыру және мемлекеттік бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануды қоса алғанда, шынайы теңдікті қамтамасыз ету;

сондай-ақ оларға келесі құқықтар берілуі керек:

- заң жобаларын, үкімет енгізген заңдарға баламалы жобаларды қоса алғанда, дайындап Мәжілістің қарауына ұсыну;

- орталық атқарушы органдардың жасаған заң жобаларына Үкімет ресми түрде бекітпей тұрып және одан кейінгі Парламент Мәжілісіне енгізгенге дейін міндетті түрде алдын ала сараптама жасау;

- Парламент Мәжілісіне республика Үкіметін қалыптастыруда негізгі рөлді беру және оған:

- Үкімет құрылымын бекіту;

- Орталық сайлау комиссиясының, Республикалық бюд-

жеттің орындалуын қадағалау жөніндегі Есеп комитетінің төрағасы мен мүшелерін, сондай-ақ Адам құқықтары жөніндегі Уәкілді және Бизнес-омбудсменді сайлау;

- Үкіметке сенімсіздік білдіруге, сондай оның жекелеген мүшелеріне сенімсіздік білдіре отырып, оларды одан әрі атқарып отырған қызметінен босату туралы Президенттің алдына мәселе қоюға бастамашылдық жасау өкілеттіктерін беру.

2. Мемлекеттік басқару жүйесінің тиімділігін арттыру мақсатында «Ақ жол» партиясы талап ететін болады:

- мемлекеттік органдардың, кәсіпорындардың және олардың лауазым иелерінің іс-әрекеттерін азаматтарға және жеке заңды тұлғаларға сапалы қызмет көрсетуге мейлінше бағдарлауды қамтамасыз ету;

- заманауи мемлекеттік менеджменттің және корпоративтік басқарудың, шетелдік тәжірибені ескере отырып, алдыңғы қатарлы және тиімді стандарттарын, құралдарын және технологияларын енгізу;

- мемлекеттік органдар мен мемлекеттің қатысуымен коммерциялық ұйымдардың қызметтерін айқын бөліп көрсету;

- министрліктер мен ведомстволармен жаңа квазимемлекеттік құрылымдар құруға мораторий енгізу, сонымен бір мезетте мемлекеттің қатысуымен қазіргі жұмыс істеп тұрған кәсіпорындардың кем дегенде 70 пайызынан мемлекеттің шығуы;

- Үкімет уәкілеттілік берген мемлекеттік органдарға ұлттық компанияларға, РМК және тиісті экономикалық секторларға қатысты барлық реттеуші функцияларды шоғырландыру;

- ұлттық компаниялардың бюджеттерін Парламентпен

бекітуді, ұзақмерзімді бағдарламаларды іске асыруға ұлттық компаниялармен және мемлекеттің қатысуымен кәсіпорындармен алынған мемлекеттік қаржыларды қайтару тәртібін заңнамалық тұрғыда нақтылауды қамтамасыз ету;

- бюджеттің шынайы транспаренттілігіне қол жеткізу. Бюджетте жекелеген іс-шаралар, бағдарламалардың нысандары және әкімшіліктері бойынша шығындар бөлімін нақтылайтын тараудың міндетті түрде болуын заңды түрде белгілеу;

- мұнайлық емес түсімдердің (экономиканы индустриаландыру және әртараптандыру есебінен) тұрақты өсуін, сондай-ақ мұнайлық емес тапшылық деңгейінің 3 пайыздан жоғары болмауына бақылауды қамтамасыз ету;

- Ұлттық қордың қаржыларын негізгі капиталдан және ағымдағы түсімдерден жұмсаудан бас тартып, тек инвестициялық кірістің жыл сайынғы пайдасы бөлігінен бюджеттің ағымдағы мақсаттарына пайдалану тәртібін заңмен бекіту;

- Бірыңғай жинақтық зейнеткерлік қор қаржыларының сақталуына және өсуіне экономиканың нақты секторына инвестициялау есебінен қол жеткізу және тәуекелділіктегі қаржылық инструменттерге салудан бас тарту.

3. Үкімет жұмысының тиімділігін арттыру мақсатында мыналар мақсатқа сай деп пайымдаймыз:

- Үкіметке және Премьер-Министрге республиканың әлеуметтік-экономикалық саясатына және мемлекеттік бағдарламалардың орындалуына байланысты толық жауапкершілік жүктеу;

- Үкіметтің Парламент Мәжілісі алдындағы өз жұмысының тиімділігі және қабылданған шешімдерінің негізділігі үшін

ұжымдық жауапкершілігін және оның әрбір мүшесінің дербес жауапкершілігін қамтамасыз ету;

- Үкімет мүшелерінің дербес жауапкершілігіне мемлекеттің қатысуымен ұлттық компаниялардағы, ұйымдардағы және кәсіпорындардағы мемлекеттік активтерді басқаруын және олардың басшыларын тағайындауды енгізу.

Жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту

Жергілікті өзін-өзі басқаруды жетілдіру мемлекеттік билік жүйесін орталықсыздандыруға бағытталуы тиіс, өкілеттіктердің көбін жергілікті мемлекеттік басқару органдарына және өзін-өзі басқаруға беру, жергілікті маңызға ие істерді басқару процесіне азаматтардың және жергілікті қауымдастықтың қатысуын кеңейту, сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқарудың жетекші институттары ретінде облыстық, аудандық және қалалық мәслихаттардың позициясын күшейту керек.

1. «Ақ жол» партиясының пікірінше, мәслихаттардың ролін арттыру мақсатында мыналар қажет:

- облыстардың, Астана мен Алматы қалаларының мәслихаттары депутаттарының 50%-ын партиялық тізім бойынша сайлау рәсімін енгізу;

- тұрақты түрде жұмыс істейтін мәслихат төрағасының лауазымын енгізу;

- тексеру комиссиялары мүшелерінің қызметін және мәслихаттың тұрақты комиссияларының басшыларын тұрақты негізге көшіру;

- тұрақты түрде жұмыс жасайтын мәслихат депутаттарына депутаттық қолсұқпаушылық құқық беру;

- мәслихаттарға жергілікті бюджеттің орындалуын және жергілікті атқарушы органдардың қызметін қадағалау тетіктерін беру;

- әкімшілік-аумақтық бірлікке сәйкес аумақтағы коммуналдық қызметтің тарифтерін бекітуді мәслихаттардың құзіретіне енгізу;

- мәслихаттардың тұрақты комиссияларына осы комиссияның құзіретіне қатысты мәселелер бойынша қажетті ақпараттарды тыңдау үшін жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органның лауазым иелерін шақыру құқын беру;

- мәслихаттарға әкім орынбасарларын және жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдардың басшыларын лауазымдарынан босатылуына қол жеткізетін құқық беру;

- аудандық мәслихаттардың депутаттарымен сайланатын аудандық маңызға ие қалалардың, поселоктардың, ауылдардың (село) және ауылдық (селолық) округтар әкімдерінің осы мәслихаттар алдында есеп беруінің тәртібін және тетігін заң жүзінде бекіту;

- мәслихаттардағы саяси партиялардың депутаттық фракцияларының құқықтары мен өкілеттіктерін тұрақты комиссиялармен теңестіру;

- барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының өз сайлаушыларының алдында олардың атқарған жұмыстары бойынша міндетті есеп беруінің тәртібі мен тетіктерін заңмен белгілеу;

- облыстардың, Алматы және Астана қалаларының тәртіптік кеңестерін тиісті мәслихаттардың алдында есеп беруін қамтамасыз ету;

2. Жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту мақсатында мыналар қажет:

- аудандық маңызға ие қалалардағы, поселоктарда, ауылдарда (селолар) және ауылдық (селолық) округтардағы жергілікті тұрғындардың жиындары мен жиналыстары атынан өзін-өзі басқарудың қоғамдық институттарының мәртебесі мен өкілеттіліктерін кеңейту, оларға жергілікті әкімдердің қызметіне қоғамдық бақылау тетіктерін беру;

- жергілікті өзін-өзі басқару бюджетін қалыптастыру және пайдаланудың тәртібін нақты регламенттеу;

- аудандық маңызға ие қалалардың, поселоктардың, ауылдардың (селолар) және ауылдық (селолық) округтар әкімдерінің тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу бойынша қызметін мемлекеттік сатып алу туралы заңнамамен реттеу.

Азаматтық қоғам мен оның институттарын дамыту

Азаматтық қоғамның қарышты дамуын қамтамасыз ету, сондай-ақ оны мен мемлекет арасындағы қатынастарда серіктестік пен сындарлылық мүдделеріне сай кешенді шаралар қабылдануы тиіс.

1. «Ақ жол» партиясының пікірі бойынша, Мемлекет және азаматтық қоғам мен оның институттарының арасындағы өзара қарым-қатынастарының келесі принциптерін заңнамамен бекіту орынды және шын мәнінде іске асыру қажет;

- мемлекет азаматтық қоғамның толыққанды дамуы және оның институттарының жұмыс істеуі үшін, соның ішінде олар-

дың қызметіне толыққанды бақылауды жүзеге асыра отырып, қажетті құқықтық жағдайлар жасайды;

- мемлекетке тек заңда белгіленгендерді жасауға, ал азаматтарға - заңмен тыйым салмағандардың барлығын жасауға рұқсат берілген;

- республиканың дамуының өзекті мәселелерін шешу мақсатында азаматтық қоғам мен мемлекет бір-бірімен серіктестік, теңқұқықтық, сындарлылық, ашықтық, келісушілік, өзара түсіністік, өзара құрметтеу, өзара жауапкершілік негізінде өзара әрекеттестік етеді;

- Мемлекет азаматтық бастамалардың өсуін және жүзеге асуын ынталандырады, сондай-ақ объективті, адал, ашық және теңқұқықты байқаулардың шеңберіндегі мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс негізінде қоғамдық маңызды және пайдалы бағдарламалар мен жобаларды жүзеге асыруға азаматтық қоғамның институттарына қаржылай көмек береді.

2. Азаматтардың бірігу құқын жүзеге асыруды қамтамасыз ету мақсатында мыналар қажет:

- саяси партияларды, кәсіби одақтарды және өзге де қоғамдық бірлестіктерді, коммерциялық емес үкіметтік емес ұйымдарды, олардың құрылымдық бөлімшелерін (филиалдары және өкілдіктерін) әділет органдарында тіркеу және қайта тіркеу рәсімдерін жүргізуді барынша жеңілдету және оған тіркеу сипатын беру;

- кез келген партияның міндетті мүшелер санын 40 мыңнан 10 мың адамға, ал аймақтық филиалдар немесе өкілдіктерде – 700-ден 200-ге адамға дейін қысқарту;

- тіркеу жиынының мөлшерін қоғамдық бірлестіктер мен

басқа да коммерциялық емес үкіметтік емес ұйымдар үшін 6,5 АЕК-тен 3-ке дейін, ал саяси партиялар үшін 14 АЕК-тен 7-ге дейін қысқарту;

- көрсетілген қоғамдық ұйымдардың заңды тұлға болып табылмайтын филиалдары мен өкілдіктерін тіркеу жиынын төлетпей-ақ есептік тіркеу және қайта тіркеу.

3. Саяси партиялардың республиканың қоғамдық-саяси өміріндегі рөлін күшейту мақсатында мыналар қажет:

- олардың өкілдеріне учаскелік, аумақтық және округтық сайлау комиссияларының жұмысына қатысуды қамтамасыз ету;

- оларға мемлекеттік БАҚ-ына тең қолжетімділікпен шығу құқын беру;

- саяси партияларды жабу рәсімін Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының шешімі бойынша жүзеге асыру;

- саяси партиялар мен басқада қоғамдық ұйымдар өкілдерінің орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың жанындағы сарапшылар кеңестерінің, жұмыс топтарының қызметіне қатысу практикасын кеңейту; олардың пікірлерін тиісті мемлекеттік органдардың, заң жобаларын қоса алғанда, нормативті құжаттар әзірлеу кезінде есепке алуға кепіл болу;

- парламенттік көпшіліктің саясатымен пікірталастарға түсетін саяси партиялардың және депутаттардың құқықтарын қорғайтын заң қабылдау.

Адам капиталының сапасын және бәсекелестікке қабілеттілігін арттыру

Қазақстан дамуының аса маңызды мақсаты оның азаматтарының әл-ауқатының өсуі және әлеуметтік көңіл күйі

болуы тиіс. Бұған тек кедейлер мен байлардың арасындағы алшақтықты азайту, бүкіл қоғамды өнімді еңбекке тарту, ашық әлеуметтік және экономикалық саясат құру, әр адам үшін нақты мүмкіндіктер және өмірлік перспективалар жасау арқылы ғана қол жеткізуге болады. Осыған байланысты мемлекеттің бизнес қауымдастықпен және азаматтық қоғам институттарымен ынтымақтастығы қызметіндегі аса маңызды бағыт жұмысқа орналастыруды ынталандыру, тұрғын үймен қамтамасыз ету, әлеуметтік қорғау, тұрғын үй – коммуналдық шаруашылығы, денсаулық сақтау және білім беру желілері бойынша сапалы қызмет көрсету арқылы адамдардың өз ойларын іске асыра білуі, шығармашылық дамуы және жоғары өнімді еңбегін қолдау үшін мүмкіндіктерін кеңейту болуы тиіс.

Адам капиталын қалыптастырудың негізі тәсілдемелерінің бірі ізгілікті және салауатты қоршаған ортаны, «жасыл» және энергия үнемдеу экономикасын дамытуды, сондай-ақ белсенді экологиялық қызметті қамтамасыз ету болып табылады.

Еңбек ресурстарын арттыру және нығайту

Халықты жұмысқа орналастырудың, еңбек жағдайларын жақсарту және меншіктің кез келген түріндегі ұйымдар мен кәсіпорындарды әлеуметтік кепілдіктермен қамтамасыз етудің мүмкіндіктерін барынша жасау мақсатында «Ақ жол» ҚДП мыналарды қажет деп пайымдайды:

- мемлекеттің халықты жұмысқа орналастыру бағдарламасын іске асыру шығыстарының үлесін елдің ЖІӨ-нің 1 пайызына дейін көтеру;

- жұмыссыздықты жою: Қазақстанда әрбір еңбекке қабілетті азаматты жұмыспен және еңбек табыстарымен қамтамасыз етуге жеткілікті экономикалық әлеует бар;
- мемлекетпен төленетін қоғамдық жұмыстар практикасын кеңейту;
- жеке меншік кәсіпкерлік субъектілерінің жаңа жұмыс орындарын құру жөніндегі қызметін мемлекет тарапынан ынталандыруды қамтамасыз ету;
- мемлекеттік гранттар бойынша оқыған жоғары және орта арнаулы оқу орындарының бітірушілерін жұмысқа орналастыруды заңнамамен мемлекетке міндеттеу;
- өзара байланыстылықтағы білім беру және кәсіптік стандарттарды әзірлеу арқылы білім мен еңбек нарығы жүйелерінің өзара байланысын қамтамасыз ету;
- еңбек мигранттарының нарығын қоса алғанда, еңбек нарығын жария ету үшін қосымша ынталандырулар жасау;
- «өзін-өзі жұмыспен қамтыған» деген аталыммен нақты жұмыссыздықты жасыруды тоқтату, оларға мемлекет тарапынан құқықтық және әлеуметтік кепілдіктер беруді қамтамасыз ету;
- шетелдік жұмыс күшін тартудың республиканың еңбек нарығындағы ахуалға сәйкес мемлекеттік квотасын берудің икемді жүйесін енгізу;
- шет ел капиталы қатыстырылатын кәсіпорындарда, жоғары еңбекақыны қоса алғанда, қазақстандық жұмысшылардың құқықтары мен мүдделерінің басымдығын қамтамасыз ету;
- тұтыну қоржынының құнының өсуіне сәйкес ең төменгі жалақының көлемін жүйелі түрде арттыру;

• бюджет саласы қызметкерлерінің, мұғалімдерді, дәрігерлерді, ғылым және мәдениет қызметкерлерін қоса алғанда, лайықты деңгейге дейін еңбекақысын арттыру. Жұмыс істеп жүрген адам кедей болуға тиіс емес!

Халықты әлеуметтік қорғау жүйесін жақсарту

Халықты әлеуметтік қорғау жүйесін жетілдіру мақсатында мыналарды мақсатқа сай деп есептейміз:

- әлеуметтік төлемдердің мөлшерлерін халықаралық стандарттарға сәйкес нақты ең төменгі күнкөріс деңгейі негізінде есептеу;

- әлеуметтік қорғау шараларымен, зейнетақылармен және жәрдемақылармен оларды қажет ететін барлық санаттағы азаматтарды толық қамту;

- тұрғындарды әлеуметтік сақтандырумен қамтуды кеңейту;

- ең аз күнкөрістік шаманың шынайы көлемін есепке ала отырып, кедейлікті еңсеру жөнінде нақты шаралар жасау;

- зейнетақылық жүйенің барлық түрлері үшін еңбекақының кем дегенде 60 пайыз мөлшеріндегі зейнетақының әділетті деңгейімен қамтамасыз ету; осындай ұстанымды (ең аз күнкөрістік шаманың 60 пайызы) жасы бойынша базалық жәрдемақы үшін де белгілеу;

- жалдамалы жұмысшыларды және «өзін-өзі жұмыспен қамтыған» азаматтарды жинақтаушы зейнетақы жүйесімен толық қамтуды қамтамасыз ету;

- «Ардагерлер туралы» заң қабылдап, аталған санаттағы тұрғындардың заңдық мәртебесін және әлеуметтік кепілдіктерін анықтау;

- баланы күтіп-бағу жөніндегі ай сайынғы жәрдемақыны (орташа жалақы мөлшерінде), олар үш жасқа толғанға дейін төлеу;

- республикалық бюджеттен жүктілігі және бала тууы бойынша және баласын күтіп-бағу бойынша демалыста отырған әйелдердің жинақтаушы зейнетақылық шотына қаражат аудару;

- мүмкіндіктері шектеулі (мүгедектер) адамдардың лайықты өмір сүруін, мүгедектер үшін ашылған жұмыс орындарын мемлекеттік субсидиялауды, сондай-ақ мүгедектік мәртебесін алу және қайта куәландыру рәсімдерін оңтайландыруды қоса алғанда, қамтамасыз ету.

Халықтың тұрғын үй жағдайларын жақсарту

Табыс деңгейі әртүрлі адамдарды қолжетімді тұрғын үймен қамтамасыз ету және тұрғын үй қорының жай-күйін жақсарту мақсатында, біздің пікіріміз бойынша, мыналар қажет:

- мемлекеттік тұрғын үй саясатында тұрғын үйді коммерциялық сатып алудан халықтың күнкөрісі төмен топтары және жас отбасылар үшін мемлекеттік тұрғын үй-құрылысы кәсіпорындарымен және мемлекеттік тапсырыс бойынша әлеуметтік тұрғын үйлер салуға көшу. Мұндай тұрғын үйлер өзіндік құнымен, мұрагерлік құқықпен өмірлік жалға, бірақ жекешелендіру құқынсыз немесе мұндайды шектеумен, берілуі тиіс;

- құрылыс салушыларға элиталық тұрғын үй құрылысына жер учаскелерін бөлген кезде табыс деңгейі жоғары емес азаматтар үшін соған ұқсас әлеуметтік тұрғын үй алаңдарын салу міндетін жүктеу;

- құрылыс салушылардың дәрменсіздігі себебімен ықтимал тәуекелдіктерге сақтандыру енгізуді қоса алғанда, үлестік құрылысқа қатысушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың тиімді жүйесін жасау;

- ипотекалық несиелермен тұрғын үй сатып алған азаматтардың құқықтары мен меншігін теріс пиғылды жосықсыз банктердің озбырлығынан қорғау;

- республиканың әрбір өңірінде тұрғын үй қорының жай-күйі мен коммуналдық қызмет инфраструктураларының ұдайы жаңартылып тұратын мәліметтер базасын құру;

- тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы (ТКШ) инфраструктураларын жаңғырту жөніндегі жобаларға мемлекетпен мақсатты займдар және инвестициялар берілуін қамтамасыз ету;

- тұрғын үй қорын басқару мен оған қызмет көрсету саласында монополизациясыздандыру және нақты бәсекелестік үшін жағдайлар жасау;

- табиғи монополиялар субъектілерінің нормадан тыс шығындарын жоюға және нормалық шығындарын азайтуға мүмкіндік беретін тарифтік реттеудің тиімділік деңгейін көтеру;

- коммуналдық сектор кәсіпорындарына қазіргі заманғы технологияларды енгізуді қамтамасыз ету;

- азаматтардың тұрғын үйін күтіп-ұстау және коммуналдық қызметтер ақысын төлеу шығындарының, егер бұлар отбасының жиынтық табысының 10%-нан асып кеткен жағдайда, орнын толтыруды мемлекеттің міндетіне жатқызуды заңнамамен бекіту;

- пәтерлердің иелері кооперативтері (ПИК) жұмысының барынша ашықтығын және олардың меншік иелері мен тұрғын үй, басқа да үй-жайларды жалдаушылар алдында олардан алынған ақша қаражатының жұмсалуды жөнінде мерзімділікпен есеп беруін қамтамасыз ету.

Денсаулық сақтау жүйесін жақсарту

Азаматтардың қазіргі заманғы, сапалы медициналық көмек алуы және денсаулығын нығайту мақсатында «Ақ жол» партиясы мыналарды ұсынады:

- барлық санаттағы азаматтар үшін медициналық қызметтердің қолжетімділігін, сонымен қатар денсаулық сақтау жүйесінің пациенттерге ізгілікті қарым-қатынасын қамтамасыз ету;

- медициналық қызметтер сапасының халықаралық стандарттарын енгізу;

- 16 жасқа дейінгі балаларды және зейнеткерлерді мемлекетпен кепілдік берілген шеңберде тегін медициналық көмекпен медициналық қызметтің бүкіл спектрімен қамтамасыз ету;

- стационарлық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдары жұмыстарының негізгі көрсеткіштері (төсек айналымы, стационарда болудың орташа ұзақтығы және т.б.) иімділігін халықаралық стандарттарға сәйкес болуын қамтамасыз ету;

- мемлекеттік және жеке меншік, сондай-ақ қалалық және ауылдық медициналық мекемелерде медициналық көмек көрсету сапасының бірыңғай стандарттарымен қамтамасыз ету;

- профилактиканы және жоғары технологиялық медици-

налық қызмет көрсетуді қоса алғанда, мемлекетпен кепілдік берілетін қазіргі заманғы медициналық стандарттарды және тегін медициналық көмек көлемдерін ұлғайту;

- тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемінің (ТМККК) шеңберінде медициналық қызметтердің жеке жеткізушілерінің үлесін 20 пайызға дейін жеткізу;

- ТМККК шеңберінде медициналық көмек алуда республика азаматтары үшін тұрғылықты жеріне қарамастан тең жағдайлар жасау;

- ТМККК қызметінің жеткізушілері үшін меншік түрлеріне қарамастан мемлекеттік-жекелік серіктестік негізінде қолайлы бәсекелестік орта жасау;

- ТМККК шеңберінде медициналық дәрілік құралдар және бұйымдармен қамтамасыз етудің тиімді жүйесін енгізу;

- міндетті медициналық сақтандыру жүйесін енгізу;

- пациенттердің тұрғылықты жерлерінің қашықтығының халықаралық стандарттарына сай медициналық мекемелер желісін, әсіресе ауылдық жерлерде, кеңейту;

- медициналық мекемелердің және медициналық құрамның жауапсыз медициналық көмегі және пациенттерге ізгілікті емес қарым-қатынасы үшін жауапкершілігін күшейту;

- дәрігерлерді және басқа медициналық қызметкерлерді даярлаудың және олардың біліктілігін арттырудың сапасын жақсарту;

- өз денсаулығы үшін азаматтардың ынтымақты ортақ жауапкершілігін арттырудың жаңа тетіктерін енгізу;

- қоғамда салауатты өмір салты идеологиясын қалыптастыру және алға жылжыту.

Осы және басқа да шаралар іске асыру арқылы күткендегідей халықтың өмір жасының ұзақтығын арттыру, ана мен бала өлімін екі есеге азайту, сондай-ақ туберкулезге шалдығу 20 пайызға төмендеуі мүмкін.

Білім және ғылымды дамыту

Азаматтардың сапалы білім алу құқығын қамтамасыз ету және республиканың ғылыми әлеуетін нығайту мақсатында мыналар маңызды деп есептейміз:

- мемлекеттің білім және ғылымға жұмсалатын шығыстарын елдің ЖІӨ-нің 3 пайызына дейін арттыру;

- мектеп жасына дейінгі балаларды балабақшалармен қалаларда да, сондай-ақ ауылдық жерлерде де толық қамтылуын қамтамасыз ету;

- аз қамтамасыз етілген отбасылар және тәуекелдік топтарына кірушілердің денсаулығы бұзылған балалары үшін білімнің қолжетімділігін қамтамасыз ету;

- еңбек нарығының және әлемдік білім кеңістігіне интеграциялау талаптарына сәйкес техникалық және кәсіптік білімнің тиімді жүйесін құру;

- ішкі және сыртқы еңбек нарықтарымен танылатын Ұлттық біліктілік жүйесін енгізу;

- бизнес бірлестіктерін стандарттарды әзірлеуге, білім беру мекемелерін аккредиттеуге және емтихандар өткізуге тарту;

- бітірушінің өзінің таңдауы бойынша Бірыңғай ұлттық тестілеуді (БҰТ) емтиханмен айырбастау мүмкіндігін қоса алғанда, Бірыңғай ұлттық тестілеуді жүргізудің объективтілігін және ашықтығын қамтамасыз ету;

- Қазақстанның жоғары білімі сапасының білім саласын-

дағы озық әлемдік тәжірибелерімен сәйкестігін қамтамасыз ету;

- барлық деңгейдегі және кез келген меншіктегі білім беру мекемелеріндегі жемқорлықтың алдын алу және қарсы тұру жөніндегі шараларды кеңейту;

- инновациялық зерттемелерді енгізу және коммерциализациялау үшін жағдайлар жасаудың есебінен ғылымның практикалық тартымдылығын арттыру;

- ғылыми қызметкерлердің, жастарды ғылымға тартудың, ғылыми-техникалық қызметтің және ғалымдар мен инженерлер мамандықтарының рөлін арттырып, көпшілікке тарату үшін материалдық және шығармашылық ынталандыру жүйесін құру.

Ауылды және ауыл шаруашылығын көтеру

Республика халқының жартысына жуығы ауылда өмір сүреді. Сондықтан да Қазақстанның табысты дамуы ауылдар және селолардағы тұрғындардың тіршілік әрекеттері үшін қолайлы жағдайлар жасалмайынша мүмкін емес, ол үшін «Ақ жол» партиясы мыналарды талап етеді:

- барлық ауылдық елді мекендердің әлеуметтік инфрақұрылымдарының, жолдарды, мектептерді, медициналық мекемелерді, спорт залдарын, моншаларды, ауыз сумен қамтамасыз етуді, отынды, электр энергиясын, байланысты және т.б. қоса алғанда, толыққанды жұмысын қамтамасыз ету;

- шығындарды қисынсыз көбейтуге әкелетін жеке-жеке және сән-салтанатты ғимараттар салу тәжірибесінен бас тарту;

мектеп, пошта бөлімшесі, медициналық пункт, ауыл әкімдігі және т.б. селодағы қызметтерді қатар қолданатын бәріне бірдей типтік ғимаратта орналастыруға көшу;

- ауылдарды аудан және облыс орталықтарымен байланыстыратын қазіргі автомобиль жолдарын реконструкциялау және жаңа жолдар салу;

- экологиялық жағдайы қолайсыз ауылдық аудандарды қолдау бағдарламасын әзірлеу және іске асыру;

- ауыл тұрғындарын, әсіресе жастарды және жас мамандарды «Қолжетімді үй» бағдарламасына енгізу, бұл үшін мемлекеттік құрылыс компанияларының келешегі бар ауылдық елді мекендерде жаңа тұрғын үй салуын қамтамасыз ету.

Қазақстанның ұлттық экономикасының аграрлық секторын қарышты дамыту мақсатында мыналар қажет:

- «ҚазАгро» Ұлттық холдингінің бюджетін және оның орындалуының есептерін Парламентпен бекітуге қол жеткізу;

- ауыл шаруашылығын дамытуға бөлінген мемлекеттік қаражаттың пайдаланылуына парламенттік мониторинг жүргізу;

- ауыл шаруашылығында еңбек өнімділігін 4 есе арттыруға қол жеткізу;

- ауыл шаруашылығына арналған жерлерді ауыл шаруашылығын жүргізу ісімен айналысатын ауыл тұрғындарына басымдық беріп, тек қана Қазақстан азаматтарына беруді қамтамасыз ету;

- тиімсіз пайдаланылып жатқан жерлерді алу және ауыл шаруашылығы айналымына қайтару жөнінде шаралар қабылдау;

- ауылдық елді мекендердің тұрғындарына ауыл шаруа-

шылығы жұмыстарын жүргізуге, оның ішінде жер, мал, қазіргі заманғы ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтар, тұқым, тыңайтқыштар және т.б. сатып алу үшін жеңілдетілген ұзақмерзімді кредиттер беру;

- сумен жабдықтау жүйесінің жұмыс істеп тұрғандарын реконструкциялауды және жаңа құрылғылар салуды қоса алғанда, жергілікті шаруашылықтарды суармалы желімен қамтамасыз ету;

- ауыл шаруашылығына мемлекеттік субсидияларды, осы бюджеттік қаржыларды тікелей фермерлер мен шаруаларға бере отырып, көбейту;

- ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілерге жанар-жағармай материалдарына тұрақты және оңтайлы бағалар белгілеу;

- ауыл шаруашылығы өнімдерінің негізгі түрлерін әділ бағалармен мемлекеттік сатып алу көлемін ұлғайту;

- ауылдық жерлерде тұтыну кооперациясы жүйесін дамыту үшін қажетті жағдайлар жасау.

Бизнес ортаны жақсарту және кәсіпкерлікті қолдау

«Ақ жол» партиясы Қазақстанда бәсекелестікке қабілетті және нарықтық экономика құрудың, жеке, ең әуелі, шағын және орта бизнесті жан-жақты қолдаудың табанды жақтаушысы болады. Әрбір қазақстандықты мұнайшы немесе банкир жасау мүмкін емес. Бірақ бұқаралық шағын және орта бизнес экономикалық қарым-қатынастар жүйесі арқылы ірі корпорациялардың табыстарын қайта бөлудің тиімді арнасы болуға, әрбір қазақстандық отбасын ұлттық экономиканың ғаламдық жетістігіне араластыруға қабілетті. Бұл стратегия-

лық міндеттерді табысты жүзеге асыру үшін келесі шаралар кешенін іске асыру қажет:

- үдемелі индустриалдық-инновациялық даму Бағдарламасы жобаларының табысты іс жүзіне асырылуына, оларға салынған мемлекеттік қаражаттың тиімділігіне және іске қосылатын кәсіпорындардың шын мәнінде жұмыс істеуіне қол жеткізу;

- ҮИЖДБ жобаларына ғылымды көп қажет ететін, технологиялық, экологиялық және энергияны үнемдеу критерийлеріне сәйкес міндетті инновациялық құрамдас бөлікті енгізу;

- Қазақстанның транзиттік әлеуетін, Батыс Еуропа – Батыс Қытай жобасының экономикалық басымдылықтарын тиімді пайдалануды қамтамасыз ету;

- «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасының іске асырылуын, оның барлық буындарының қызметінің тиімділігін, бөлінген қаражаттың нақты кәсіпорындарға жеткізілуін қамтамасыз ету;

- жеке меншік бизнесті қолдау жөніндегі ұлттық даму институттарының қызметіне парламенттік мониторинг енгізу, олардың кәсіпкерлікті дамытуға бөлінген мемлекеттік қаражатты пайдалану тиімділігін қамтамасыз ету;

- тұтынушылар үшін бәсекелестікті күшейту және бағаны төмендету мақсатында табиғи монополиялардың бірқатар секторларын монополиясыздандыруды жүргізу.

Жеке кәсіпкерліктің іскерлік белсенділігін ынталандыру және оның экономиканы және әлеуметтік салаларды дамыту үдерісіндегі мүмкіндіктерін кеңейту мақсатында мыналар қажет:

- жеке меншік бизнестің сауда-делдалдық саладан экономиканың нақты саласына қарай бет бұруын ынталандыруға жағдай жасау, бұл мақсатта қайта өңдеу өнеркәсібіндегі орта кәсіпорындар үшін нақты артықшылықтар беруге қол жеткізу;

- азық-түліктік және тұтынушылық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, күш-жігерді тамақ өнімдері саласын қолдауға және сапалы тағамдар және халық тұтынатын тауарлар өндірісін ұлттық және мемлекетаралық стандарттарға сай болуына бағыттау;

кәсіпорын құрылған кезден бастап үш жыл бойы шағын және орта бизнесті ҚҚС-және КТС төлеуінен босату;

- салық әкімшілігі және есептілік рәсімдерін оңайлату;

- жеке кәсіпкерлер үшін салық есептілігі жөніндегі, егер олардың бұл есептілік аясындағы бұзушылықтары мемлекеттік бюджетке тікелей залал келтірмесе, айыппұлдарын жою;

- шотқа тыйым салудан, коммерциялық құрылымдардың шығыс операцияларын тоқтатудан бас тарту;

- салық есептілігі және салықтық тексерулер бойынша өткен кезеңдер үшін талап қою мерзімін бес жылдан үш жылға дейін қысқарту;

- лауазымды адамның қызмет бабын пайдаланып, заңды кәсіпкерлік қызметке кедергі жасағаны үшін қылмыстық жауапкершілікті қатаңдату;

- басым салалар үшін (ауыл шаруашылығы және жеңіл және тамақ өнеркәсібі, машина жасау) ҚҚС-ның сараланған төмен ставкаларын енгізу;

- бәсекелестікті күшейту және тұтынушылар үшін тиісті тауарлар және қызмет көрсетуге бағаны төмендету мақсатында

табиғи монополияның бірқатар секторларына іс жүзінде де-монополизациялау жүргізу;

- квазимемлекеттік сектордың экономикаға араласуын азайту, экономиканың бәсекелестік секторларында мемлекет қатысатын рентабельді емес кәсіпорындарды жою немесе жекешелендіру; мемлекет қатысатын кәсіпорындардың 70 пайызын мемлекет иелігінен алуды жүргізу;

- тиісті рәсімдердің барынша ашықтығын қамтамасыз етуді және белгілі бір тауарлар өндірушілер мен қызметтер көрсетушілерге тікелей шығуды қоса алғанда, мемлекеттік сатып алу жүйесін жетілдіру;

- жаңа нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу және қабылдау үшін реттеушілік ықпалды талдау әдістемесін дайындау және енгізу;

- республиканың ішкі нарығында, оның ішінде ұлттық компаниялардың сатып алу жүйесінде, отандық өндірушілердің басымдығын қамтамасыз ету және шетелдік компаниялар тарапынан жосықсыз бәсекелестікке жол бермеу;

- еліміздің ЖІӨ-дегі шағын және орта бизнестің үлесін 60 пайызға дейін жеткізу.

Экономикалық дамудың және шағын және орта бизнесті қолдаудың маңызды тірегі ресурстық ұлтшылдық саясаты болуы тиіс. Табиғи ресурстар мен жер қойнауларын пайдалану ең алдымен Қазақстан халқының мүдделеріне қызмет етуі тиіс. «Ақ жол» партиясы инвестициялар тартуды және инвесторлар үшін, келісім-шарттардың тұрақтылығын қоса алғанда, қолайлы жағдайлар жасауды қолдайды.

Сонымен қатар, шетелдік жер қойнауын пайдаланушы-

лар қызметіндегі қазақстандық құрамның үлесін 50 пайыздан кем болмауын қамтамасыз ету қажет деп есептейміз. Бұдан басқа, норвегтік тәжірибе бойынша, жер қойнауын пайдалану саласында жұмыс істейтін ірі инвесторлар қазақстандық (не бірлескен) кәсіпорындарға қолданып жатқан жабдықтардың, оның жинақтамаларының технологиясын және өндірісін береді; сондай-ақ осындай жабдықтарды сатып алуға, қазақстандық сервис компанияларының қызметіне тапсырыс беруге, азық-түлік өнімдерін, арнайы киімдерді және т.б. сатып алуға міндеттенеді. Сонымен, табиғи ресурстарды пайдалану өзінің соңынан экономиканың аралас секторларында шағын және орта бизнесті дамытуға себін тигізуге қабілетті болады.

Осыған байланысты «Ақ жол» партиясы «Оффсеттік саясат туралы» және «Ұлттық компаниялардың, мемлекеттің қатысуымен кәсіпорындардың және ірі жер қойнауын пайдаланушылардың қызметіндегі сатып алулар туралы» заңдарының тезірек қабылдануына және іске асырылуына қол жеткізетін болады.

«Ақ жол» ҚДП-ның адал бизнесті қолдайтындығын, қоғам, мемлекет және адал бәсекелестіктің мүдделерін белден басытын «жылпостарға» төзімсіз болатынын ерекше атап өтуді қажет деп санаймыз.

Коммерциялық пайда табудан тыс, бизнес бүкіл қоғам өмірінің сапасын жақсартуға, және ең ақырында – байлар мен кедейлердің арасындағы алшақтықты қысқартуға бағытталуы тиіс.

Заңның үстемдік құруын және жеке тұлғаның құқықтарын қамтамасыз ету

Республика азаматтарының конституциялық құқықтары мен бостандықтарының сақталуын және қорғалуын толыққанды және тиімді қамтамасыз ету үшін және заңның үстемдік құруы үшін тиісті құқықтық және ұйымдастырушылық-техникалық тетіктерді жетілдіруге, тәуелсіз және әділетті сот төрелігін дамытуға, құқық қорғау органдарының қызметіне парламенттік және қоғамдық бақылауды күшейтуге, қазақстандық қоғам мен мемлекеттің тіршілік әрекетінің барлық салаларында сыбайлас жемқорлыққа қарсылықты күшейтуге бағытталған кешенді шаралар қабылдау қажет.

1. Мемлекетпен барлық азаматтардың әлеуметтік, лауазымдық және өзге де жағдайларына қарамастан заң алдында тең болуын қамтамасыз ету мақсатында «Ақ жол» партиясы мыналарды ұсынады:

- 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге Қазақстан Республикасының Құқықтық саясат тұжырымдамасында қарастырылған шараларды жан-жақты және жүйелі түрде жүзеге асыруды қамтамасыз ету;

- Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын Азаматтық және саяси құқықтар туралы Халықаралық пактімен және Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы Халықаралық пактімен сәйкестендіру;

- азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын сақтау мәселелерін реттейтін заңнамалық актілер мен ведомстволық құжаттар арасындағы барлық қарама-қайшылықтарды анықтау және жою;

- әкімшілік заңнамасына тиісті ережелерді енгізуді қоса алғанда, жеке өмірді және азаматтардың дербес мәліметтерін қорғаудың құқықтық тәсілдерін және тетіктерін көбейту;

- ел халқын құқықтық ағартушылықтың түрлері мен тетіктерін кеңейту;

- кінәсіздік презумпция принциптерін декларативті емес, шын мәнінде іске асыруды; ашық, сатылмайтын және әділетті сотты, азаматтардың құқықтарын сотқа дейінгі іс-шараларда, сот процесінде, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарында қорғауды қамтамасыз ету;

- негізгі жазаларды экономикалық арнаға ауыстыру есебінен, бас бостандығынан айыруға байланысты үкімдердің санын кем дегенде екі есеге қысқартуға қол жеткізу;

- сот шешімдерін, ең алдымен шаруашылық және азаматтық даулар бойынша орындалуын түбегейлі арттыру;

- зардап шегушілерге келтірілген залалдарды кінәлі тараптың есебінен де, және арнайы өтем қоры есебінен де толық өтеуді қамтамасыз ету.

2. Жеке меншік құқын іске асыру және қорғау мақсатында мыналар қажет деп санаймыз:

- азаматтардың және мемлекеттік емес заңды тұлғалардың жекеменшік мүліктері мен басқа да нысандарына қол сұқпаушылыққа, жекеменшікті қорғау құқығын қоса алғанда, байыпты мемлекеттік кепілдіктерді қамтамасыз ететін «Қазақстан Республикасындағы жекеменшік туралы» заң қабылдау;

- Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында жекеменшік иесінің құқығының басымдығы принципін белгілеу керек, оған сәйкес жекеменшік құқығын жүзеге асыруға байла-

нысты туындайтын заңнамадағы барлық жойылмай тұрған қарама-қайшылықтар мен айқын емес көмескіліктер жекеменшік иесінің пайдасына түсіндірілуі тиіс;

- Қазақстан Республикасының азаматтық кодексін жекеменшік құқына заңсыз қолсұғушылық пен рейдерлік басып алудан қорғаудың және өзін-өзі қорғаудың барлық жол беруге болатын ұйғарымды тәсілдері көрсетілген ережелермен толықтыру;

- қолданыстағы заңнамадағы азаматтардан олардың мүліктерін мәжбүрлеп иеліктен алуға қатысты «мемлекеттік қажеттіліктер» және «ерекше жағдай» деген ұғымдарын Қазақстан Республикасының Конституциясының нормаларын және Қазақстанның адам құқығы мен бостандықтары саласындағы халықаралық міндеттемелерін еске ала отырып анық белгілеу және нақтылау;

- мемлекеттік қажеттіліктер үшін мәжбүрлі түрде иеліктен айырған жағдайларда мемлекеттің азаматтарға өтейтін сомасын анықтаудың тәртібін бірегейлендіру;

- азаматтардың мүліктерін кедендік рәсімдеу тәртібін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен және жалпы жұрт таныған халықаралық стандарттармен сәйкестікке келтіру.

3. Республиканың қылмыстық саясаты мен қылмыстық заңнамасын ізгілендіру мақсатында мыналар қажет:

- Қылмыстық жазалаудың ең жоғары түрі ретінде өлім жазасынан, оны өмір бойына қамауға алуға ауыстыра отырып, бас тарту; өлім жазасын айрықша жағдайларда, ерекше мән-жайларда өлім жазасын қолдану туралы мәселе оны қоғамда кеңінен талқылау жолымен шешілуі тиіс;

- азаматтардың өмірі мен денсаулығына қасақана қатер төндірмеген бірқатар құқықбұзушылықтарды қылмыстандырусыздықты қамтамасыз ету;

- қылмыстық процесте кінәсіздік презумпция принципін сақтауды қамтамасыз ету;

- қылмыстық істер бойынша анықтау, тергеу және соттағы істі қарау процесінде жан-жақтылықты, толықтықты және объективтілікті қамтамасыз ету;

- қылмыс істеушілікке күдікті азаматтарға тұтқынға алу түріндегі жол кесу шарасына тек тиісті қылмыстың ауырлық деңгейі сай болғанда ғана қолдануды белгілеу;

- жұртшылық өкілдерінің қатысуымен азаптауды және басқа қатыгез, адамгершілікке жат немесе абыройын қорлайтын қатынастар мен жазаларды болдырмауға бағытталған ұлттық алдын алу шараларының тетіктерін қалыптастыру;

- соттармен қылмыстық жазалаудың, қоғамдық жұмыстар және материалдық шығынды өтеуді қоса алғанда, бас бостандығынан айыру түріне баламалы тәжірибелерді қолдануды кеңейту үшін ұйымдастырушылық-құқықтық шаралар құру;

- бас бостандығынан айырылып сотталған азаматтардың өмірі мен денсаулығын қорғауына, туған-туыстарына өзінің жағдайы туралы хабар беру құқығына, заманауи медициналық көмекке, білікті заңдық көмек алуына жағдай туғызудың шарттары мен тетіктерін кеңейту;

- уақытша ұстау изоляторларына және түзету мекемелеріне қатысты, құқық қорғау және өзге де мүдделілік танытқан қоғамдық ұйымдар мен БАҚ тарапынан қоғамдық бақылау

жасауды қоса алғанда, қылмыстық-түзету жүйесі қызметінің ашықтығын қамтамасыз ету;

- Қазақстан Республикасының Конституциясымен кепілдендірілген, жеке тұлғалардың өзге де негізгі құқықтарын жүзеге асыруына қол жеткізу.

Сыбайлас жемқорлықпен және көлеңкелі экономикамен күрес

Жемқорлық бизнеске және азаматтарға заңсыз қосымша салық салудың түріне айналды, ал өзінің қылмысты және ба- рабар емес кірістерімен ол қарапайым адамдар мен қатар- дағы кәсіпкерлердің адал еңбегін сенімсіздендіреді.

Қоғамда жемқорлықты қабылдамайтын және оған төзбей- тін ахуалды қалыптастыру және оның кез келген көріністеріне қарсы әрекеттерді күшейту мақсатында «Ақ жол» партиясы мыналарды талап етеді:

- азаматтардың табыстары мен шығыстарын жаппай декларациялауды, оның ашық және бюрократтық емес сипатын қамтамасыз ете отырып, енгізу;

- Парламент Мәжілісіндегі саяси партиялардың фракция- лары атқарушы органдар дайындаған заң жобаларын Парла- ментке тапсырмай тұрып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы са- раптамадан өткізу тәжірибесін енгізу;

- барлық мемлекеттік органдардың, ұйымдардың және олардың лауазым иелерінің жұмыстарын, аса маңызды мем- лекеттік органдарда (сот мәжілістерінің залдарында, тендерлік комиссиялардың, кедендік бақылаулардың өтетін жерлерін- де, парламенттің жұмысшы топтарында және т.б.) веб-каме-

ралар орнатып, ғаламтор арқылы тікелей трансляция жасауды қоса алғанда, барынша ашық деңгейге көтеруді қамтамасыз ету;

- мемлекеттік сатып алу жүйесін, тиісті рәсімдерді барынша ашық жүргізуді қамтамасыз ету, барлық мемлекеттік органдардың, ұлттық компаниялар мен мемлекеттің қатысы бар басқа да құрылымдардың қызметін мемлекеттік сатып алу туралы заңнамалармен реттеу және олардың делдалдарға емес, белгілі бір тауарлар мен қызметтерді өндірушілерге тікелей шығуын қамтамасыз ете отырып, түбегейлі реформалау;

- ұлттық экономикаға оффшорсыздандыру жүргізу; заңсыз жолмен алынған қаржыларды шет елдерге шығаруға заң жүзінде тосқауылдар қою;

- Үкімет мүшелері, ұлттық компаниялардың жетекшілері үшін шетелдік банктерде және оффшорлық аймақтарда жеке банктік есеп шоттар иемденуіне тыйым салу;

- сыбайлас жемқорлықпен күрес процесінде және жемқорлық құқықбұзушылықтар жасаған тұлғаларды жауапкершілікке тартуда Қазақстан мен жақын және алыс шет елдердің құқық қорғау органдарының ынтымақтастық тетіктерін кеңейту;

- Қазақстанның жемқорлықпен күрес саласында маңызды халықаралық-құқықтық актілерге қосылу саясатын, содан соңғы республиканың жемқорлыққа қарсы заңнамасына халықаралық нормаларды толыққанды енгізумен жандандыру;

- жұртшылық және үкіметтік емес ұйымдар үшін мемлекеттік органдар қызметінің ашықтығын қамтамасыз ету.

Қазақстан халқының рухани және мәдени салаларының дамуы

Ұрпақтардың рухани-мәдени тәжірибесінің сабақтастығы Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздігін нығайтудың басты негіздерінің бірі болып табылады. Ұлттық тарихымызды, өзіміздің төл бастауларымызды, қайнар көздерімізді, ерекшеліктерімізді ұғыну қоғамды рухани және идеялық біріктіруге қызмет етеді.

«Ақ жол» партиясы мыналар қажет деп есептейді:

- Қазақстанның барлық этностарының ұлттық мұрасын сақтау мен көбейтуді, барлық тілдерді және ұлттық мәдениеттерді теңқұқықты дамуын, Қазақстанның көпұлтты халқының бірлігі және келісімін сақтауды қамтамасыз ету. Біздің елде «келімсектер» немесе «қонақ» халықтар жоқ, барлық ұлттардың өкілдері біздің біртұтас отанымыздың толыққұқылы азаматтары болып табылады;

- рухани саланы «қалдықты» қаржыландыру принципін еңсеру, мәдениетті, өнерді, халық шығармашылығын дамытуға бюджеттік шығыстарды 50 пайызға ұлғайту;

- мәдени-көпшілік іс-шараларының репертуарларында қазақстандық авторлардың шығармаларының қамтылуын арттыру;

- мемлекеттік және басқа тілдерді дамытуға бөлінген мемлекеттік қаражаттың тиімді пайдаланылуы мен іс жүзіндегі нәтижелілігіне кепілдік беру;

- жас ұрпақты тәрбиелеу ісін Қазақстанның ұлттық тарихына, қазақ тіліне және қазақ мәдениетіне, сол сияқты басқа этностардың, оның ішінде орыс, украин, өзбек, неміс,

корей және ондаған басқалары бар, тарихына, мәдениеті мен тіліне де құрметпен қарау рухында жүргізу;

- Қазақстанның табиғи-мәдени объектілерін ЮНЕСКО Дүниежүзілік мұрасы объектілерінің тізіміне кіргізу жөніндегі жұмысты жандандыру (Жібек жолы, Отырар оазисіндегі археологиялық объектілер, Ұлытау мәдени ландшафты, Ақсу-Жабағылы, Солтүстік Тянь-Шань және т.б.);

- Қазақ халқы ХХ ғасырда өзінің басына төнген қанды репрессияның, жаппай аштықтың қайғылы қасабынан, тұтастай аудандардың құрып кетуінен және көптеген отандастарымыздың елінен қашып, бас сауғалауға мәжбүр болуынан, ана тілі мен мәдениетінен айырылудың қауіп-қатерлерінен туындаған рухани жұтауы мен шығындарын толық жоюды және орнын толтыруды қамтамасыз етуі тиіс, ол үшін: Қазақстан тәуелсіздігін нығайтуды және біздің халқымыздың рухани байлығын жандануын қарастыратын «Мәңгілік ел» бағдарламасын толық іске асыруға қол жеткізу;

- қазақ тілінде оқытатын жалпы білім беретін мектептердегі оқушылардың санын 2020 жылға қарай 30 пайызға арттыру;

- қазақ тілінің мәртебесін көтеріп, қолдану салаларын, шетелдік компанияларды қоса алғанда, алдымен экономика мен бизнесте кеңейту; мемлекеттік тілді 2025 жылға қарай қазақстандықтардың 95 пайызының білуі мен қолдануы стратегиялық мақсатына қол жеткізетін шаралар ретінде «ҚР мемлекеттік тіл туралы» заңында тиісті нормаларды қарастыру;

- қазақ тілін латын әліпбиіне ауыстыруға жәрдемдесу;

- тұрақтанған халықаралық және шетел сөздері мен ата-

лымдарды қазақ тіліне аудару туралы мәселені түпкілікті шешіп, қазақ тілін жаңғыртуды жүргізу;

- мемлекеттік органдардағы қазақ тіліндегі құжаттардың ара салмағын 2020 жылға қарай 80 пайызға көбейту;

- телерадиоарналардағы, олардың қандай меншік түріне жататынына қарамастан, телерадиобағдарламалардың мемлекеттік тілдегі уақытының көлемін 2020 жылға қарай 70 пайызға дейін арттыру;

- ұлттық фильмдер өндірісін қаржыландыруды 50 пайызға және шетелдік фильмдерді кинотеатрларда көрсету үшін қазақ тіліне аударуды қаржыландыруды көбейту;

- «Алаш» қозғалысы қайраткерлерінің идеялық көзқарастарын зерделеу және көпшілікке, соның ішінде орыстілді аудиторияларға да тарату және олардың ХХІ ғасырда, әсіресе қазақстандық қоғамды еуропалық жолмен әлеуметтік, саяси және экономикалық жаңғырту бөлігінде қажеттілігі жөнінде бағдарлама қабылдау;

- отандастарымызды тарихи отанына қайтару жөніндегі көші-қон саясатын күшейту, бұл орайда экономиканың қажетсінуіне, өндіргіш күштердің орналастырылу сипатына және Индустрияландыру бағдарламасына сәйкес қоныстандыруға ынталандырудың теңдестірілген көзқарасын қамтамасыз ету;

- Қазақстан Республикасының азаматтығын қазақ тілін, ҚР Конституциясын және Қазақстан тарихын білуі жөнінен емтихан тапсырғаннан кейін беруді заңнамалық тұрғыдан бекіту;

- Қазақстан халқының дәстүрлі діндерін (ең алдымен ислам және христиан) қолдау, қоғамның рухани саласын жат секталардың және ағымдардың ықпалынан қорғау, діни, эт-

никалық және кез-келген басқа негізде экстремизм және терроризмге шақыруларға қарсы әрекет етеді.

Сыртқы саясат және ұлттық қауіпсіздік

Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты және ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы қызметі еліміздің ұлттық мүдделерін ескеру, оларды ілгері бастырудың және қорғаудың пәрменді тетіктерін құру, егемендігімізді, тәуелсіздігімізді және республикамыздың аумақтық тұтастығын нығайту негізінде жүргізілуі тиіс.

1. Сыртқы саясат саласына мыналар қажет:

- республиканың дамуы үшін қолайлы сыртқы саяси жағдайлар қалыптастыру, сондай-ақ сыртқы саяси серіктестермен тең құқыққа, сенімге, өзара құрметке, өзара түсінушілікке, ашықтыққа, тату көршілік қатынасқа, өзара тиімді серіктестікке және дипломатиялық сыпайгершілікке негізделген қарым-қатынас құруды қамтамасыз ету;

- Қазақстанның кез келген интеграциялық үдерістерге қатысуын тек қана экономикалық ынтымақтастық аясында және мемлекеттік Тәуелсіздік және Қазақстанның ұлттық мүдделеріне сәйкес жүзеге асыру;

- серіктес-елдермен келіссөздер үдерісінде отандық бизнестің мүдделерін қорғау жөніндегі Қазақстан позициясын батыл күшейту;

- Қазақстанның КО-ЕАЭО бойынша серіктес-елдер нарығындағы қазақстандық өнімдерді қолдаушылық саясатын және қолдауды қамтамасыз ету;

- көрсетілген интеграциялық құрылымдарда қатысушы ел-

дерге қатысты саяси өкілеттіктерді атқаруға үміттенетін ұлтүсті органдарын құруға жол бермеу;

- еуразиялық үдерістер жөніндегі серіктестермен, Ресеймен және ТМД елдерімен өзара әрекеттестіктермен қатар Қытаймен, Еуроодақпен, АҚШ және ислам әлемімен ынтымақтастықты қарышты дамыту арқылы Қазақстанның сыртқы экономикалық және сыртқы саяси мүдделерінің теңгерімін қамтамасыз ету;

- еуропалық елдермен және Еуропалық одақпен серіктестікті белгілеу, сондай-ақ Қазақстан дамуының басым бағыттарының бірі ретінде саясатқа, экономикаға және әлеуметтік салаға еуропалық стандарттарды енгізу;

- Қазақстанның Бүкілдүниежүзілік сауда ұйымына (ДСҰ) ұлттық мүдделермен жүру шарттарымен кіруін қамтамасыз ету;

- Қазақстанның ДСҰ-на қатысуы аясында халыққа қолжетімді бағалар бойынша ең жақсы тауарлар мен қызмет көрсетуді қамтамасыз ету; елімізді өмір сапасының озық стандарттарына қосу;

- Қазақстанның кез келген интеграциялық құрылымдарға және халықаралық ұйымдарға қатысуын (мүшелігін), егер бұл қатысу (мүшелігі) елдің Тәуелсіздігіне және Қазақстан халқының ұлттық мүдделеріне нұқсан келтіретін болса, дереу тоқтатуға қол жеткізу;

- Сыртқы істер министрлігі шеңберінде шетелдердегі Қазақстан азаматтарының құқықтарын қорғаудың тиімді тетіктерін жасау.

2. Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында мыналар қажет:

- республиканың қорғанысқа қабілеттілігін нығайту, терроризмге, экстремизмге, трансұлттық қылмысқа, заңсыз көші-қонға, есірткі бизнесіне және ұлттық қауіпсіздікке төнген басқа да қауіп-қатерлерге қарсы күресу мүдделері үшін халықаралық ынтымақтастықты кеңейту;

- Республиканың Қарулы күштерінің жауынгерлік қабілеттілігін арттыруға және нығайтуға, жеке құрамның жауынгерлік дайындығын жетілдіруді қоса алғанда, бағытталған кешенді шаралар қабылдау;

- еліміздің Қарулы күштеріне, арнайы қызметтерге және құқық қорғау органдарына бөлінген қаржыларды мақсатты және тиімді пайдалануды қамтамасыз ету;

- терроризмнің және экстремизмнің көріністерін, олардың әлеуметтік алғышарттарының: жұмыссыздық, әділетсіздік, жастардың баспанасының және жеке перспективаларының жоқтығы түріндегі өзекті проблемаларын шешу жолымен алдын алу; сондай-ақ республика халқының әр түрлі буындары мен топтарындағы өкілдерімен алдын алу жұмыстарын кеңінен жүргізу;

- экстремистік сипаттағы құқық бұзушылыққа қылмыстық жауапкершілікті күшейту, тиісті насихат жүргізу және осы қызметке азаматтарды, әсіресе жастарды тарту.

Мемлекет пен оның уәкілетті органдарының тиісті қызметі мемлекеттің әр түрлі ішкі және сыртқы қауіп-қатерлерден қорғай алатын қабілеттілігіне қазақстандықтардың сенімділігін туғызуы тиіс.

Сындарлы оппоненттік стратегия

«Ақ жол» партиясы Қазақстанның жаңа даму кезеңінде аталған проблемалар, қарама-қайшылықтар мен сын-қатерлер жағдайларында саяси пікірталастардың өзегі - қоғамдық-саяси тепе-теңдікті сақтау болатындығын алға тартады.

Бұл пікірталастарда «Ақ Жол» партиясы қалыптасу үстіндегі қазақстандық орта таптың ұстанымы мен мүдделері еліміздің барлық саяси күштерімен естілуіне және шешім қабылдау кезінде ескерілуіне бар күшін салады.

«Ақ Жол» Демократиялық партиясы азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын негізсіз шектеуге және қысым жасауға, қоғам мен мемлекет өмірінің әртүрлі салаларындағы төзбеушіліктің, заңсыздықтың, сыбайлас жемқорлықтың және экстремизмнің кез келген көріністеріне, республиканың тұрақтылығы мен қауіпсіздігіне, оның халықаралық қауымдас-тықтағы абыройына нұқсан келтіретін әрекеттерге батыл қарсы тұрады.

Өмір көрсеткендей, «Ақ жол» партиясы азшылықта болғанның өзінде, саяси оппоненттерімен және міндетіне сәлқ қарайтын шенеуніктермен таласта ұлттық мүдделерді, кәсіпкерлердің құқықтарын және қарапайым адамдардың адамгершілік абыройларын қорғауға қабілетті. Сонымен қатар, біздің партия саяси оппоненттікті заңдардың негізінде, барлық парасатты азаматтарды біріктіру және демократиялық конституциялық құрылысты нығайту мақсатында жүзеге асырады.

«Ақ Жол» партиясы одан әрі де маңызды саяси шешімдерді қабылдау мен жүзеге асыру процесіне белсенді түрде

қатысуға және бұл процеске өзінің бағдарламалық мақсаттары мен міндеттерін іске асыру үшін кез келген заңды формалармен барлық деңгейлерде ықпал етуге ниетті.

Тиісті қызметін, билікке араласу мүмкіндігін қоса алғанда, партия қара бастың қамы емес, оны өзінің еліне және өзінің халқына тиімді қызмет етудің құралы ретінде қарастырады.

«Ақ жол» партиясы қоғамға жаңарған саяси бағдарламасын ұсынады. Бағдарлама Қазақстан Республикасының саяси және әлеуметтік-экономикалық дамуының жоғары серпінін сақтауды көздейді.

Еліміздің алдында тұрған сын-қатерлер барлық сындарлы саяси күштердің, барлық отанымыздың тағдырына немқұрайлылық танытпайтын азаматтардың топтасуын талап етеді.

Партия аға буынға жүгінеді, олардың тәжірибесі мен кәсібилігі ХХІ ғасырдағы Қазақстанды құруда бұрынғыдан да өте қажет.

Партия қоғамның ең бастамашыл және белсенді бөлігімен, Қазақстанның бизнесте, саясатта, ғылымда және мәдениетте болашақ келбетін анықтайтын адамдармен бірлесетінін атап көрсетеді.

Партия ең жақын келешекте еліміздің дамуына өз үлесін қосатын жастарға үміт артып, сөзін арнайды.

Партия ұсынып отырған бағдарлама, бұл реалистердің бағдарламасы. Істің нақты жағдайын білетін, еліміз үшін тәуекелдіктер мен мүмкіндіктерді түсінетін, және Қазақстанның игілігі мен өркендеуіне әрекет ететін адамдардың бағдарламасы!

ДЕРЕККӨЗДЕР МЕН ӘДЕБИЕТТЕРДІҢ ТІЗІМІ

1. С.М. Бармидзе (2009) Ресей Федерациясындағы саяси партиялардың ұғымдары мен белгілері - <https://cyberleninka.ru/article/v/ponyatiya-i-priznaki-politicheskikh-partiy-v-rossiyskoy-federatsii>
2. З.М. Зотова (2001) Ресейдің саяси партиялары: ұйымдас-тырылуы және қызметі (Москва, Ресейдің сайлау техноло-гияларына оқыту орталығы): 3
3. М. Дюверже (London: Methuen, 1964) Саяси партиялар. Фр. тілінен ауд. (Москва: Академиялық жоба, 2000): 538
4. И.В. Котляров (2011) Саяси партиялардың социологиясы (Минск: «Беларуская наука» баспасы): 14
5. K. von Beyme (1993) Functions of Political Parties, in V. Bogdanor, ed., The Blackwell Encyclopedia of Political Science (Basil Blackwell Ltd.): 412
6. Т. Топорина (2003) Партиялар және қазіргі замандағы партиялық жүйелер. – Астана: (26-29)
7. М. Дюверже (London: Methuen, 1964) Саяси партиялар. Фр. тілінен ауд. (Москва: Академиялық Жоба, 2000)
8. «Terra America» зерттеу тобы. «Батыстағы жаңа партия-лар: демократия дағдарысы немесе саяси және сайлау жүйелерінің даму келешегі» (ИСЭПИ Қорының тапсырысы бойынша): 92
9. Е. Вятр (1979) Саяси қатынастар социологиясы (Москва: «Прогресс» баспасы): 330
10. P. Mair (1993) Types of Party Systems, in V. Bogdanor, ed., The Blackwell Encyclopedia of Political Science (Basil Blackwell Ltd.): 420
11. G. Sartory (1976) Parties and Party Systems: a Framework for

Analysis, vol. I, chs. 5-6. (New York and Cambridge: Cambridge University Press): 120

12. Е. Бабақұмаров, Ю. Булуктаев, К. Көшербаев. (1995) Бүгінгі Қазақстан: саяси партиялар әлемі (Алматы: ИРК): 64; С.Т.Сейдуманов (1997) Қазақстандағы көппартиялылық феномені. – Алматы: 271; С. Дьяченко, Л. Кармазина (1998) Көппартиялық: проблемалары және келешегі (Мысль, № 2): 38-39; К. Берентаев, Ю. Булуктаев (2002) Мемлекеттің қазіргі заман кезеңіндегі партиялық саясаты (Алматы: Қоғамдық проблемаларды талдау орталығы): 4-19
13. Ю. Булуктаев, С. Дьяченко, Л. Кармазина (1998) Қазақстанның саяси партиялары: Анықтама (Алматы: ИПК): 77.
14. КСРО Халық депутаттарының съезі мен КСРО Жоғарғы Кеңесінің ведомостілері (1990) (Москва, № 42): 839
15. Н. Назарбаев (1996) ХХІ ғасыр табалдырығында (Алматы: «Өнер»): 170
16. Ғ. Телебаев, С. Коновалов (2001) Қазақстандағы партиялық құрылыс: бір партияның өктемдігінен көппартиялық жүйеге (Саясат, № 9): 68-74, А. Шоманов, Н. Мұстафаев (2002) Қазақстандағы партиялық құрылыс: тәжірибесі, жағдайы және келешегі (Analitic, № 4): 8-13; Е. Шауенов (2002) Саяси партиялар және Қазақстандағы партиялық үдерістің орнықтылығы (Analitic, № 4): 4-7
17. А. Перуашев (2002) Қазіргі замандағы Қазақстанның саяси партияларының институтталуы – Алматы (150-184)
18. Ю. Булуктаев (2012) Қазақстан Республикасындағы партиялық-саяси құрылыс (1991-2012жж.) 1 кітап. Көппартиялықтың қалыптасуы. 1990-шы жж. - Алматы: (55-89).

19. Ю. Булуктаев (2012) Қазақстан Республикасындағы партиялық-саяси құрылыс (1991-2012 жж.) 2 кітап. 21 ғасырдың басындағы саяси жүйенің трансформациясы - Алматы: (9-26).
20. Е. Сейілханов (2009) Қазақстан Республикасының саяси жүйесі: даму тәжірибесі және келешегі. – Алматы: (182-194)
21. «Интерфакс-Қазақстан» АА (05.07.07 жыл) Қазақстанның компартиясы Мәжіліс сайлауына қатыспайды, бірақ мәслихаттар сайлауына қатысады – съезд шешімі (Алматы)
22. С. Коновалов (2007) Партиялардың сайлауалды платформалары: дискурстық талдау әдістемесін қолдану тәжірибесі («Analytic» журналы № 4)
23. В. Саяпин (2015) «Ақпараттық дәуірде саяси билікті виртуалдау технологиялары» («Грамота» баспасы. № 8 (58): 3-бөлімде. I б. 159-166 бб): 160
24. В. McKenna (2016) Trudeau aims to 'open' Liberal Party, offer free membership - <https://www.theglobeandmail.com/news/politics/trudeau-pushing-to-transform-liberal-party-membership-rules/article29505140/>
25. W. Cross, A. Gauja (2014) Evolving membership strategies in Australian political parties (Australian Journal of Political Science, 49:4, 611-625, DOI:10.1080/10361146.2014.958979)
26. GOP: Republican National Committee – <https://gop.com/groups/>
27. Gauja (2014) Leadership selection in Australia. In J.B. Pilet and W. Cross, ed (The selection of party leaders in contemporary

- parliamentary democracies: A comparative study. Abingdon: Routledge)
- 28.S. Bannerman (2013) Crowdfunding Culture (Journal of Mobile Culture: c.7.) -<http://wi.mobilities.ca/crowdfunding-culture/>
 - 29.https://secure.gop.com/donate?utm_source=organic&utm_medium=web&utm_campaign=20171027__homepage-contribute_gop_rnc&utm_content=gop_home
 - 30.Democratic National Committee - <https://makecalls.democrats.org/>
 - 31.GOP: Republican National Committee -<https://www.gop.com/get-involved/volunteer/>
 - 32.Conservative Party - <https://www.conservatives.com/volunteer>
 - 33.Liberal Party of Canada - <https://www.liberal.ca/volunteer/>
 - 34.Labour Party - <https://events.labour.org.uk/>
 - 35.Democratic National Committee - <https://store.democrats.org/>
 - 36.A News portal «Datanami» - <https://www.datanami.com/2016/02/09/big-data-and-the-race-to-be-president/>
 - 37.TerraAmerica зерттеу тобы. «Батыстағы жаңа партиялар: демократия дағдарысы немесе саяси және сайлау жүйелерінің даму келешегі», 71.
 - 38.TerraAmerica «Батыстағы жаңа партиялар: демократия дағдарысы немесе саяси және сайлау жүйелерінің даму келешегі», 72.
 - 39.Фолловер – (ағылш. тіл. «tofollow» – ілесу) дәл мағына-

- сында, ілесуші. Термин кең айналымға «Twitter» әлеуметтік желісінің пайда болуымен кірді, онда фолловер – өзін қызықтырушылардың жаңа жазбаларын қадағалай алатын, біреудің аккаунтына жазылушы адам
40. Спам – (ағылш. тіл. «spam») – жарнамалық немесе басқа да сипаттағы корреспонденцияларды оларды алуға ықылас білдірмеген адамдарға жаппай тарату
41. А. Jirbandey (2015) Mailjet, Blogs - <https://www.mailjet.com/blog/news/how-email-marketing-shaped-modern-politics/>
42. GOP: Republican National Committee - <https://www.gop.com/get-involved/>
43. GOP: Republican National Committee - <https://www.gop.com/build-the-wall/>
44. Labour Party - <https://action.labour.org.uk/page/s/question-for-theresa-may>
45. Miller C. How Obama’s Internet Campaign Changed Politics // TheNewYorkTimes. 2008. November 7
46. Lofficial - <http://lofficiel.kz/blog/2017/10/23/64-kazahstancev-ispolzuyut-smartfon-pri-vyhode-v-internet/>
47. <https://www.alex.com>
48. <https://www.similarweb.com>
49. <http://www.ebizmba.com/articles/most-popular-websites>
50. «Лайкни.РУ» сайты – Facebook әлеуметтік желісі - <https://www.likeni.ru/tags/facebook>
51. «Brand Analytics» сайты – Әлеуметтік желілердің статистикасы - <https://branalytics.ru/statistics>
52. «Звезда» медиа тобының сайты. Трамп өзінің Twitterдегі аккаунтын кімнің жүргізетінін айтты - https://tvzvezda.ru/news/vstrane_i_mire/content/201801280559-4o9b.htm

Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты

Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты (ҚСЗИ) Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 16 маусымдағы Жарлығымен құрылған. 2014 жылдың сәуір айында Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен Институт Астана қаласына көшірілді. 2018 жылы Институт өзінің 25 жылдық мерейтойын атап өтті.

Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының құрылған күнінен бастап оның негізгі мақсаты – Қазақстан Республикасының ішкі және сыртқы саясатының стратегиялық аспектілерін аналитикалық қамтамасыз ету.

ҚСЗИ кәсіби ғылыми-талдау орталығы болып табылады. 2018 жылдың қорытындысына сәйкес Пенсильвания университетінің «Global Go To Think Tank Index Report» дүниежүзілік зерттеу және талдау орталықтарының негізгі рейтингі бойынша ҚСЗИ әлемнің 8162 «ақыл орталықтары» арасынан 142 орынды иемденіп, рейтингке кірген жалғыз қазақстандық «ақыл орталығы» болды (https://repository.upenn.edu/cgi/viewcontent.cgi?article=1017&context=think_tanks).

Қазіргі таңда институтта саясаттану, әлеуметтану, мемлекеттік басқару, тарих және экономика секілді салалардың танымал мамандары – ҚР ҰҒА бір корреспондент-мүшесі, тоғыз ғылым докторы, бес ғылым кандидаты, үш Ph.D. және он екі ғылым магистрлері қызмет атқарады. ҚСЗИ-дың Алматы қа-

ласында Өкілдігі бар және аймақтарда жаңадан өкілдіктер ашты.

ҚСЗИ өзінің 25 жылдық қызметі барысында институт халықаралық қатынастар, жаһандық және аймақтық қауіпсіздік мәселелері бойынша 300-ден астам кітап басып шығарды. Институтта үш журнал басылып шығарылады: «Қоғам және Дәуір» тоқсандық ғылыми-сараптамалық журналы (қазақ тілінде), «Казахстан-Спектр» тоқсандық ғылыми журналы (орыс тілінде) және «Central Asia's Affairs» тоқсандық сараптамалық журналы (ағылшын тілінде). Үш тілде жүргізіліп отыратын сайты, Facebook және Twitter әлеуметтік желілерінде өз парақшасы бар.

ҚСЗИ жыл сайын халықаралық ғылыми конференциялар, дөңгелек үстелдер, семинарлар, сарапшылар кездесулерін өткізіп тұрады. 2003 жылдан бері Институт Орталық Азия аймағының қауіпсіздігі мен тұрақтылығы мәселелеріне арналған 15 конференция өткізді. 2018 жылдың 15 маусымында Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы ҚСЗИ-нің 25 жылдығына арналған «Жаңғыртудың ұлттық стратегиялары: жетістіктері мен келешегі» атты мерейтойлық конференция өтті.

ҚСЗИ-дың ғылыми басқосуларына Қазақстан өңірлерінің және Орталық Азия елдерінің сарапшылары, сонымен қатар, АҚШ, Ауғанстан, Әзербайжан, Германия, Грузия, Жапония, Иран, Корея, Қытай, Моңғолия, Пәкістан, Ресей, Түркия, Үндістан, Ұлыбритания, Франция, Швеция және басқа да мемлекеттердің ғалымдары белсене қатысады.

ҚСЗИ көп жылдардан бері Қазақстанның жетекші жоғарғы

оқу орындарының студенттері, магистранттары мен докторанттары ғылыми- зерттеу, кәсіби және дипломалды тәжірибелер мен тағылымдамалардан өтетін алаң болып келеді.

Институтта қызметкерлердің кәсіби және ғылыми өсулері үшін барлық қажетті жағдайлар жасалған. 2017-2018 жылдары Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі ҚСЗИ үшін докторантура мен магистратураға мақсаттық гранттар бөлді. Қазіргі таңда ҚСЗИ Л.Н. Гумилёв атындағы Еуразия ұлттық университеті мен әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті базасында 6 магистрант және 10 Ph.D. докторант дайындап жатыр.

ҚСЗИ туралы толық ақпаратты төмендегі мекен-жайдан алуға болады:

Қазақстан Республикасы, 010000,

Нұр-Сұлтан, Бейбітшілік көшесі, 4

Тел.: +7 (7172) 75-20-20

Факс: +7 (7172) 75-20-21

E-mail: office@kisi.kz

www.kisi.kz, www.kaziss.kz

Казахстанский институт стратегических исследований при Президенте Республики Казахстан

Казахстанский институт стратегических исследований (KAZISS) при Президенте Республики Казахстан создан Указом Президента Республики Казахстан 16 июня 1993 года. В апреле 2014 года Указом Президента Республики Казахстан КИСИ был передислоцирован в город Астана. В 2018 году Институт отметил свой 25-летний юбилей.

С момента своего возникновения основной задачей Казахстанского института стратегических исследований при Президенте Республики Казахстан является прогнозно-аналитическое обеспечение стратегических аспектов внутренней и внешней политики Республики Казахстан.

КИСИ является профессиональным научно-аналитическим центром. По итогам 2018 года КИСИ стал единственным казахстанским «мозговым центром», вошедшим в основной рейтинг «Global Go To Think Tank Index Report» Пенсильванского университета, заняв 142 место среди 8162 мозговых центров мира (https://repository.upenn.edu/cgi/viewcontent.cgi?article=1017&context=think_tanks).

В настоящее время в институте работают один член-корреспондент НАН РК, девять докторов и пять кандидатов наук, три доктора Ph.D, двенадцать магистров – специалисты в области политологии, социологии, государственного управления, истории и экономики. КИСИ имеет Представительство в г. Алматы, а также открывает свои представительства в регионах.

За 25 лет деятельности институтом было издано более 300 книг по международным отношениям, проблемам глобальной и региональной безопасности. В КИСИ издаются три журнала: «Қоғам және Дәуір» (на казахском языке), «Казахстан-Спектр» (на русском языке), «Central Asia's Affairs» (на английском языке). Институт располагает собственным сайтом на трех языках: казахском, русском и английском, а также ведет аккаунты в социальных сетях Facebook и Twitter.

КИСИ ежегодно проводит международные научные конференции, семинары, круглые столы, экспертные встречи. С 2003 года проведено 15 Ежегодных конференций КИСИ по вопросам безопасности и стабильности в Центральной Азии. 15 июня 2018 года состоялась юбилейная конференция «Национальные стратегии модернизации: достижения и перспективы», посвященная 25-летию КИСИ при Президенте РК.

В научных форумах КИСИ принимают участие эксперты из Казахстана и стран Центральной Азии, а также ученые из Азербайджана, Афганистана, Великобритании, Германии, Грузии, Индии, Ирана, Китая, Республики Корея, Монголии, Пакистана, России, США, Турции, Франции, Швеции, Японии и др.

КИСИ является многолетней базой для прохождения научно-исследовательских, профессиональных, преддипломных практик и стажировок для студентов, магистрантов и докторантов высших учебных заведений страны.

В настоящее время в институте созданы необходимые условия для профессионального и научного роста сотрудников. В 2017 и 2018 годах Министерство образования и науки Респу-

блики Казахстан выделило для КИСИ целевые гранты в Ph.D докторантуру и магистратуру. На сегодняшний день КИСИ готовит на базе Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилёва и Казахского национального университета им. аль-Фараби – 6 магистрантов и 10 докторантов Ph.D.

Более подробную информацию о КИСИ можно получить по адресу:

Республика Казахстан, 010000

Нур-Султан, ул. Бейбітшілік, 4

Тел.: +7 (7172) 75-20-20

Факс: +7 (7172) 75-20-21

E-mail: office@kisi.

www.kisi.kz, www.kaziss.kz

The Kazakhstan Institute for Strategic Studies under the President of the Republic of Kazakhstan

The Kazakhstan Institute for Strategic Studies under the President of Kazakhstan (KAZISS) was established on June 16, 1993, by the Decree of the President of Kazakhstan. In April 2014, the President of Kazakhstan issued the Executive Order to relocate the KazISS to Astana. In 2018, the Institute celebrated its 25th anniversary.

Since its foundation, the mission of the KazISS has been the provision of forecast and analytical support of strategic perspectives of the domestic and foreign policies of Kazakhstan.

The KazISS is a professional think tank. At the end of 2018, KazISS became the only Kazakhstan's "think tank", which was included to the main rating of the "Global Go To Think Tank Index Report" of the University of Pennsylvania, occupying 142nd place among 8162 think tanks of the world (https://repository.upenn.edu/cgi/viewcontent.cgi?article=1017&context=think_tanks).

The KazISS employs a highly professional pool of experts; at present it includes two Corresponding Members of the National Academy of Science, one Corresponding Member of the Military Academy of Kazakhstan, nine Doctors of Science, five Candidates of Science, three PhDs and twelve Masters specializing in political science, sociology, public administration, history, and economics. The Institute has a representative office in Almaty and it is currently launching a number of branches in other regions of Kazakhstan. During the twenty-five years experience, the KazISS have published more than 300 books on international relations, global and

regional security. The Institute issues three journals: the Kogam zhane Dayir (in Kazakh), the Kazakhstan-Spectrum (in Russian) and the Central Asia's Affairs in English. The KazISS has a trilingual website (in Kazakh, Russian, and English) and manages the corporate accounts on Facebook and Twitter.

The KazISS holds a great number of international conferences, seminars and round-table discussions on the annual basis. Since 2003, the KazISS has held fifteen Annual Conferences on Security and Stability in Central Asia. On June 15, 2018 passed International Conference «National modernization strategies: Achievements and Prospects», dedicated to the 25th anniversary of the Kazakhstan Institute for Strategic Studies under the President of the Republic of Kazakhstan.

The KazISS forums are attended by reputable experts from Kazakhstan and Central Asia as well as from Azerbaijan, Afghanistan, China, France, Georgia, Germany, India, Iran, Japan, Korea, Mongolia, Pakistan, Russia, Sweden, Turkey, the UK, the USA and others.

For the long period the KazISS has been considered as the distinguished place for the research, professional and thesis internships of bachelor, master and Phd students from various universities.

Currently the Institute has created the necessary conditions for professional and scientific growth of employees. In 2017 and 2018 the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan allocated targeted grants to KazISS for master's and PhD programmes. Today KazISS provides for the teaching of 6 master's and 10 Ph.D. students at the L.N.Gumilyov Eurasian National University and Al-Farabi Kazakh National University.

For any further information, contact us:

4, Beybitshilik St.

Nur-Sultan, 010000

Republic of Kazakhstan

Tel: +7 (717) 75-20-20

E-mail: office@kisi.kz

www.kisi.kz, www.kaziss.kz

Монография

Қ.Ж. Асыллов

**ҚАЗІРГІ ЗАМАНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ
СЯСИ ПАРТИЯЛАРЫ**

Редактор-корректор
Бакирова Акмарал

Верстка: В. Глухов

Формат 60x90 1/16.
Бумага офсетная. Печать офсетная. Печ. л. 15,25.
Тираж 500 экз.

Казахстанский институт стратегических исследований
при Президенте Республики Казахстан
010000, Нур-Султан, ул. Бейбітшілік, 4

Изготовлено КФ "Кокшетау" ОО КОС
г. Кокшетау, ул. Канай Би, 37.